

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ғылыми журналы
Научный журнал Павлодарского государственного
университета им. С. Торайғырова**

*1997 жылы құрылған
Основан в 1997 г.*

İ Ì Ó
ÕÀÁÀÐØ ÛÑÛ

ÂÃÑÒÍ ÈÊ Ì ÑÓ

ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

Научный журнал Павлодарского государственного университета
им. С. Торайгырова

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации
№ 4533-Ж

выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан
31 декабря 2003 года

Арын Е.М., д.э.н., профессор. (главный редактор)
Сарбалаев Ж.Т., к.ф.н., доцент (зам. гл. редактора);
Демесинова Г.Х., к.ф.н., доцент (отв. секретарь);

Редакционная коллегия:

Еспенбетов А.С., д.ф.н., профессор;
Жусип К.П., д.ф.н., профессор;
Кеңжебалина Г.Н., к.ф.н., доцент;
Нургалиев Р.Н., д.ф.н., профессор;
Хасанулы Б., д.ф.н., профессор;
Сейтахметова Г.Н. (тех.редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.
Рукописи и диски не возвращаются.
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна.

МАЗМҰНЫ**Л. Ж. Ағаділова**

Тәжімалаушының аудармалық іс-әрекетінде пайдаланылатын коммуникативтік стратегия лары9

А.С. Ақтанова

М.О.Әуезов әңгімелерінің эстетикалық қуаты14

Л.П. Ақтанова

Мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлеріндегі стилистикалық жаттығулардың сипаты.....19

Л.П. Ақтанова

Мәтіндермен жұмыс жүргізудің әдістемесі.....25

Ә.О. Арғынбекова

Араб деректеріндегі Мәжнүн образы31

И.А. Балык

Грамматикалы үйретудегі комикстер рөлі.....37

Б. Досжанов

Антропонимжасамдық тұлғалардың дыбыстық өзгерістер арқылы тілде орнығу жолдары.....41

Б. Досжанов

Қазақ тіліндегі түбір сипатты антропонимжасамдық формаларға тән белгілер.....46

Р.Р. Жаева

Аймақтық баспасөздің тақырыптық конструкцияларындағы прецеденттік мәтіндер («Ертіс өңірінің жұлдызы» газетінің үлгісінде)50

Ж.Р. Жақанова

Портрет және кейіпкердің ішкі әлемі55

Г.У. Ибраев

Көркем әдебиеттегі арго қолдануының функционалдық ерекшелектері.....62

С.М. Қуанышева

Пиджин тілінің пайда болуы- мәдени экспансияның салдары іспетті68

М.С. Құлахметова

Іштей сөйлеу когнитивтік процестердің ең маңызды компоненті ретінде.....74

Т.К.Маняпова

Интермәтіннің жүйе қалыптастырушы негіздері78

З.С. Машрапова

Өлемдік бейнедегі концепт – таным категориясының негізі84

А.Н. Мұратова

Дыбыстық тілдің көмекші құралдары89

В.Д. Нарожная

Киімді безендіру заттарының семиотикалық статусы96

Ө. Оралбаев

Дала поэзиясының тарихи қайнарлары105

Ө. Оралбаев

Даланың самалы аңқыған жырлар109

Т.Қ. Сайбирова	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі кісі есімдерінің ұлттық ерекшеліктері мен ұқсастықтары	113
Г.О. Сыздықова	
Валенттілік теориясындағы актант ұғымы туралы.....	119
Г.О. Сыздықова	
Сөз мағынасы мен тіркесімділігінің арақатынасы	125
А.О. Тоқсамбаева	
Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығындағы ұлттық болмыс-бітім.....	130
А. Үсенова	
Қазақ өлең құрылымдық жүйесіндегі Қасым Аманжолов пен Сырбай Мәуленов дәстүрі.....	137
И.М. Ушаков	
Ағылшын тіліндегі аббревиатуралар мен қысқартулардың сөз жасаушы үлгілері	145
И.М. Ушаков	
Орыс тілінде шетел қысқартуларды беру	152
Б. Хасен	
Тіл біліміндегі экспрессивтіліктің кейбір мәселелері.....	159
М.Қ. Шәріпова	
«Аттың түсі» ЛСТ мысалында «Қара - ақ» бинарлық оппозициясындағы қазақ және орыс халқының өлем танымы.....	167
Қ.М. Қалиева	
Қ.Аманжолов дәстүрін жалғастырушы ақындар поэзиясындағы бейнелі сөз үлгілері	173
Біздің авторлар	174
Авторлар үшін ереже.....	176

СОДЕРЖАНИЕ

Л.Ж. Агадилова Коммуникативные стратегии переводчика в процессе трансляционной деятельности.....	9
А.С. Актанова Эстетические мировоззрения в рассказах М.О. Ауезова	14
Л.П. Актанова Особенности стилистических видов упражнения с текстами	19
Л.П. Актанова Методика работы с текстами	25
А.О. Аргынбекова Образ Меджнуна в арабских источниках	31
И.А. Балык Обучение грамматике с помощью комиксов	37
Б. Досжанов Пути установления языка с помощью изменений звуков антропонимических личностей	41
Б. Досжанов Характерные признаки корневой системы в казахском языке для антропонимических форм	46
Р.Р. Жаева Прецедентные тексты в заголовочных конструкциях региональной прессы (на примере газеты «Звезда Прииртышья)	50
Ж.Р. Жаканова Портрет и внутренний мир героя	55
Г.У. Ибраев Функциональные особенности арготической лексики в художественной литературе	62
С.М. Куанышева Возникновение пиджин - языка как следствия культурной экспансии.....	68
М.С. Кулахметова Внутренняя речь как важнейший компонент когнитивных процессов.....	74
Т.К. Маняпова Системообразующие основания интертекстуальности	78
З.С. Машрапова Основы концептуально-познавательной категории в картине мира	84
А.Н. Муратова Вспомогательные средства звукового языка	89
В.Д. Нарожная Семиотический статус предметов украшения одежды	96
О. Оралбаев Исторические источники степной поэзии	105
О. Оралбаев Жыры, пропитанные степным веянием	109

ВВЕДЕНИЕ

Т.К. Сайбирова

Национальные особенности и сходства имен
в казахском и английском языках 113

Г.О. Сыздыкова

О понятии актант в теории валентности 119

Г.О. Сыздыкова

Взаимосвязь значения слов и словосочетания 125

А.О. Токсамбаева

Национальные особенности в произведениях
Машхур- Жусуп Копеева 130

А. Усенова

Традиции строения стиха Касыма Аманжолова
и Сырбая Мауленова в современной казахской поэзии 137

И.М. Ушаков

Словообразовательные модели аббревиатур и сокращений
в английском языке 145

И.М. Ушаков

Передача иностранных сокращений на русском языке 152

Б. Хасен

Некоторые проблемы экспрессивности в языкознании 159

М.К. Шарипова

Миропонимание казахского и русского народов в цветообозначении
бинарной оппозиции «Черное - белое»
на примере ЛСГ «Масти лошади» 167

К.М. Калиева

Примеры языковых средств в творчестве поэтов - последователей
традиций К.Аманжолова 173

Наши авторы 174

Правила для авторов 176

CONTENT

L. Zh. Agadiiova	
Communicative strategy of the interpreter in the process of translation.....	9
A. S. Aktanova	
Aesthetic particularities in stories by M.O. Auezov	14
L.P. Actanova	
Features of stylistic kinds of exercise with texts	19
L.P. Actanova	
Technique of work with texts.....	25
A.O. Argynbekova	
Image of Medzhnun in Arabic sources	31
I.A. Balyk	
Teaching Grammar through Comics and Cartoons	37
B. Doszhanov	
The ways of setting the language by means of change the sounds of the anthroponymic personalities.....	41
B. Doszhanov	
The characteristic features of the root system in the Kazakh language for the anthroponymic forms.....	46
R.R. Zhayeva	
Precedent texts in the title constructions of regional press on example of newspaper (Star of Irthysh region)	50
Zh.R. Zhakanova	
The portrait and the inside world of the character	55
G.U. Ibrayev	
The function features of lexical argo in the literary	62
S.M. Kuanysheva	
Pigeon-language appearance as the consequence of the cultural expansion ...	68
M.S. Kulakhmetova	
The inner speech as the component of the cognitive process	74
T. K. Manyanova	
The properties and system units of intertexture	78
Z.S. Mashrapova	
The basics of the conceptual-cognitive category in the world picture	84
A.N. Muratova	
Auxiliary means of the sound language	89
V.D. Narozhnaya	
The semiotic status of dress's adornments	96
O. Oralbayev	
Historic sources of the steppe poetry	105
O. Oralbayev	
Zhyry saturated with the steppe trend	109
T. K. Saibirova	
Traditional resemblance and difference of human names in Kazakh and English languages	113

G.O. Syzdycova	
About concept an actant in the valency theory.....	119
G.O. Syzdycova	
Interrelation of a word meaning and word-combination.....	125
A. O.Toksambaeva	
National particularities in compositions by Mashhur- Zhusup Kopeev	130
A.Ussenova	
Traditions of a structure of verses of K. Amanzholov and S. Maulenov in modern Kazakh poetry.....	137
I.M. Ushakov	
Word-building models of abbreviations in english language	145
I.M. Ushakov	
Transferring of foreign abbreviations to russian language	152
B. Khassen	
Some problems of the expressiveness in the science of language.....	159
M.K. Sharinova	
The article deals with contemplation of kazakh and Russian people in colour designation of binary opposition «Black- white» on the example of LSG «Colours of horses».....	167
K.M. Kaliyeva	
The examples of the linguistic means in the creative activity of the poets- followers of the traditions of K. Amanzholov.....	173
Our authors.....	174
Rules for authors	176

КОММУНИКАТИВНЫЕ СТРАТЕГИИ ПЕРЕВОДЧИКА В ПРОЦЕССЕ ТРАНСЛЯЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Л.Ж. Агадилова

*Семипалатинский государственный университет им. Шакарима,
г. Семипалатинск*

Профессионализм переводчика зависит, в первую очередь, от его умений и навыков, языковых способностей, компетентности в своем деле, владения технологией перевода. Под технологией перевода нами понимаются вслед за А.Д.Швейцаром, совокупность процедур, обеспечивающих адекватное воспроизведение оригинала, включая модификации, необходимые для успешного преодоления культурного барьера, знание норм языка перевода; знание норм данного стиля и жанра текста: определенный минимум «фоновых знаний», необходимых для адекватной интерпретации исходного текста и в частности того, что называется «знанием предмета», необходимым для успешного перевода в рамках специализации переводчика.

Перевод- это деятельность, поэтому, как и всякая другая деятельность характеризуется выполнением в процессе языковой, текстовой и речемыслительный деятельности рода действий, таких, как осмысление и интерпретация исходного текста, его распредмечивание, объяснение и интерпретация его, опредмечивание результатов переводческого труда на языке перевода, адаптация его к культурной форме иного лингвокультурного сообщества, распредмечивание и опредмеченного на втором языке продукта переводческой деятельности в речемыслительной деятельности получателя текста [1].

Кроме того, перевод характеризуется также выполнением и ряда других действий, когда переводческие процессы связанны с:

- а) используемыми знаниями;
- б) способом представления этих знаний в нашем разуме, или, вернее, в памяти;
- в) процессами, позволяющими активировать самые подходящие знания из всех, имеющихся в нашем распоряжении, на базе полученной извне информации;
- г) процессами, которые привели к решению проблемы [2].

К речевым действиям переводчика относится и моделирование различного стратегий, таких, как: коммуникативная, экспрессивная стратегии, стратегия смысла, стратегия формы и т.д. Стратегия понимается нами как речевое действие, направленное на построение интерпретивной схемы, моделирование цепи речевых действий, направленных на последовательную

реализацию интенций переводчика. При этом переводчик выбирает тип действий и способ его осуществления. М.Макаров стратегии обозначает термином «интерпретативные схемы». По его мысли, интерпретативные схемы помогают формировать интенции и мнения (конечно, обусловленные контекстом), направляющие действия людей. Интерпретативные схемы, позволяя осмыслить ситуации, способствуют выработке альтернативных способов осуществления этих действий и реализации интенций. Говорящий выбирает тип действия, это называется стратегией» [3].

На наш взгляд, стратегии следует понимать как совокупность речевых действий, направленных на реализацию целей автора. И в этом случае под коммуникативной стратегией будем понимать план оптимальной реализации коммуникативных намерений, учитывающий объективные и субъективные факторы и условия, в которых протекает акт коммуникации и которые в свою очередь обуславливают не только внешнюю и внутреннюю структуру текста, но и использование определенных языковых средств.

Суть коммуникативной стратегии переводчика в процессе переводческой деятельности заключается в том, чтобы понять намерения, автора в процессе перевода как межкультурной коммуникации между автором текста и переводчиком на первом этапе осуществления переводческих действий.

Коммуникативные стратегии реализуются в процессе трех основных этапов межкультурной коммуникации, реализующихся в процессе переводческой деятельности. Согласно трехфазной модели перевода О.Каде, в процессе перевода имеет место двуязычная коммуникация. На протяжении трех фаз ее актуализации достигается взаимопонимание, по мысли О.Каде, возможно в случае реализации функций перевода, когда текст на $Я_1$ превращается в текст на $Я_2$. Функция перевода требует: а) декодирования текста на $Я_1$ с целью перекодирования; б) перекодирования, то есть меня когда в узком смысле (подстановка знаков $Я_2$. Эти задачи решаются переводчиком Т (Translator) который выступает в качестве промежуточного звена между О и П в двуязычной коммуникации. По отношению к конечному адресату П- косвенным отправителем О [4].

Как указывает О.Каде, предпосылкой для функционирования переводчика в качестве О является его функционирование в качестве перекодирующего звена ПЗ. Именно в этом качестве переводчик осуществляет переход от знаков одного языка к знакам другого языка, точнее заменяет знаки $Я_1$, знаками $Я_2$. Выполнение этой функции переводчиком Т зависит от его действий в качестве получателя П.

Такая двуязычная коммуникация включает в себя три фразы:

1. коммуникация между О и Т. Переводчик Т выступает в качестве получателя П сообщения на $Я_1$;

2. Мена кода Я₁ на Я₂, осуществляема Т (выступающим в качестве ИЗ).

3. Коммуникация стратегия, осуществляемая переводчиком на протяжении трех фраз коммуникации, имеет цель - довести до читателя интенции автора.

Автор текста стремится довести до читателей информацию, которую можно разбить на несколько подтипов: 1) фактуальная информация (сведения о фактах, событиях); 2) концептуальная информация (сведения о мировоззрении автора, его миропонимании, точке зрения); подтекстовая информация, т.е. та информация, которая извлекается переводчиком из смысла сказанного и не высказанного автором в ситуации коммуникативного акта; 4) информацию эстетического характера. Для того, чтобы понять интенции автора и довести их до читателя переводчик на первом этапе межкультурной коммуникации моделирует коммуникативную стратегию. В этом случае в модель коммуникативной стратегии входят следующие речевые действия: а) распредмечивание и перекодирование исходного текста; б) понимание и осмысление текста; 3) интерпретация текста; 4) перекодирование текста на Я₂; 5) опредмечивание текста на Я₂; 6) подготовка его к восприятию и осмыслению получателем-носителем языка перевода; 7) воспроизведение текста оригинала на языке перевода.

Суть речевой операции распредмечивания и декодирования знаков Я₁, опредмеченные в авторском тексте и сохраняющие в себе следы деятельности автора как превращенная форма жизнедеятельности автора в «живые знаки», функционирующие в речемыслительной деятельности переводчика.

Процессы распредмечивания и опредмечивания был описан К.Марксом, который говорил, что согласно закону диалектики всякая человеческая деятельность включает в себя, прежде всего, процесс превращения свойств субъекта деятельности, выступающих в виде характеристик его способа действия, его движения и жизни, в свойства, объекта деятельности, о характеристики, которые передаются человеком предмету и получают новую форму существования, неделимую от своего предмета-носителя. Это процесс опредмечивания, когда «труд осуществлен» в предмете, а предмет в форме деятельности». Продукт труда может быть присвоен, потреблен как какой-либо дар природы, совершенно безотносительно и с полным безразличием к тому, что предмет потребления является результатом труда человека. Но продукт труда может быть присвоен таким способом, когда он выступает именно как опредмеченный труд, как предметная форма деятельностных способностей человека. Прошлый труд, угасший в продукте и превратившийся в покоящееся свойство, возрождается к новой жизни и вновь переходит в форму деятельности человека. Это процесс распредмечивания [5].

При понимании и осмыслении исходного текста переводчик опирается на дополнительную стратегию - смысла, под которой понимается техника перевода, ориентированная на максимально адекватную передачу смысла.

Переводчик, следующий принципам стратегии смысла, сознательно устраняет все препятствия на пути понимания текста и жертвует, таким образом, теми особенностями его формы, которые могут вызвать затруднения пониманию, это не означает, что в переводе такого типа не сохраняется никаких индивидуальных языковых особенностей оригинала. Все, что оказывается переводимым в рамках действующих норм без ущерба для понимания мысли автора, сохраняется в переводе. Поскольку в переводе такого типа малоопытные места (как места, тормозящие восприятия содержания) сознательно устраняются, результат представляет собой текст, выполненный в традициях covert translation [6].

Стратегию смысла можно реализовать при осмыслении текста, понимании его и внимании в смысл слов текста. Так, перевод прозы А.Платонова на немецкий язык вызывает затруднения, так как при переводе теряется часть смысла слова, в особенности коннотативное значение слова. В итоге получается обеднение смысла, первоначально вложенного автором в слово, например у Платонова есть такая фраза:

В следующие годы Захар Павлович все более приходил в упадок.

Вообще говоря, о человеке нельзя сказать, что он приходит в упадок, и в платоновской фразе закономерно возникает следующий побочный, наведенный смысл: как будто человек был учреждением, отдельным населенным пунктом, целым государством, существующим где-то культуры, или, как сказано в его тексте, па опушке провинциального города.

В немецком переводе происходит обеднение смысла: In den folgenden Jahren verfiel Sachar Pawlowitsch imraer mech. [veriaJlen | разрушаться, приходиться в упадок (о постройке); 2) слабость, терять силы (о больном) ...

Тут есть хоть намек на сохранение двух значений. Другой пример:

2) чтобы не умереть одному, он завел себе невеселую подругу - жену Дарью Степанову.

О **жене** по-русски нельзя сказать завел себе: получается, как будто герой завел себе собаку, котенка или черепаху, только чтобы не быть в одиночестве. Но в немецком еще изменяется и сам порядок действий, вместо «жены», только как грамматического приложения к «подруге», первая выходит на первый план:

Л Um nicht einsam zu sterben nahm er Darja Stepanovna zur Frau und hatte nun eine misslaunige Frcundin.

Немецкая коллокация jmdn.zur Frau nehmen означает просто «взять в жены кого-л.»: в этом переводе дополнительный смысл, содержащийся в русском завел себе, не сохранен:

Стратегия понимания и осмысления текста требует, чтобы переводчик говорил на Я₁ так как чтобы понимать друг друга люди должны пользоваться общим языком, в лексико-семантической системе которого каждое слово (означающее) получает осмысленность (означаемое) только в связи с другими

элементами этой системы, закрепленной в качестве средства общения за определенным социумом. Кроме знания языка для понимания текста необходимо располагать целостным видением единой системой представлений и понятий в рамках культуры носителей исходного языка. В значении слова, в телах знаков заложены ментальные образы, понятия, знания об особенностях культуры того или иного народа, его мировидении, ценностных ориентациях и т.д. Совокупность языковых знаков данного языка служит концептуальной основой языковой картины мира того или иного народа, поэтому через осмысление значения какого-либо слова можно получить представление о фрагментах картины мира народа, об общественных представлениях о предмете мысли. Для понимания смысла сказанного слова или текста необходимо рассмотреть их в контексте культуры данного народа. Именно поэтому А.А. Потемкин считал, что для понимания смысла сказанного необходимо знать ближайшее значение слова обеспечивает понимание данного языкового коллектива, а дальнейшее значение слова актуализируется в рамках широкого общественного контекста [7].

Перекодирование текста на $Я_2$ - это речевая операция, когда содержание исходного текста оформляется при помощи знаков второго языкового кода. В процессе репродуктивной деятельности переводчик опредмечивает текст на $Я_2$, преобразуя его в превращенную форму своей деятельности. И этот текст на $Я_2$ содержит в себе следы деятельности самого переводчика, дает представление о его компетентности, языковых способностях, навыках, умениях.

В ходе реализаций коммуникативной стратегии переводчик акцентирует внимание на такой речевой операции, как подготовка текста к восприятию и осмыслению получателем, носителем $Я_2$. И этот важный момент в переводческой деятельности, так как получатель переводного текста может не понять переведенный текст, если он не будет ориентирован на нормы языка и культуры получателя. Переводимый текст следует адаптировать, а для этого надо преодолеть барьеры восприятий (известно, что представители различных лингвокультурных сообществ имеют категории «своего восприятия»), барьеры в рамках культурологической константы «свой- чужой» барьер культурных стандартов, языковой барьер (надо не только владеть языком, но знать тонкости его употребления, использования в различных ситуациях). Поэтому задачей переводчика является воспроизведение такого текста, который был бы понят носителем другого языка. В связи с этим переводчик должен использовать методы лексической и грамматической трансформации текста, способы интерлинейного и прагматического перевода, филологического комментирования непонятных слов и др.

Таким образом, коммуникативная стратегия, направленная на реализацию намерений автора через последующее звено транслятора, успешно осуществляется при реализации всех речевых операций ее составляющих. И в этом случае иллюкативная цель взаимопонимание будет достигнута.

ЛИТЕРАТУРА

1. Абишева К.М. Основы теории и практики перевода. - Астана, 2008. - С.47.
2. Giusberti F. Forme del pensare Immagini della mente. - Torino: Bollati Boringhieri, 1995. - С.103.
3. Макаров М.Л. Основы теории дискурса. - М.: ИТДГК «Глобус», 2003. - С.54.
4. Каде О. Проблемы перевода в свете теории коммуникации // Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. - М.: Международные отношения, 1978. - С.74.
5. Маркс К. Энгельс Ф. Избранные произведения. - М., 1963. - С. 88.
6. Reib K. Grundfragen der Übersetzungswissenschaft: Wiener Vorlesungen. Hrsg. r. M. Snell-Hornby und Kadric. - Wien, 1995. - 280с.
7. Потенция А.А. Общее и индоевропейское языкознание // общее и индоевропейское языкознание. - М., 1965. - С. 46

Түйіндемe

Мақалада тәжімалаушының аудармалық іс-әрекетінде пайдаланылатын коммуникативтік стратегияның құрылымдары қарастырылады.

Resume

The paper examines the structures of communicative strategy of the interpreter in the process of translation.

ӨӘЖ 882.(15.1).212.2

М.О.ӘУЕЗОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚУАТЫ**А.С. Ақтанова**

Семей мемлекеттік педагогикалық институты, Семей қ.

Әлемдік өркениет пен мәдениеттің өркендеуінде ерекше танылатын талантпен, дара тұлғасымен, ұланғайыр білімімен өз қолтаңбасын қалдыратын қалам қайраткерлерінің әдеби процестің дамуында өз үлестерін қосып отырады.

Қазақ әдебиетіндегі осындай биік, тұғырлы орында тұратын әлемдік дәрежедегі дарын иесі-Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

Қазақ әдебиеті тарихындағы даралық бітім-болмысы, ұлттық бейнесі айқын дарын иесі М.О. Әуезов шығармашылығын зерттеу барысында оның туындыларының эстетикалық қуатын, көркемдік ерекшелігін, кейіпкер сомдаудағы сөз өнерін терең меңгерген ерекше дарындылығын, әдебиет

тарихындағы орын айқындаған ғылыми еңбектердің көп екенін байқадық. Десек те, дархан дарын тудырған мол мұраның әлі де зерттеу нысанына айналдыруға болатын тұстары бар.

Бұл туралы Р. Нұрғалидың : «М.Әуезов - шығармалары - ұлттық шеңберден көтеріліп, әлемдік мәдениеттің қымбат қазынасына толымды қор болып қосылған ұлы суреткер. Сондықтан бүгінгі таңда оның шығармашылығы туралы туған жекелеген байсалды еңбектерге қарамастан, оның мұрасы әлі ұзақ уақыт жан-жақты, сан алуан, әр бағыттағы зерттеулердің объектісі болуы қажет. Қазақ әсемдік ойы тарихында ерекше құбылыс М. Әуезов туындылары идеалық-көркемдік, образдық, жанрлық ретпен де, ізденіс өрістері, қаламгерлік эволюция тұрғысынан да ақтара қарап, саралауды талап етеді» -деген [1,431] оймен қосыла отырып оның шығармашылығындағы ерекше эстетикалық даралығын талдау қазіргі әуезовтанудың бір бағыты болады демекпіз.

М. Әуезов шығармашылығын ой өзегінен өткізіп саралай келе оның ерекше қасиеттерінің бірі ұлттық өрнекпен әшекейленген, ұлттық болмысында. Әр жазушы өзінің эстетикалық идеяларын кейіпкер, яғни қаһарман арқылы көрсетеді. М.Әуезов шығармаларындағы эстетикалық идеал бейнелердің бір тобы әйелдер образдарымен астасады. Жазушының ең алғаш баспасөз бетіне шыққан публицистикалық «Адамның негізі – әйел» мақаласы болды. Осы мақаласынан –ақ болашақ жазушының әйелдер бейнесіне байланысты өзіндік дара эстетикалық идеясы айқындалған. Рас, ХХ ғ. 20 жылдары бұл тақырып пен идеяны арқау еткен шығармалар көптеп дүниеге келді. Мәселен М. Жұмабаевтың, М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың, С.Торайғыровтың және т.б. көптеген ақын-жазушылар шығармаларында әйел теңсіздігі мен бостандығы туралы мәселелер көтерілді. Олардың барлығының тақырыбы бір болғанымен автор позициясы мен идея ашу тәсілдері басқаша М.Әуезов таңдаған идея ашу жолы жазушы жан дүниесі мен өмірге деген философиялық көзқарасында және сол қарапайым қазақ әйелінің басындағы ауыр тағдыры өз болмысымен, санасымен сезінуінде.Себебі, әр жазушы өзі сомдап отырған бейненің басынан кешірген сәттерді өз ақыл-ойынан өткізіп, жүрегінде саралайды. «Адамның – негізі әйел» мақаласынан басталған М.Әуезов жазған әйелдер бейнесі нәзік те, сезімтал, асқақ та, тәкәппар, ақылды да дана болып келеді.

М.Әуезов қазақ әйелдерінің тағдырына арнаған мақаласында әйел басындағы ауыр хал-жағдайды тек қалыңмал қырсығынан іздемейді, ол биік адамгершілік мәселесін көтеріп: «Өмірде әділет, мархабат, махаббат деген нәрсенің атын естімеген ананың жүреkteгі уәжі мен отбасынан, ғайбат өсектен аспаған, анадан ақ жүрек, адал ниетті, қамқор тууы мүмкін бе?»-дейді. Сондай-ақ,әйел адамның басындағы қайғылы қалың тұманнан айығу жолын: « Әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылдықтың бақытты күні күліп

қарамайды, ал қазақ мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңнен түзе! Оны түзеймін десен, оның халін түзе»-деп айқын көрсетеді.

Автор идеясының сомдаған образдармен байланысты келіп оның жеке танымдық санасына байланысты екенін көптеген зерттеушілер айтқан. М.Әуезов шығармаларындағы эстетикалық даралық жазушы дүниетанымындағы асқақтықпен астасып келеді. Жазушы өз әңгімелері арқылы авторлық идеясын,өзінің кейіпкерлеріне деген көзқарасын білдіреді. Автор позициясы оның эстетикалық позициясы да болып табылады. «Автор шығармашылық процесс кезінде ой қиялына орныққан идеяны жанды тіршілік, адам образы немесе соған тең келерлік символдық бейнелер арқылы шығармашылық арманындағы биік эстетикалық идеалын танытатын көркем туынды тудырғаны ақиқат» [2, 489] Десек те, автор позициясы мен идеясы туралы айқанда сол автордың өз заманы қоғамы, тарихи-әлеуметтік ортасының да әсері болатынын ұмытпау керек. М.О. Әуезовтің шығармашылығына қатысты, өмірі мен өскен ортасына байланысты айтылған ғылыми зерттеулер баршылық. Кейбір ғалымдар шығармаға арқау болатын адамдар протативі туралы да кең зерттеулер жүргізді. Рас, жазушы М.О. Әуезов өмірі мен шығармашылығы көптеген адамдарды қызықтырады. Дегенмен жазушы фантазиясын да, ұмытпау керек.

Көркем шығарма өмірдің тура көшірмесі бола алмайды. Тарихи, белгілі деген оқиғаларға байланысты шығармалардың өзінде тарихи кейіпкерлер мен ойдан шығарылған бейнелердің бір-бірімен қарым-қатынасы ең алдымен жазушы дүниетанымы мен қиялына оқиғалардың өтуі мен тарихи уақыттың сай келмеуі осының айғағы. Мысалы, «Абай жолы» романында М.Әуезов өзінің бас қаһарманы Абай бейнесін биікке көтеру мақсатында өзінің субъективті ой-танымына ерік беріп, тарихи оқиғалардың уақытын жылжытқан.

Бір қарағанда бір-біріне мазмұны мен идеясы ұқсамайтын туындылардың өзінен ортақ авторлық позицияны айқындауға болады. Автор позициясы жазушының жеке-дара стильдік қолтаңбасын айқындайды. Мәселен, М.О. Әуезовтің алғашқы әңгімелері «Қорғансыздың күні», «Көксерек», «Жетім», «Барымта», «Қаралы сұлудан» көрінетін ортақтық адамның адамгершілігі, асқақтығы және оған қарама-қарсы керісінше құлдаушылыққа ұрынып, қатыгездік әрекеттер істеуіндегі ортақтық арқылы туатын трагедиялық ситуациялар легі де белгілі бір дәрежеде автордың жалпы ой-танымының, өміріне деген көзқарасының бір қырын көрсетеді. М.О. Әуезов әңгімелеріндегі ең басты идеялық ортақтық адам жанының ізгілігі мен жоғары саналы адамгершілік мәселесінің көтерілуінде.

Бір жазушының әр түрлі шығармаларындағы осындай ортақтық авторлық «меннің» рухани ерекшелігінде. «Адам жанының инженері» жазушы үшін таңдалған тақырып пен көтерген идеясы оның эстетикалық шығармашылық жолын таңдатып қоймай, көркемдік әлемдегі өзіндік даралығын да айқындамақ. Жалпы автор деген сөздің әдебиеттануда екі түрлі мағынасы

бар. Бірі – көркем шығармадан тыс өмір суретін шығармашылық тұлға болса, екінші мағынасы – мәтеншілік көркем бейнеге айналған тұлға.

М.О.Әуезовтің дара эстетикалық танымын көрсететін, өзіндік ой пікірін білдіретін кейіпкерлер мен қаһармандар көптеп кездеседі. Сондай-ақ, бұл бейнелер тек адам образы емес, аң бейнесінде де келіп өзіндік бітім-болмысын айқындайды. «Көксерек» әңгімесіндегі қасқыр көзімен көрінетін суреттер арқылы автор өзінің табиғатқа деген көзқарасын, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасқа байланысты эстетикалық ойларын білдіреді. Көркем әңгімедегі Көксерек өз оқырманының алдында дара бітім-болмысымен, өзіндік ерекше сипатымен қалыптасқан бейне, қаһарман.

Себебі, автор әңгімедегі негізгі кейіпкер ретінде оқиғаның барлығын Көксерек маңайына жинайды. Сондықтан әңгімедегі бас кейіпкер Көксерек тұз тағысы болса да, өзіндік ерекше психологиясы бар кейіпкер ретінде есте қалады. Мысалы, «Бірақ Көксерек әлі күне ешбір уақытта «қаңқ» етіп, ауырсынған дыбысын шығарған емес. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жүні үрпиіп, үдірейіп тұрып алады. Тісі батып, қинап бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады» «езуін ыржитады» деген шағын деталь-бейне арқылы автор болашақ көкжалдың қайсарлығы мен жүрегінің қайратын танытады. Оның мінезіндегі қасқырға тән озбырлық пен шыдамдылық, ашқарақтық, қатыгездік сипаттардың ашылуы адамдар әрекетімен байланыста алынған.

Егер адамдар көк күшікті «түтқын қылып» әкеліп «ауыл тұрғынына» айналдыруға тырыспаса, Құрмаш жазықсыз құрбан болмас еді деген идея Көксеректің әрбір қатыгез, аяусыз әрекеттері арқылы ашыла түседі. «Көксерек» әңгімесінің қазақ әдебиетіндегі жауһар туындыға айналуының өзі осынау идеялық – эстетикалық талғам мен шеберліктің астасуынан келіп шығады.

М.О. Әуезов сомдаған бейнелердің кез келгенін алып қарасақ та автордың эстетикалық қарым-қабілетінің биіктігін байқаймыз. «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі Ғазиза бейнесінің оқырман жүрегімен мәңгіге орын алуы да жазушы шеберлігімен астаса өрілген эстетикалық қуатында. Ғазиза бейнесі аса сұлу да, керемет өжет те емес. Бірақ ол өзінің қарапайым бейнесімен ерекшеленеді. «Ол – сыпайы, нәзік болып өскен Ғазиза: жіңішке сұңғақ бойлы, аз ғана секпілі бар, дөңгелек ақсұр жүзді Ғазиза. Көрген көзге алғашқы жерден-ақ сүйкімділігін сездіретін уыз жас. Жалғыз-ақ ұяң, жұмсақ қарайтын қара көзінде және ылғи шығынған, кірбеңдеген қабағында қалың уайымның салған ізі бар. Пішіні – мұңды, жүдеу. Жас басына орнаған қайғы, жүрегін жеген дерт сыртына шығып тұр», деп автор кейіпкер портретімен қоса психологиялық жай күйінің хабар береді. «Уыз жас» «ұяң, жұмсақ қарайтын қара көз» деген сөз тіркестері арқылы мінезінің жұмсақтығын, әрі мінезіндегі жасқаншықты көрсетеді. Автордың осы үзіндісінің өзінше-ақ, өзінің кейіпкеріне деген жүрек жылылығын байқаймыз. Әсіресе әңгіме соңындағы: «Балалық жүзінде «Менде жазық жоқ, мен тозамын» деген ашық тазалықтың белгісі, қайғы-қасіреттен

сейілген жас баланың ажары бар» деген жолдардан автордың өз кейіпкерін асқақтата түсуге ұмтылған эстетикалық идеясын анық аңғарамыз.

Адам өмірінде эстетикалық категориялдың асқақтық, әдемілігімен қоса, құлдыраушылық, адам жанының азғындануы да жүреді. М.О. Әуезов қаламынан шыққан әңгімелерде мұндай кейіпкерлер де өз бітім – болмысымен, өзіндік дара келбетімен көрінеді. «Оқыған азаматтағы» Қадиша мен Жұмағұл және олардың әке-шешелерінің қара басының қамы, өз тіршіліктері үшін ғана жетім кемпір мен жас бала Жамиланы құрбанға шалып, мақсаттарына жетуі жиіркенішті түрде берілген. Олардың бір-бірімен сөйлесу кезіндегі бет мимикасының құбылуы, көздеріндегі арамдықтан жытылдаған оттары – барлығы кейіпкер психологиясынан хабар берді. Авторға сөз берсек:

«Шаруа жанындағы кейбір жұмыстарға келгенде, бірін-бірі жалғыз ғана емеурінмен де ұғысатын болды. Бұларды біріне-бірі соншалық тез жақындастырып жіберген себеп не? Ол – қазіргі бұлардың алдында тұрған үлкен мәселесі ғой. Соған келгенде, бәрінің де мінезі, ісі түгелімен бір жерден шыққандығында. Малды сүйген қомағайлыққа, сараңдыққа, қанағатсыздыққа келгенде жас келін көрі енесінен, асып түсті: жас жігіт оқыған десең де, көрі әкесінен асып түсті, заты мінез бірлігі, «жас-кәрі», «Оқыған-оқымаған» деген айырмашылықтарға қарамай-ақ бұл адамдардың басын қосып, бірін-біріне үйлестірді»- дейді. Бұл үзіндіде жемтік үшін табысқан, жандарды құлдыраушылық жолына түскен адамдар бейнесіндегі әрбір деталь-штрих өз орнында тұрып жазушының эстетикалық идеясын ашуды. Осындай құлдыраушылық жолына түскен антиқаһарман бейнесімен «Кінәшіл бойжеткен» әңгімесінде де кездесеміз. Өркениет дамуы кезіндегі оқыған, көзі ашық деген қыздың жеңіл жолға түсуі, және сонысы үшін ұялғанның орнына өзін-өзі ақтап алуы да шынайылықпен өрілген. Ал, «Қаралы сұлу» әңгімесіндегі негізгі ой адамзат қоғамындағы әйел тағдырын арқау етеді.

Әңгіменің екі нұсқасының аяқталуындағы ерекшеліктердің өзі де өмірде кездесетін адамдық биік асқақтық пен пенделік – табиғи болмыстың тартысы негізінде туған. М.О. Әуезов шеберлігі сонда екі түрлі аяқталған әңгімедегі екі кейіпкердің де қай жағынан болса да ақталуға құқығы бар.

Қорыта келе айтқанда, М.О. Әуезовтың шығармашылық тұлғасының асқақ бітім - болмысы оның дара эстетикалық санасымен және дүние қайшылықтары мен өмірдегі тартыс-қақтығыстарға деген өзіндік таным деңгейінің биіктігімен өлшенеді демекпіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Р.Нұрғали Әуезов және алаш. - Алматы: Санат,1997. - 431 б.
2. М.Оразбек. Автор және шығармашылық процесс.-Алматы:Атамұра 2006.486 б.
- 3.М.Әуезов «Қорғансыздың күні» - Алматы: «Атамұра» 2002. - 429 б.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы эстетических мировоззрений в рассказах М.О. Ауезова.

Resume

In this article examinations the problems of aesthetic philosophy of life in compositions M.O. Auezova.

ӘӨЖ 81.38

МӘТІНМЕН ЖҰРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІНДЕГІ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ СИПАТЫ

Л.П. Ақтанова

*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы*

Тіл ғылымында бүгінге дейін зерттеу нысаны болып келген сөз, сөз тіркесі, сөйлем, морфологиялық, лексикалық тұлғалар, фонетикалық құбылыстар – мәтіннің құрамына енетін тілдік бірліктер. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазіргі қазақ тілі білімінде мәтінді құрылымдық, мағыналық, қызметтік жағынан жан-жақты зерттеу әлі де өте маңызды мәселелердің бірі.

Мәтін – өте күрделі тілдік құрылым. Осы құрылымды айқындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің тұтастық категориясы сол мәтінді ұғынып, мәнін түсінгенде ғана пайда болатын, оның логикалық жағымен тығыз байланыста болса, ал оның жүйелілігі күрделі бірліктерді құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс-тәсілдерімен ұйымдасуынан көрінеді [1,27].

Мәтін – қазақ тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Мәтіннің қызметін таныту – тыңдаушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуге, сол арқылы тыңдаушының логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Өйткені мәтінде тіл бірліктері (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) тегіс қатысады. Сондай-ақ мәтіннің стильге қатыстылығы да ескеріледі [2,120]. Сондықтан мәтінмен жұмыс істеудің стилистикалық бағыттағы жаттығу жұмыстарына ерекше тоқталып өтсек.

Барлық мәтіндер, ең алдымен, лингвистикалық нысан болып табылады. Сондықтан да мәтіндердің типологиясы лингвистикалық тұрғыдан

танылуы қажет. Лингвистикалық типологияның негізіне лингвистикалық дифференциация алынады. Оның өзі мәтіннің түрін, формасын, жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін, жүзеге асырылу шарттары мен тәсілін білдіреді. Сонымен мәтіннің белгілеріне (әдістемелік тұрғыдан келгенде) мыналар алынады: 1) сөйлеу түрі; 2) сөйлеу формасы; 3) сөйлеу стилі; 4) жанры; 5) сөйлеудің функционалдық-мағыналық типі (сөйлеу тәсілі); 6) сөйлеудің эмоционалдығы мен экспрессивтілігі.


Осы айтылғандарды қарастырып көрелік. Біріншісінде, сөйлеудің ауызша және жазбаша екендігі қарастырылады. Ауызша мәтін уақытпен байланысты болса, жазбаша мәтін кеңістікпен байланысты. Ауызша мәтіндер – синтаксистік құрылымы жағынан жазбашаға қарағанда, анағұрлым қарапайымдау, эллипсистігі мол, мағыналық құрылымы бір-біріне ұқсастығы экспрессивтік элементтері мол болып келетін мәтіндер.

Жазбаша мәтінде оны құраушы бірліктердің арасындағы байланыстырушы элементтер айқын білініп, формалды көрсеткіштері мүмкіндігінше, толыққанды болуға, логикалық ой желісі үзілмей, сақталып отыруға, лексикалық құнарлылығы терең болып, басқа да тілдік формалардың мол болуына мүмкіндік беретіндей күйде жасалады.

Екіншісінде, қарым-қатынас жасау формасына сәйкес, мәтіндер монологтық, диалогтық (кей ретте полилогтық та) болып бөлінеді. Бұл жерде сөйлеудің түрі мен формалары бірігіп келіп, жазбаша мәтінде де, ауызша мәтінде де монолог пен диалог болатыны анықталады.

Үшіншісінде, мәтіннің қандай да бір стильде құрылатыны белгілі. Оқыту барысында функционалды стильдердің ауызекі сөйлеу стилі, ғылыми, ресми іс қағаздары, публицистикалық және көркем әдеби түрі қолданылады. Осы стильдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері белгілі. Олардың мәтіндегі өзіндік құрылымы бірден көрініп тұруы да мүмкін. Көп ретте, публицистикалық және көркем әдеби стильдерді айыра алмау байқалады. Сондықтан да мәтін стильдерін таныту бағытында жүргізілетін жұмыстардың өзіндік жүйесі жасалынуы керек.

Төртінші, мәтіннің жанрлық ерекшеліктері де танылуы қажет. Жанр, негізінде, функционалдық стильдермен тығыз астасып жатады. Ондай байланыстылықты мынадай сызба арқылы көруге болады:



Мәтіннің бесінші белгісі – сөйлеудің функционалдылығы. Сөйлеуде сипаттама, хабарлама түрлері қолданылатыны белгілі. Бұлардың әрқайсысының жеке ерекшеліктері әрбір сөйлеу типтерінің құрылымдық-жүйелік заңдылықтарына сәйкес танытылады.

Мәтіннің тағы бір маңызды белгісі – оның эмоционалдық бояулылығы. Бұл жағынан, ғалымдардың пікірінше, мәтіндер: а) ресми, ә) ресми емес, б) бейтарап болып бөлінеді.

Экспрессивті мәтіндер өз ішінде: 1) экспрессивті-стилистикалық белгілері бар және 2) бейтарап мәтіндер болып бөлінеді. Осының ішінде, экспрессивтік-стилистикалық белгісі бар мәтіндерге: көркем, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, ғылыми (пікірталастар), құттықтау, қарсы алу сөзі сияқты ресми мәтін түрлері жатады. Ал бейтарап мәтіндерге: ғылыми, ресми іс қағаздар, публицистикалық стильдің кейбір жанрлары, хроника жатады. Әдістемеші-мамандар әдістемелік тұрғыдан мынадай етіп бөлуді ұсынады: 1) оқуға; 2) тыңдауға; 3) ауызекі сөйлеу тілін дамытуға; 3) жазба сөйлеу тілін дамытуға арналған мәтіндер.

Тұжырымдай келгенде, тыңдаушылардың дүниетанымын дамыту мен қалыптастырудың арнайы мақсаттары көзделіп, түрлі өмір, ғылым салаларынан арнайы мәтіндер талданады. Ғылыми мақсат та сол бағытта болады. Ал тіл дамыту мәтіндер бойынша шығарма, мазмұндама, жоспар, эссе, мәтінді талдау сияқты жұмыстар жүргізіледі. Қазіргі стильдердің қайсысын болсын, тыңдаушы мүмкіндігінше жетік меңгеруі керек. Ал жазбаша тіл ұстарту жұмыстары стиль тармақтарының ерекшеліктерін тани отырып, сол бағытта құра білу дағдысын қалыптастырады.

Мәтін бойынша тіл дамытуды жетілдіруге негіз болатындай әдістемелік маңызға ие талаптарды атайық:

1) тыңдаушының түсініп оқу арқылы баяндау дайындығын қамтамасыз ететін талаптар:

- а) қатысымдық міндетті шешуге арналған;
- ә) сөйлеушінің көзқарасы;
- б) эмоционалдық бояу;
- в) мәнерлілік;
- г) қаратпалық;

2) мәтіннің мағыналық құрылымын қамтамасыз ететін талаптар:

- а) байланыстылық;
- ә) бүтіндік;
- б) қисындылық;
- в) ақпараттылық.

2) мәтіннің түсінікті болуын қамтамасыз ететін талаптар:

- а) ақпараттық негізде қабылдау ерекшелігіне байланысты қызығушылық есебі;
- ә) тыңдаушының даму деңгей есебі.

3) мәтін негізінде тілдік тәжірибелерді тікелей жетілдіруді қамтамасыз ететін талаптар:

- а) мәтіннің көлемі орындалатын жұмыстарға сай болуы;
- ә) меңгерілмеген тілдік материалдың аз болуы;

б) орын өтілген материалдың жаңа материалмен толықтырылуы, байланысты болуы;

в) материалдың қайталанып есте сақтауға, бекітуге мүмкіндік жасалуы. [2,122].

Сонымен, тыңдаушылардың сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамыту үшін мәтін туралы мынадай білім мен дағды қалыптастырылады:

- мәтінді түсініп оқи білу және есте сақтау;
- мәтіннің құрылымдық ерекшеліктері туралы білім беріп, оның тәжірибесінде пайдалана білу дағдысын қалыптастыру;
- мәтіндегі қайырымдар және олардың мазмұнды, жүйелі баяндау мақсатындағы ерекшеліктерін үйрету арқылы жүйелі мәтін құрай білуге үйрету;
- мәтіннің түрлері бойынша сөйлеуге ауызша, жазбаша жаттықтыру.

Мәтін туралы білім мен тәжірибелік дағды, ең алдымен, оқу мен тындап түсіну әрекетіне байланысты. Оқу мен тындап түсінудің психологиялық-физиологиялық үдеріс ретінде ұқсастығы да, айырмашылығы да бар. Ұқсастығы – ойлау қабілеті үдерістерінде ойлау амалдары деңгейінде (талдау, салыстыру, айыру, жалпыламалау т.с.с.) жүретіндігі, айырмашылығы шарт қою және қабылдау деңгейінде байқалады. Табиғи ауызша сөйлеу өзінің қысқалығымен, қайталанбайтындығымен және бір

ғана рет айтылатындығымен сипатталады. Ал жазбаша оқу кезінде оқылған нәрсеге бірнеше рет қайта оралуға мүмкіндік бар. Оқу жылдамдығы мен қарқынын оқып тұрған адамның өзі реттейді, оқу уақыты шектелмеген. Оған қоса, оқып тұрған адам анықтама әдебиетін де пайдалана алады. Әдістемелік жағына келетін болсақ, бұл өте маңызды айырмашылық, өйткені жоғарыда көрсетілген ерекшеліктердің салдарынан оқудағы қабілеттер мен дағдылардың деңгейі оқу нәтижесіне шешуші ықпал тигізбейді. Дыбыстау, айту барысында тілдің сипаттамалары одан тыс реттеледі, сондықтан ол үдерістің өзіне де, оның нәтижесіне де айтарлықтай әсерін тигізеді. Осы себепті дыбыстаудағы қабілеттер мен дағдылар тілдік автоматтанудың деңгейіне теңестірілуі қажет. Ол жазбаша сөйлеу әрекетімен байланыстырылады.

Оқудың және айтып дыбыстаудың негізгі мақсаты болып, оқырманның немесе тыңдаушының мәтіндегі мағынаны қабылдауы мен түсінуі есептеледі. Басқа сөзбен айтқанда, қатынастың қолайлы жағдайларында қабылдау, мағыналық қабылдау ретінде анықталуы мүмкін. Мәселен, оқу барысында түсіну – күрделі үдеріс.

Психологтар жазбаша тілді дамыту үшін ана тілінде түсініп оқудың да бірнеше деңгейін белгілейді. З.И. Клычникова мәтінді түсінудің жеті деңгейін:

- 1) жеке сөдерді түсіну деңгейі;
- 2) жеке сөз тіркестерін түсіну деңгейі;
- 3) жеке сөйлемдерді түсіну деңгейі;
- 4) мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну деңгейі;
- 5) мәтіннің жалпы мазмұны мен жекелеген бөлшектерін түсіну деңгейі;
- 6) мәтіннің сезімдік-хабарламалық және бағалау деңгейін түсіну;
- 7) мәтіннің өзгелік ырықты деректерін түсіну деңгейі деп бөліп анықтайды [3,159].

Алғашқы бес деңгей мәтіннің маңыздық жоспарымен, қалған екеуі мәтіннің мазмұндық жоспарымен байланысты. Мәтін мазмұнын игерту мен құрылымдық ерекшелігін танытудың әдіс-тәсілдерін қарастырайық.

Оқулықта берілген лингвистикалық мәтінді оқуы да, оқымауы да мүмкін. Ал егер оқытушы оқулықта берілгенді қайталап беретін болса, сабақтың құндылығы тағы болмайды. Ал оқытушы оқыту материалын басқа еңбектерден алып, тереңірек даярлану мақсатымен, оқулыққа күш салмай, оған қарамай баяндап, содан соң бірден жаттығуларға ауысып, мәтінді үйден оқып келу ғана тапсырылса, мұнда да әдістемелік шалалық болады. Өйткені тыңдаушылар лингвистикалық мәтіндермен жұмыс істеуді білмейді.

Егер осы бірінші бағытта, мәтіндермен жұмыс түрлерін: зерттеу бағытындағы оқу; танысу бағытындағы оқу; шолу бағытындағы оқу; іздену

бағытындағы оқу деп бөлетін болсақ, мәтінмен ғылыми ізденіс бағытындағы жұмыстың түрі анықталады.

Мысалы, «Сөз тіркесі» туралы лингвистикалық мәліметтер берілген мәтіндермен арнайы жұмыстар жүргізу осы бағытта алынады: 1) берілген мәтінді алдымен, шолу мақсатымен оқытып шығару керек; 2) одан соң оқытушы белгілі бір сұрақ қойып, сол сұрақтың жауабын мәтіннен іздету бағытында оқыту жүргізіледі; 3) одан соң берілген мәліметтің тілдегі фактілерін анықтау үшін тағы бір танысу мақсатымен оқытып; 4) соңында қорыту мақсатымен бір оқытылады. Бұл әрбір кезеңнің жетекші сұрақтары алдын ала жасалады. Өйткені оқытушы оқу мәтінін талдауда екі жақты жұмыс жасайды: біріншісі сабақтың тақырыбына тыңдаушыларды тереңдете енгізу, екіншіден, мәтінді талдау дағдысын қалыптастыру міндетін шешу.

– Мәтін қандай стильде жазылған?

– Неліктен ресми (ғылыми, көркем-әдеби, публицистикалық, ауызекі) стильде жазылған деп атаймыз?

– Мәтіннің негізгі түйіні неде?

– Мәтіннің ішкі бөлшектері қандай?

– Мәтіннің теориялық және тәжірибелік бөлімдері бар ма? Олардың қалай байланысып тұрғанын анықта т.б. деген жетекші сұрақтар қойылады.

Тыңдаушылардың мәтін туралы түсінігін арттыру үшін оның құрылымы туралы білім беріледі. Мәтіннің қайырымдарға (абзацтарға), күрделі сөйлем тұтастықтарына, сөйлемдерге бөлшектенетіні белгілі. Сонда, адамның дұрыс құрастырылған сөйлеуінің негізінде, мейлі ол жазбаша түрде ме, ауызекі түрде ме, жекелеген сөздер емес, жекелеген сөйлемдер емес, логикалық және композициялық жағынан үйлескен ерекше тұтастық жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Т.М. Әбдікәрімова. Мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясы. - Павлодар, 2007, 27б.

2. А. Жапбаров. Оқушылардың жазбаша тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. - Алматы, 2007. - 120-122 бб.

3. З.И. Клычникова. Психологические особенности обучения чтению на иностранных языках. - Москва, 1983 - с. 159.

4. А. Жапбаров. Қазақ тілі стилистиксын оқыту методикасының негіздері. - Алматы: «Қазақ университеті», 1991. - 10б.

Резюме

В статье рассматриваются текстовые задания различной стилистической направленности и их особенности. Анализируются типы текста, в частности, различие устного и письменного вида

текстов, формы коммуникации текста, функциональные стили, жанровые особенности.

Resume

In clause the text tasks of a various stylistic orientation and their features are considered. The types of the text, in particular, distinction of an oral and written kind of the texts, form of the communications of the text, functional styles, genre features are analyzed.

ӘӨЖ 81,38

МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Л.П. Ақтанова

*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы*

Мәтін – өте күрделі тілдік құрылым. Осы құрылымды айқындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің тұтастық категориясы сол мәтінді ұғынып, мәнін түсінгенде ғана пайда болатын, оның логикалық жағымен тығыз байланыста болса, ал оның жүйелілігі күрделі бірліктерді құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс-тәсілдерімен ұйымдасуынан көрінеді [1,73].

Мәтін ғылыми тұрғыда сұрыпталған, өңделген болуы тиіс. Сабаққа қолданылатын мәтін тыңдаушының психофизиологиялық ерекшелігіне бейімделініп немесе бейімделмей де алынуы мүмкін. Мәтінді сұрыптағанда мынадай факторлардың кешенді жүйесін ескерген жөн: магистранттардың мамандығы бойынша актив сөздер мен түсіндірме терминдердің ауқымы; лексико-грамматикалық материалдың ерекшелігін қамтамасыз ету; мәтіннің қиындық деңгейін анықтау критеріі: контекстік көркемдік пен жанрлық шектеулік; тақырыптық принцип; мәтіннің композициялық-мәндік құрылымы мен стилі. Сондай-ақ, мәтін мазмұнын түсіну, оның ішіндегі негізгі және жанама ойдың бөліну заңдылығын айыра білумен айқындалады. Сондықтан, тілді оқытып, үйретудің кез келген кезеңінде оқытушы магистранттарға оның құрылымдық элементтерінің қайсысы негізгі, қайсысы қосымша ойды беріп тұрғанын түсіндіріп, көрсеткені дұрыс. Мәтінді толық және дәл ұғыну оның ішіндегі сөздердің мән-мағынасын түсініп, білуге де байланысты [2,126].

Әрбір тақырыптық мәтіндердің соңында сөздік материалы берілуі тиіс. Және де бұл сөздер талданып, магистранттардың арнайы дәптерлеріне жазылуы қажет. Қандай мәтін болса да, алдымен оның мазмұнын түсіну

қажет. Сөздің мағынасын түсіну магистранттардың алдында игерген білім көлеміне байланысты. Сөздің нақты мағынасын сөйлем контекстінде ғана байқауға болады. Себебі жеке тұрғанда бір мағына беретін сөз, сөйлем ішінде кейде басқа мағына береді. Сөз мағынасының бұлай өзгеруі оның сөйлемдегі тұрған орнына байланысты. Сонымен қатар, сөз өзінің бастапқы мағынасында емес, ауыспалы мағынада қолданылуы мүмкін.

Мәтінді таңдау барысында көптеген оқытушылардың мәтіннің тақырыптық мазмұнына көңілді көбірек аударып, өз мойнына пән оқытушысының міндетін алып кететін жағдайлары да кездеседі. Мұндай жағдайда, пән бойынша тақырыпты жан-жақты талдап беретін екінші оқытушының рөліне еніп кетуі мүмкін.

Мәселен, әр мәтіндердің түріне байланысты («Қазақстан экономикасы», «Қылмыс», «Қазақстандағы саясат» деген мәтіндерді оқығанда біздің мақсатымыз «Экономика дегеніміз не? Оның даму тарихы қандай?» «Қылмыс деген не? Қылмыстың қандай түрлері бар? Қылмыстық кодекс бойынша қандай жазалар белгіленген?» «Ішкі саясат ұғымы» деген сұрақтарға жауап іздеу емес, «Экономика», «Қылмыс» т.б.) тақырыптар бойынша коммуникативті жаттығулар көмегімен магистранттың ойын логикалық жүйелеу арқылы сөйлету.

Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында оқытушы алдына төмендегідей мақсаттар қойғаны дұрыс.:

- Магистрантты берілген мәтіндер бойынша қазақша тілдесуге үйрету.
- Тілдік қатынасқа түсу үшін әр түрлі ситуациялар құру арқылы тілдік қатынастың қажеттілігін арттыру.
- Дұрыс сөйлеу, жазу нормаларын үйрету.

Мәтіндер ғылыми тұрғыда сұрыпталынып алынады. Мәтінмен жүргізілетін жұмысты мынадай кезендерге бөліп қарастыруға болады:

- 1) мәтінмен жұмыстың алдыңғы кезеңі;
- 2) мәтінмен жұмыс кезеңі;
- 3) мәтін соңындағы жұмыс кезеңі.

Бірінші кезең бойынша, мәтінді оқығанға дейін, мәтінге байланысты немесе басқаша логикалық сұрақтар берілуі арқылы жасалады.

Мәтінді оқымай тұрып, мәтіннің ішіндегі сөйлемдерге сұрақ қою дұрыс емес. Тындарманның алдында сабақтарына байланысты мәтін жатуы қажет. Мәтіннің ішінен таныс емес сөздерді теріп жазып алғаннан кейін, оқытушының көмегімен тілдерін дамыту мақсатында актив сөздер, сөз тіркестері бөлек сөздікке жазылады. Бұлай жазып алу сөздің дұрыс жазылуын, айтылуын тексеруге, өзін-өзі тексеруге, бірін-бірі тексеруге көмегі тиеді. Мәтінде берілетін сөздердің ішінде таныс емес сөздер мейлінше аз болғаны дұрыс. Өткен сабақта берілген сөздерді қатыстырып, байланыстырып отыру керек. Бұл жерде байланыстылық қағидасы сақталады.

Келесі мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымын трансформациялау жаттығулары орындалады. Сондай-ақ мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жаттығуларын әр түрлі тәсілмен орындауға болады. Мәтінмен жұмыс кезеңі былайша ұйымдастырылады:

- шағын мәтінмен жеке-жеке сөйлемдердің сапасын саралап салыстыру;
- мәтіннің негізгі мәнін, мазмұнын түсіну;
- мәтінге тақырып беру;
- мәтінді тақырыпшаларға бөлу;
- мәтіндегі басқы, ортаңғы, соңғы ойларды анықтау;
- мәтінге жоспар жасап, ол бойынша тараушаларды анықтау;
- мәтінді баяндай білу, басталар, аяқталар ойды дұрыс жеткізу;
- жоспар бойынша мәтін мазмұнын әңгімелеу;
- мәтіндегі сөздермен түрлі жұмыс жасап, сөздік қорды толықтыру;

Осы әдіс-тәсілдердің бәрі оқыған мәтіннің мағынасын магистранттар толық түсінуіне арналған жұмыстар. Мәтін мағынасын толық түсіну дегеніміз не? Жалпы алғанда, магистранттар мәтіннің мазмұнын түсіну үшін оның ішіндегі өз мамандығына байланысты жеке сөздерді түсінуі керек. Бұл жеке сөздер түсінікті болса, тұтас мәтін де түсінікті болады деген жалпы пайымдау. Мәтінде әр түрлі (бейімделген, бейімделмеген) болады. Сөздің жеке тұрғандағы мағынасы кейде мәтін контекстіндегі мағынасымен бір бола бермейтінін жоғарыда айтып кеткенбіз. Сондықтан мәтіндегі ойды түсіну үшін онда берілген сөздердің тура мағынасымен қатар ауыспалы мағынасын да білу қажет [3,45].

Келесі мәтін соңынан жүргізілетін жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтін мазмұнының негізгі элементтерін, танымдық құндылығын айқындауға, мәтінге түсініктеме беруді үйретуге (интерпретация) бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Мәтінде берілген мамандығына байланысты мәліметті магистранттар болашаққа қызмет барысында қолдануы тиіс. Тілді оқытып үйрету талабы да – осы. Сондықтан бұл жаттығулар мәтінмен жұмыс барысында менгерген кәсіби тілдік құрылымдарды тілдік құрылымдарды тілдік қатынаста магистранттардың еркін қолдану дағдысын қалыптастыруға бағытталады.

Бірақ мәтінмен жұмыс осы кезеңдермен шектеліп қалмайды. Ол тілді оқытып үйретудің басқа тәсілдерімен бірлікте, тығыз байланыста ұштастыра жүргізілуі тиіс.

Мәтінді менгертуде осындай амал-тәсілдерді қолданғанда тиімділігін байқау қиын емес. Мұндай жағдайда магистранттарға төл сөздерімізді дұрыс айтуға дағдыландыру, сөздік қорын дамыту, сөздікпен жұмыс арқылы есте сақтау қабілетін дамыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ауызекі сұрақ-жауап жұмыстары арқылы тілін дамыту мәнерлеп оқытуды үйрету,

т.б. көптеген мәселелерді қамтимыз. Ерекше дыбыстар кездесетін сөздерден бастап үйретіп, біртіндеп күрделендіріп отыру принципі туып отыр. Мәтіндегі жаңа сөздерді жекелеп үйрету арқылы, оны дұрыс дыбыстау арқылы магистранттардың сөздік қорын дамытамыз. Неғұрлым көп сөз білсе соғұрлым сөйлеу дағдысы тез қалыптасып, тіл байлығы арта түседі. Сондықтан мәтінді меңгертуде жаңа сөздерді, сөз тіркесін алдын ала беріп отырған жөн.[4,54]. Магистранттардың мәтін мазмұнын толық түсінуге сөздік жұмысының еш кедергісі болмайды. Яғни мәтінді меңгертуде сөздікпен жұмыс істеуге сол арқылы сөздік қорын молайтуға болатындығын ескергеніміз жөн. Сұраққа өзге ұлт өкілдерінен жауап алу күрделі мәселе. Сондықтан ол біртіндеп, қысқа-қысқа сұрақтарға жауап алу арқылы үйретіледі.

Тыңдаушыларға мәтінді оқыту барысында қолданылатын тапсырмалардың түрлерімен танысып кетсек.

1. Мәтіннің тақырыптарына қарап, мәтіннің негізгі мазмұнын бағдарлау бағытындағы тапсырма:

- Тақырыпты оқып шығып, мәтіннің негізгі мағынасы не туралы екенін айтыңыздар.

- Мәтіндегі оқиғаның қалай өрбитінін болжаңыздар.

- Тақырыптың аты мәтін мазмұнын бере ала ма деген сұрақтар төңірегінде өз ойларыңызды білдіріңіздер.

2. Мәтіннің мағыналық жағын ашатын негізгі сөздерді, сөз тіркестерін, т.б. бөліп көрсету мақсатындағы тапсырма:

- Мәтінді оқып шығып, ерекше көрсетілген сөздерге назар аударыңыздар. Ол сөздер сіздерге мәтін не туралы айтылатындығын анықтауға көмектеседі.

- Бөліп көрсетілген сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді оқыңыздар. Мәтіндегі қамтылатын негізгі мәселелерді анықтаңыздар.

3. Мәтінді санаулы уақыт аралығында игеру мақсатында жүргізілетін тапсырма:

- «...» атты мәтінді ... минутта оқыңыздар. Мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге тырысыңыздар.

- Мәтінді уақытты үнемдей отырып, шапшаң оқып шығыңыздар.

- Мәтінде не туралы айтылғандығын 2-3 атаулы сөйлем арқылы білдіріңіздер.

Мәтінді игергеннен кейінгі кезеңнің алдына қойған міндеті – мәтін мазмұнын толықтай игеру.

Мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну мақсатындағы тапсырма:

Сұрақтарды оқыңыздар. Қойылған сұрақтарға «Иә» не «Жоқ» деген бір ауыз сөзбен жауап қайтарыңыздар. 1... 2... 3...

- Мәтінді қарай отырып, мәтін ішінде қойылған сұрақтарға жауап беретін үзінділерді дауыстап оқыңыздар. 1... 2... 3...

- Мәтінді өздеріңіз іштей бір рет оқыңыздар. Мәтін не туралы айтылатындығын бір сөйлеммен жеткізіңіздер.
- Берілген сөйлемдерді оқыңыздар. Бұл сөйлемдердің қайсысы мәтіннің негізгі мазмұнын айқындайтынын айтыңыздар.
- Мәтіннің бірінші бөлігін ... минутта оқыңыздар және бұл абзацта қандай ақпарат айтылатынын анықтаңыздар.
- Мәтінді ... уақыт аралығында іштей оқыңыздар.
4. Мәтіндегі фактілік мазмұндағы оқиғаларды түсіну мақсатындағы тапсырма.
- Мәтіннен ... туралы айтылатын сөйлемдерді табыңыздар. Мәтінде ол туралы не себепті айтылған және қалай?
- Мәтіндегі оқиғаларды мазмұндау логикасына назар аударыңыздар.
- «...» тақырыптағы мәтіннің жоспарын оқыңыздар. Жоспар мәтін мазмұнын толық көлемде бере ала ма деген сұрақтар төңірегінде ой жүргіңіздер.
- Мәтінді өздіктеріңізден дауыстап оқыңыздар. Мәтіндегі басты ақпараттарды беретін негізгі сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді анықтап, жазып алыңыздар.
- Мәтін жоспарымен танысыңыздар. Мәтінді оқи отырып, мәтіндегі оқиғалардың өрбу желісімен жоспар тармақтарын айқынданыздар.
5. Алынған ақпаратты мағыналық өңдеу мақсатындағы тапсырма:
- Көркем мәтіндегі сөйлемдерді оқыңыздар. 1... 2... 3... Бұл сөйлемдердің ерқайсысында эмоционалды көңіл-күй қалай берілетіндігін айтыңыздар.
- Мәтіндегі ақпараттарды жеткізуде маңызды рөл атқаратын сөздерді көшіріп жазыңыз: 1/...туралы; 2/...туралы; 3/...туралы;
- Мәтінді оқыңыздар. Бөліп көрсетілген сөздерге, сөз тіркестеріне, сөйлемдерге назар аударыңыздар. Автор кейіпкерлерін қалай атайды? Қандай сөздермен оқиға болған жерді суреттейді? Табиғат құбылыстарын қалай бейнелейді?
- Сіздер өз сөздеріңізбен мәтіннің көркемдік – идеялық мазмұнын қалай жеткізер едіңіздер?
6. Мәтін мазмұнын сөйлеу актілері арқылы сыртқа шығару мақсатындағы тапсырма:
- Мәтіндегі басты оқиғаларды тезис немесе атаулы сөйлем түрінде жазыңыздар.
- Өздерің оқыған мәтіндер арқылы «...» тақырыпта жарыс сөз ұйымдастырыңыздар.
- Мәтінді оқыңыздар. Мәтіннен алынған ақпаратты пайдалана отырып, «...» тақырыпта хабарлама жасаңыздар.
- Өздеріңіз оқыған мәтіннің мазмұнын баяндама, хабарлама түрінде жеткізіңіздер.

- Оқыған мәтіннің мазмұны туралы не айта аласыздар?
- Оқыған мәтіндер сізге қандай әсер қалдырды? т.б.

Қорыта келгенде айтарымыз, әр мәтіннің мазмұнын ашатын түрлі тапсырмалар (тілді үйренушінің сөздік қорын байыту, стильдік ерекшеліктерді білу, сөзді дұрыс қолдана білу, ресми сөйлеу және жаза білу т.б.) мәтіннің соңындағы сөздікте сөздің жалаң өзін ғана бермей, оны өзі тіркесетін сөздерімен қатысты, сөйлемдегі қолданысқа дайын күйінде берілетін тапсырмалар үйренушілердің сөздердің байланысын дұрыс аңғаруына, дайын үлгілерді жиі пайдалану нәтижесінде сауатты сөйлей және жаза білуіне мәтіндерді оқытудың орны ерекше деп атап өтуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Т.М. Әбдікәрімова. Мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясы. - Павлодар, 2007: - 73 б.
2. А. Жапбаров. Оқушылардың жазбаша тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. - Алматы, 2007: - 120б.
3. З.С. Күзекова. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері. - Алматы, 2005: - 45б.
4. Г.Т. Бейсенбекова. Оқылым процессі: Теориясы мен әдістемесі. - Алматы, 2003: - 54б.

Резюме

В статье исследуется методика работы с текстом. Рассматриваются цели и задачи, преследуемые при работе с текстом и анализируются различные виды текстовых заданий.

Resume

Methods of the work are researched In article with text. They are considered purposes and problems persecuted when work with text and are analyzed different types of the text tasks.

АРАБ ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ МӘЖНҮН ОБРАЗЫ

Ә.О. Ареынбекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қ.

Шығыстың «Ромео - Джульеттасы» болған «Ләйлі-Мәжнүн» дастанының негізі – «Мәджнуну Ләйлә» («Ләйлә үшін ақылынан адасқан») атты араб аңыз екендігі шығыстану, оның ішінде арабтану ғылымында дәлелденген. IX-X ғасырларда солтүстік және орталық Аравияны мекендеген бәдәуилер арасында «бақытсыз» махаббат тақырыбы қалыптасқаны белгілі. Оның ішінде Қайс ибн Зарих пен Лубна, Джамил мен Бусайна, ‘Уруа мен Афра, Мәжнүн мен Ләйлә, Қусайыр мен ‘Азза және тағы да басқа бақытқа қолдары жетпеген ғашық жұптар туралы аңыздар ел ішінде кеңінен танымал болды. Ғашықтар туралы аңыздар ауыздан ауызға жетіп, олардың өлеңдері бәдәуилер қонысында ән болып айтылды. Осылай біз сөз етпек болып отырған «Мәджнуну Ләйлә» аңызы бүкіл араб елдерінен бастап, барлық шығыс елдеріне тарады. Мәжнүн тақырыбын алғаш рет көркем шығарма етіп XII ғасырда атақты азербайжан ақыны Низами парсы тілінде «Ләйлі- Мәжнүн» дастанын жазды, кейіннен Низами дастанына басқа да шығыс поэзиясының жұлдыздары назире-дастандар жазды: тәжік-парсы тілінде XIII ғасырда Әмір Хосроу Дехләуи, XIV ғасырда Әбдурахман Жәми және Абдулла Хотифи, Орталық Азияда көне өзбек тілінде XV ғасырда Әлішер Науаи, түрік (осман) тілінде XVI ғасырда Фузули Бағдади және т.б. Белгілі шығыстанушы ғалым Е.Э. Бертельс өзінің «Низами» атты монографиясында Низами шығармасына XIII-XVI ғасырлар аралығында тәжік-парсы тілінде 20, азербайжан тілінде 4, түрік (осман) тілінде 14, курд тілінде 1 және көне өзбек тілінде де 1 назире дастандар жазылған деген түйінге келеді. Мәжнүн тақырыбы бүгінгі күнге дейін жүздеген ақындардың қиялын тербетіп, мындаған беттерге жететін шығарма жазуына себеп болуда.

Шығыс әдебиетінде махаббат үшін ақылынан адасқан сол Мәжнүн образы шын тарихта болған ба, әлде араб ауыз әдебиетіндегі ойдан шығарылған образ ба? Бұл мәселе күні бүгінге дейін шығыс әдебиетінде шешімін таппаған мәселенің бірі болып табылады. Бұл жерде араб тіліндегі деректер көмекке келмек. Сол бар деректерді сұрыптай келе, Мәжнүн тақырыбына қатысты деректердің ішінен Ибн Қутайбаның (h- 276h/889) «Китаб аш-ши‘р уа ш-шу‘ара» («Поэзия және ақындар кітабы»), Әбу-л-Фарадж әл-Исфаханидің (h.284/897 - h.356/967) «Китаб әл-ағани» («Әндер кітабы») антологияларының ақын Қайс ибн әл-Муллауахқа (Мәжнүнге) арналған тарауларын, Әбу Бәкр әл-Уәлибидің (?) «Ахбар әл-Мәджнун уа әш‘аруһу»

(«Мәжнүн туралы деректер және оның өлеңдері») атты монографиясындағы деректерді зерттеу қажеттігі туады. Яғни, алғашқы араб дерекнамаларының жазылу мезгілі IX ғасырдың бірінші жартысына келеді. Тоғыз томдық «Китаб аш-ши'р уа ш-шу'ара» антологиясының екінші томында Мәжнүнге арналған он бір беттік тарау бар. Осы антология жазылғаннан кейін шамасы бір ғасыр айырмашылықпен белгілі исфахандық филолог әл-Исфакхани жиырма төрт томдық «Китаб әл-ағани» антологиясының екінші томында ақын Мәжнүн туралы тоқсан алты беттік мағлұматтар берген.

Антологияларда арабтардың Мәжнүн атты бірнеше ақынның болғаны туралы айтылады. Олар- Қайс ибн Му'аз, әл-Ақра ибн Му'аз, Махди ибн әл-Мулауах, Музахиқ ибн әл-Харис әл-Мәджнун, Му'аз ибн Кулайб әл-Мәджнун және т.б. Дегенмен жоғарыда айтылған араб жазба дерекнамалары авторларының ойынша Қайс ибн әл-Мулауах ақын Мәжнүн болып табылады.

VII ғасырдан бастап араб ақыны Қайс ибн әл-Мулауах хақында көптеген аңыздар пайда бола бастайды, оның әндері ел арасына тарайды, уақыт өте келе ақын тақырыбындағы аңызға аңыз қосылып, оған өзге ақындардың әндері телінеді. Авторы белгісіз махаббат тақырыбына арналған өлеңдер, Ләйлә есімі кездескен қандай да болмасын лирикалық өлеңдердің барлығы ақын шығармасына жатқызылады. Осылайша X-шы ғасырда ақын Мәжнүн образы араб әдебиетінде толықтай қалыптасып, халифатта өзінің «салтанатты шеруін» бастайды [1, 623].

Жоғарыда аталған араб жазба дерекнамаларының ішінде Мәжнүн туралы анық деректер Әбу л-Фарадж әл-Исфакханидің «Мәжнүн туралы мағлұматтар» («Ахбару Мәджнун») атты тарауында берілген. Себебі біріншіден, шығарма саны жағынан ғана емес, сапасы жағынан да жоғары; екіншіден, тараудағы 'иснадтар (сілтемелер) тарихта белгілі ғалымдарға негізделген, сілтемелер хронологиясы да (ғалымдардың өмір сүрген кезеңдері) сауатты берілген; және ең маңыздысы еңбекте тарихта болған адамдар есімдерін кездестіруге болады. Олардың бірі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың серіктестерінің бірі 'Абд ар-Рахман ибн 'Ауфтың баласы, Мәдинә әмірінің салық жинаушысы 'Омар (аңыздың кейбір жерлерінде Мұхаммед немесе Хумайд) болса, екіншісі Науфал ибн Мусахиқ биографиялық сөздіктерінің бірінде Мәдинәдағы алым-салық бөлімінің басқарушысы қызметін атқарған [2, 603]. Ал кейбір деректерде Науфал әмір 'Абд әл-Мәликтің жарлығымен шамамен 702 жылы Мәдинәнің кади (сот) қызметінен босатылған деген мәліметтер бар. Әл-Исфакханидің еңбегінде Науфал бейнесі кездесетін бір бөлім бар, ол «Науфал ибн Мусахиқтың Мәжнүнмен кездесуі туралы мағлұматтар» деп аталады. Кездесу сюжеті төмендегідей: «Ол айтты: күрсіне дем алды да есінен танды. Тағыланып кетуінің себебі сол (ессіз ғашық болуы) еді. Науфал ибн Мусахиқты кездестіргенге дейін оған ештеңе де әсер етпеді. Науфал айтты: шөл далаға келдім де ол (Мәжнүн) туралы сұрадым. Маған айтты: ол есінен

адасты, қайда екенін білмейміз. Күндердің күнінде достарыммен бірге тағы тау текесін аулауға аңға шықтым. Әл-Хамййде үлкен ырақтың (түйелер жейтін бұта) маңайынан тау теке байқадық. Бұталардың артынан адамды көрдік. Бұл көрініс менің достарымды қатты таң қалдырды. Ал мен болсам, оның Мәжнүн екенін түсініп атымнан түсіп, оған жақындап келдім. Үстімдегі артық (сырт киім) киімдерімді шешіп тастап (үркітіп алмау үшін), жанына отырдым да оның бір бөйтін оқи бастадым» [3, 66]. Ары қарай Науфал өзіне белгілі Мәжнүн өлеңдерін ақынға оқиды, ал Мәжнүн болса сол өлеңдерді жалғастырып жаңа өлеңдерін жауап ретінде оқиды. Науфалдың айтуынша Мәжнүннің даусы құлаққа жағымды «әуезді, үнді» еді.

Аңызда берілген халиф Маруан ибн әл-Хакам VII-ші ғасырдың екінші жартысында Мәдинә қаласының билеушісі, ал ғасыр соңында халиф болғаны тарихта белгілі жайт. Осы фактілерге сүйенсек, араб әдебиетінде Мәжнүн тақырыбының бастауы VII-ші ғасырға алып келетіні айқын.

И.Ю. Крачковский өзінің «Ранняя история повести о Маджнуне и Лейли в арабской литературе» атты зерттеу еңбегінде Мәжнүн туралы араб деректерінің ішінен Әбу л-Фарадж әл-Исфাহанидің еңбегін маңыздылығы тұрғысынан бірінші орынға қояды: «Онсыз біз X-шы ғасырға дейін Мәжнүн туралы жазылған повестер тарихы туралы ешбір сенімді түрде талдау жасай алмас едік» [4, 590]. Оның себебі де түсінікті сияқты. Ибн Қутайба алдына анық тарихи деректерге сүйенген еңбек жазу мақсатын қоймаған. Ол көлемі 11 беттік оқуға жеңіл, әрі қызықты әңгіме жазған. Ибн Қутайба өзі қолданып отырған дереккөздерін де атамайды, тек бір эпизодта автор әл-Хайсам ибн ʿАдидің сөзіне жүгініп, жас жігіттің Маймун құдығының жанында бір топ адамдардың ішінен әбден әлсіреген Мәжнүнді көргендігі туралы жазады [5, 472]. Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани сол эпизодты былай деп береді: «Әл-Куранидің сөзіне сүйенген ағам (маған) әл-Хайсам ибн ʿАдидің айтқанын жеткізіп еді. Және (дәл осыны) оны бізге Әбу Мискиннің әңгімесін есіне алған әл-Хайсам ибн ʿАдидің айтқанына сүйенген ʿУмар ибн Шаббаның айтқанын Хабиб ибн Наср мен ʿАбд әл-Азиз әл-Джаухари айтып еді...» [6, 23]. Екі деректе де дерек көзі ретінде әл-Хайсам ибн ʿАдидің аты аталады. Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани нұсқасында әл-Хайсам ибн ʿАдидің дереккөзі болып Әбу Мискин аты аталады және басқа да адамдарға сілтеме беріледі. Бұл жерде біз тағы да Әбу л-Фарадж әл-Исфাহанидің өте мұқият зерттеуші екендігіне көз жеткізе отырып, өз еңбегін жазу кезінде ақиқатқа, тарихи дәлдікке жақын жазуға тырысқанын көреміз.

Екі деректегі Мәжнүн ныспысы туралы берілген кіріспені салыстырайық. Ибн Қутайба нұсқасы бойынша: «Ол – Қайс ибн Муʿаз, және де (ол туралы) айтылатын – Бәнү Джаʿда ибн Каʿб ибн Рабиʿа ибн ʿАмир ибн Саʿсаʿадан шыққан Қайс ибн әл-Муллауах, тағы да ол Бәнү ʿУқайл ибн Каʿб ибн Рабиʿадан еді делінген» [7, 467]. Әбу л-Фарадж әл-Исфাহанидің нұсқасы

бойынша: «Ол – оның ныспысы мен шығу тегін зерттеушілердің айтуы бойынша – Қайс, және де айтылды: Махди, ақиқаттығы (ол) Қайс ибн әл-Мулауах ибн Музахим ибн ‘Удас ибн Раби‘а ибн Джа‘да ибн Ка‘б ибн Раби‘а ибн ‘Амир ибн Са‘са‘а. Атының Қайс екендігі турасында Ләйләнің айтқаны (бәйті) дәлел: О, мен қанша қайғы шектім, Қайс кеткенде, егер (ол) қайтса ғой. Маған ‘Ахмад бин Зухайрдан естіген Әл-Хасан ибн ‘Али айтты: «Мәжнүннің негізгі аты – Қайс ибн Муллауах. Оны растайтын адамдардың санын білу тіпті мүмкін емес» [8, 1,2]. Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани мен Ибн Қутайба нұсқаларын салыстыра отрып, біз Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани еңбегінде берілген мағлұматтар ауқымды, дереккөздері нақты, мәтін лексикасында автор ертерек жазылған Ибн Қутайба деректері емес, ауызша деректерді кеңінен қолданғанын, және де берілген деректерге ақиқаттық сипатын беруге тырысқанын көреміз.

Егер біз Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани еңбегінде негізгі және жанама дереккөздері (‘иснадшылар) ретінде Х-шы ғасырда өмір сүрген белгілі араб филологтары ‘Ахмад ибн ‘Абд әл-‘Азиз әл-Джаухари, ‘Умар ибн ‘Абдаллах ибн Джамил әл-‘Атаки, сол кезеңде өмір сүрген, есімі бүкіл араб елінде мәшһүр болған аңыз жинақтаушы ‘Иса ибн әл-Хусейн әл-Уаррак (ортағасырлық Шығыста қолжазба көшірмешілері, кітап жинақтаушы, оларды сағушыларға берілетін «әл-Уаррак» лақап аты қолданылған), шамамен VIII-ші ғасырда өмір сүрген атақты араб аңыздарын жинақтаушы, генеалогия саласының білгірі Ибн Дә’б Әбу л-Уалид ‘Иса ибн Иазид ибн Бәкр ибн Дә’б әл-Ләйси және т.б. көптеген атақты ғалымдардың айтқан мағлұматтарының қолданылуы – Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани еңбегінде берілген мағлұматтар мен деректердің растығына деген сенімді ұлғайтып, еңбекті зерттеуде зор зейін, ыждаһатты ықыласты талап етеді.

Ибн Қутайба нұсқасындағы аңыз Мәжнүн мен Ләйләнің бір-біріне ғашық болу жағдайы, екеуінің ел ішіндегі дақпыртпа сөзден қашу үшін өз сезімдерін жасыруы, Мәжнүннің Науфалмен кездесуі, Мәжнүн әкесінің Ләйләға құда түсуі, махаббат азабынан айығу үшін Мәжнүннің әкесімен бірге Меккеге сапар шеккен кезінде Минаның жанында Ләйлә есімін естіп, есінен танып құлауы, Маймун құдығы жанындағы эпизод, Мәжнүн Ләйлә дем алған ауасымен дем алу үшін Неджге сапары, Бәну Мурра тайпасынан бір шейхтің Мәжнүнмен кездесуі және Мәжнүн өлімі эпизодтарын қамтиды. Ал Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани нұсқасындағы аңыз сол эпизодтарға қоса, Мәжнүннің ақылынан адасуы туралы бірнеше қосымша мағлұматтар, Мәжнүн әкесінің қайтыс болуы, Мәжнүн анасының Ләйләмен кездесуі, Ләйләнің тұрмысқа шығу жағдайлары, Ләйлә туыстарының сұлтанға арыздануы, сұлтанның Мәжнүнді өлтіруге (егер ол тағы да Ләйлә қосына келетін болса) рұқсат беруі, тағы да аңыз сюжетінде маңызды емес маймен, көмірмен байланысты қосымша эпизодтармен қатар, аңызда құстар мен хайуанаттар кездесетін

эпизодтар, Мәжнүннің торға түскен қарақұйрықтарды босатуы, олардың Мәжнүнге Ләйләні еске түсіруі, әртүрлі жағдайларда Мәжнүн өлең шығаруы және т.б. көптеген эпизодтармен толықтырылған.

Ибн Қутайба нұсқасында Мәжнүннің 38 бәйті берілсе, Әбу л-Фарадж әл-Исфяхани нұсқасында Мәжнүннің 400-ден аса бәйті берілген, соңғы нұсқада Мәжнүннің кейбір бәйттері қайталанатын.

Әбу Бәкр әл-Уәлибидің «Ахбар әл-Мәджнун уа әш'аруһу» («Мәжнүн туралы деректер және оның өлеңдері») атты монографиясы Мәжнүн тақырыбына жазылған араб тілінде көркем шығарма болып табылады. Әл-Уәлибидің өмір сүрген жылдары белгісіз, және мақала авторы оның осы аталмыш еңбегінен басқа еңбектері туралы ешқандай мәліметтер білмейді. Дегенмен көркемдік тұрғыдан бұл монография толық, аңыз сюжеті динамикалы тұрғыда дамитын, қажетті жерлерде қосымша эпизодтармен толықтырылған шығарма болып табылады. Автор Әбу л-Фарадж әл-Исфяхани нұсқасын негізге ала отырып, сюжеттерді дамытқан. Мысалы, Әбу әл-Фарадж әл-Исфяхани нұсқасында: «Олар бала кездерінде жанұяларының малдарын бағып жүргенде бір-біріне ынтық болды. Осылай олар бір-бірін ұнатты, кейін ержеткен кездерінде екеуін айырып жіберді» [9, 11]. Әл-Уәлиби нұсқасында: «Олар жанұяларының бұзаулары мен қозыларын бағып жүргенде достасқан еді. Олар өсіп, ержеткен сайын махаббаттары да сағат сайын, күн сайын күшейе түсті. Ол (Ләйлә) өлеңдердерді, әдебиетті, джаһилийя және Ислам кезеңдеріндегі арабтар туралы әңгімелерді ұнататын. Бәнү Амир тайпасының бозбалалары Ләйләмен араласып, оған өздерінің өлеңдерін оқитын. Қайс та олардың бірі етін. Оған (Ләйләға) ол (Мәжнүн) қатты ұнайтын» [10, 5].

Әл-Исфяхани нұсқасында Мәжнүн мен Ләйлә тек ауызша сәлемдемемен араласатын болса, әл-Уәлиби нұсқасында ғашықтар делдалдар арқылы хат алмасады. Әл-Уәлибиде басқа дереккөздерінде кездеспейтін төмендегідей эпизодтар бар: Мәжнүнді емдеу үшін Вавилонға апарды; Мәжнүн Ләйләні алу ниетінде екінші рет құда түсіреді; Ләйләда әкесімен бірге қажылыққа барады, онда Ләйләні сақиф тайпасының бір адамы ұнатып, кейіннен Ләйләға үйленеді; Халифтің әмірі бойынша Мәжнүнді ұстап әкеледі, Мәжнүн өлеңдерін ұнатқан халиф оны босатып жібереді; Мәжнүн мойнына шынжыр салдыртып, мүскін кейпінде кемпірдің жетегіне еріп кездеспекке Ләйлә қосына келеді; Екі салт атты Мәжнүнге Ләйлә өлімін естіртеді. Мәжнүн Ләйлә бейті басында ғашығына арнаған соңғы өлеңін оқып, сол жерде өзі де өледі. Мәжнүнді Ләйләнің қасына жерлейді.

Сөздің реті келгендіктен айта кету абзал болар, жоғарыда айтылған кемпір образы [11, 45] кейін шығыста Мәжнүн тақырыбына жазылған дастандарда да кездеседі. Низами, Физули және т.б. ақындар кемпір образы бар эпизодты өз шығармаларында тиімді қолданған. Сонымен қатар әл-Уәлиби монографиясында ақын Мәжнүннің ғашығы Ләйлә тағдырының соңы белгілі. Ибн Қутайба мен әл-Исфяхани нұсқаларында Мәжнүн өлімі

туралы жазылады да, ал Ләйлә туралы еш мағлұматтар берілмейді. Бұл жайт әл-Уәлиби еңбегінің ұтымды тұстарының бірі болып табылады. Бұл эпизод кейіннен жазылған шығыс ақындары дастандарына да енеді.

Әл-Уәлиби еңбегінде ежелгі араб әдебиетіне тән бәдәуилер тұрмысын сипаттау, тұрмыста кездесетін май, көмір, отпен байланысты эпизодтардың орын алмауы, оның есесіне шығарманы көркемдік жағынан жетілдіре түсетін қосымша кейіпкерлер ('Әбу 'Иса ибн ар-Рашид, ақын Қусаййр, кемпір) мен эпизодтардың енуі, өлендердің көркемдік сапасының көтерілуі, ежелгі рулық, тайпалық әдебиеттен күрделі сатыға көтерілгендігі- шығарманың қалыптасқан кеш ортағасырлық туынды екендігін көрсететін тәрізді. Әл-Уәлиби еңбегі негізінен фактілер мен көркемдік-эстетикалық құндылықтарға тапшы тақырыпты дамытып, толыққанды етіп жазылған шығарма болып табылады. Әл-Уәлиби еңбегінде әл-Исфакханиге ешқандай сілтеме бермейді. Бірақ бұл жағдай ештеңенің дәлелі болмаса керек, себебі әл-Уәлиби мақсаты-сюжеттік тұрғыдан дұрыс құрастырылған, оқушыға қызықты көркем шығарма жазу болған сияқты. Бұл ретте әл-Исфакханидің мақсаты- Мәжнүн тақырыбына ақиқатты деректер беру, ол деректерді сұрыптау болатын. Мәжнүн тақырыбын зерттеу ісінде Әбу л-Фарадж әл-Исфакханидің «Китаб ал-ағани» антологиясында берілген деректер өте маңызды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. И.Ю.Крачковский. Ранняя история повести о Маджнуне и Лейли в арабской литературе. Избр. соч. 2 т. - М.Л., 1956.
2. И.Ю.Крачковский. Ранняя история повести о Маджнуне и Лейли в арабской литературе. Избр. соч. 2 т. - М.Л., 1956.
3. Әбу л-Фарадж әл-Исфакхани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992. 4. И.Ю.Крачковский. Ранняя история повести о Маджнуне и Лейли в арабской литературе. Избр. соч. 2 т. - М.Л., 1956.
5. Ибн Қутайба Абу Мухаммад Абдуллаһ ибн Муслим. Китаб ашши'р уа аш-шу'ара. 2 т. Бәйрут. 1964.
6. Әбу л-Фарадж әл-Исфакхани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
7. Ибн Қутайба Абу Мухаммад Абдуллаһ ибн Муслим. Китаб ашши'р уа аш-шу'ара. 2 т. Бәйрут. 1964.8. Әбу л-Фарадж әл-Исфакхани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
9. Әбу л-Фарадж әл-Исфакхани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
10. Әбу Бәкр әл-Уәлиби. Ахбар әл-Мәджнун уа аш'аруһу. Тебриз. Дәр әл-хилафа'. 1270h.
11. Әбу Бәкр әл-Уәлиби. Ахбар әл-Мәджнун уа аш'аруһу. Тебриз. Дәр әл-хилафа'. 1270h.

Резюме

Основа дастана «Лейли-Меджнун» в литературе восточных народов лежит в арабской литературе. Автор в статье рассматривает сказания о поэте Меджнуне, данные во втором томе антологии «Китаб ал-агани» («Книга песен»)(Xв.). Опираясь на прямые и косвенные данные, автор статьи пытается установить происхождение, историчность поэта Меджнуна. Также в статье рассмотрены такие источники как «Китаб аш-шир уа ш-шуара» («Книга поэзии и поэтов»)(IXв.) и монографию Ибн Кутайбы «Ахбар ал-Маджнун» («Сказания о Меджнуне и его песни»).

Resume

Dastans “Lejli-Medzhnun” in the literature of east people are based on the Arabian Literature. The author in article considers legends on poet Medzhnune which are given in the second volume of the anthology «Kitab is al-agani» («The Book of songs») (X century). Using the direct and indirect data, the author of article tries to establish origin and historicity of poet Medzhnuna. Sources like «Kitab ash-shir ya sh-shuara» («The Book of poetry and poets») (IX century) and the monography of Ibn Kutajby «Ahbar is scarlet-madzhnun» («Legends on Medzhnue and his songs») are considered as well.

УДК 811.111

**TEACHING GRAMMAR THROUGH COMICS
AND CARTOONS****И.А. Балык***Университет им. Сулеймана Демирела, г. Алматы*

Teaching grammar has always been a problem. This is a language feature that requires concentration, memorizing and lots of practice. Other aspect of a language like writing, speaking and reading comprehension depends on grammar. Linguists for many decades have been discussing the place of grammar in learning a foreign language (FL) – whether it should be taught as a language science or just be acquired naturally in the process of communication. Thus, this dilemma requires investigation the aim of which will be to define if grammar is really a “foundation” of any FL acquisition at the academic level. In spite of some strong points against grammar teaching the majority of teachers stand for its necessity. Whatsoever

according to the research grammar stays to be an essential language skill- “the skeleton” of any language? It must be taught, the question is “how”. After having looked into the main methods and techniques of teaching grammar one the most effective, motivating and engaging, to my mind, is grammar through comics, cartoons and pictures where rules are presented as a story. Pictures have always been used in education as visual aids, the value of which just cannot be overestimated.

The well-known statement – a picture is worth a thousand words – speaks for itself. “Comics” is the term that expresses the way of grammar teaching I suggest in the best way. I guess that this something new in language education, that really needs a lot of investigation. Using comics in teaching a language has been known since 1930s. It was a time of boom for comic books industry. Academia took notice, initiating over a decade of debate, research, and writing on the educational value of comic books. Many linguists, psychologists and language teachers condemned this method. Nevertheless comic books played an important role in developing teaching techniques having proved to be motivating and engaging way to teach. Theoretically comics in education are a challenging aspect that I am going to investigate being full of curiosity and excitement.

A Picture Says a Thousand Words

What the author or columnist might say in a thousand words, the cartoonist is able to sum up in a single picture. This wonderful phenomenon is the substance that creates appeal in all cartoons. In a single image, a cartoon can make us smile, make us laugh, or even make us sigh and shake our heads. The cartoon’s ability to do this often has little to do with the artist’s drawing ability. Instead it is the ability of the cartoonist to make us think, to connect things in new ways, to see below the surface of the picture, and to relate what we see - regardless of the subject matter - to our own lives in some way, that makes the cartoon great [1].

How to Use Cartoons in Teaching

Helping children learn to understand political cartoons can also help them develop critical thinking skills, which inevitably will extend to every area of their lives. Political cartoons, and even the “Sunday Funnies”, are wonderful teaching tools that help give children insight into social and political situations. Children can learn to analyze cartoons, look for subtleties beneath the surface of familiar situations, and gain a better understanding of symbolism, satire, and humor [1].

Cartoons can spark thoughtful conversation, and open the doors for a teacher and the student to discuss current events, social and family life, values, morals, and religious philosophies. They give insight into the world around us, and provide opportunities for genuine and meaningful communication [1].

Pictures, cartoons and comic strips contain elements that please the eye, relax the body, boost conversation, and stimulate writing production in language lessons.

Using cartoons as a springboard develops the skills of grammar and conversation in writing; it stimulates the imagination and results in creative language production [1].

Ideas for Using Cartoons or Comic Strips in ESL and Language Lessons

Cartoons for Direct Speech Practice: An easy and simple activity, yet one worthy of undertaking, is handing out cartoon pictures, with empty “bubbles” in which students have to write the story line. Writing the words of the characters in the picture, demands that students compose the dialog of the speakers. Correct grammar, idioms, imperatives are all practiced when using direct speech [2, 758].

Teaching Narration Methods: Each student receives a comic strip or comic page with empty “bubbles” for speech, and empty squares for narration. This task involves the filling in of both direct speech of the characters and the narration of the situation which is entered into the squares. For example, in the narrative square, it may say, “The night is dark and a lone man walks the streets of the town”, while in the “bubble” the man may say, “What a night! I fear something terrible will happen!” [2, 760].

The teacher can discuss the differences between direct and reported speech, but even without explaining the distinctions, students will probably have a good idea regarding the construction of these sentences, through having been exposed to reading comics from an early age.

A Collage of Cartoons: Using poster board, the class undertakes to complete a cartoon poster. Each student draws and writes the narration and “voices” for their cartoon strip. The strips are pasted decoratively onto the poster. The final product can be put up on the wall of the classroom, or on a student notice board in the school halls [3].

Odd Cartoons: If no one can draw, and comic strips are unavailable, each student can cut up little pictures from magazines. These do not have to match in size or style; the idea is to cut out, for example, a picture of a cat from one place, and a boy from a completely different source. The results will look odd, but amusing. Again, narration and direct speech in bubbles can be practiced just as effectively as if done on more aesthetic or ready comic strips [3].

Finding Comic Strips or Comic Material for Classes

- Old, unused textbooks that have illustrations can be cut up and pasted onto cardboard strips

- Books such as Joan Ashkenas’ *Comics and Conversation* [Jag Publications, 1985] that have pages of comic strips printed just for this kind of activity can be purchased. This kind of book allows for copies to be reproduced

- Newspapers: The teacher can white out the original words and photocopy the cartoon strips.

- Magazines.

- Ask artistic students to draw some cartoons for the lesson. The teacher can keep and photocopy such a collection, and use them in subsequent lessons too.

- Internet cartoons, printed out, copied with words erased, so that students can write their own story.

Note: Any materials used by the teacher should follow the copyright rules of the original artist, website or book [4].

Working with cartoons and comic strips is fun. Many creative ideas can be incorporated. Teachers will find that students add so many ideas of their own, that notes should be kept for following lessons in which the teacher can refer to previous ideas, inventions and interesting results.

Conclusion

Clearly, the five identified strengths of comics - that comics is motivating, visual, permanent, intermediary, and popular - can be harnessed in practically any subject and at practically any grade level. Many innovative teachers have already done so with much success. As the misconceptions of the 1940's slowly fade, both the educational and comics communities look forward to a new generation of educational materials that teach through comics.

REFERENCE

1. Cartoon Drawing in the Classroom: Ways to Use Cartoons in Teaching, Oct 5, 2007 Denise Oliveri, http://homeschool-curricula.suite101.com/article.cfm/cartoon_drawing_in_the_classroom
2. Morrison, T., Bryan, G., & Chilcoat, G. (2002). Using student-generated comic books in the classroom. *Journal of Adolescent & Adult Literacy*, 45, 758-767.
3. Comic Strips Promote Writing in the Language & ESL Classroom, Oct 10, 2009, Lucille Lever http://homeschool-curricula.suite101.com/article.cfm/cartoon_drawing_in_the_classroom
4. www.elanglab.com

Түйіндеме

Грамматика – бұл оқушыларды әсіі шатастыратын ережелер жиынтығы. Комикстер мен суреттер арқылы оқушылар көп қателеспей, ағылшын тілі қалайша “жұмыс істеу тілін” анықтауға көметеседі.

Резюме

Грамматика - это набор правил, в понимании которых учащиеся часто затрудняются. Комиксы и картинки могут помочь разобраться и представить как “работает” английский.

АНТРОПОНИМЖАСАМДЫҚ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЫБЫСТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ТІЛДЕ ОРНЫҒУ ЖОЛДАРЫ

Б. Досжанов

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазақ антропонимдері өзінің сан ғасырлық тарихында тілдің дамуына тән ерекшеліктердің негізінде тілден тыс факторлар мен этнос болмысына тән ерекшеліктерді бойына сіңіре отырып, өзіндік сипаты бар дербес жүйе ретінде қалыптасты. Түркі тілдеріне ортақ жалғамалылық, яғни түбірлер мен қосымшалардың қалыптасуы секілді жалпы заңдылықтардың аясында өмір сүргенмен, уақытпен бірге антропонимдердің бойындағы өзіндік белгілер де айқындала берді. Бұл үдеріс күні бүгінге дейін үздіксіз жалғасу үстінде. Кісі есімдерінің құрамындағы түбірлер (немесе антропонимжасамдық ұя) мен қосымшалардың актив және пассив қолданыстары осының айғағы, яғни антропонимжасамдық кей түбірлердің актив қолданысы тілде орнығып, кісі есімі ретінде (Ақымет, Бекен, Абылай, Ораз т.б.) жалпы жұртшылыққа танымал болғандығын көрсетсе, кей сөздер күнделікті өмірдегі адамдарды атау қызметінің сыртында, қатынас құралы ретінде де белсенді қолданылатын болғандықтан, оның бойындағы антропонимдік элементке (түбір не қосымша) айналу үдерісінің әлі де толық аяқталмағаны байқалады (Мерей, Әділет, Жеңіс, Алмас т.б.). Алғашқыларының антропоним ретінде нормаға айналу себебі – тілдік қатынас барысында тек кісі аттары ретінде ғана қолданылады. Басқаша айтсақ, қарапайым жұртшылыққа бастапқы мағынасы түсініксіз немесе ол мағынасынан гөрі кісіні атау қызметі бірінші орында тұрады. Ал кейінгілері қос қызметті (әрі кісі аты, әрі зат не құбылыс атауы) қатар алып жүргендіктен, екі жақты, тең дәрежелі қызметі бірыңғай кісі есіміне айналу мүмкіндігін шектеп отыр, есім бойындағы бұл үдеріс әлі де созыла беруі мүмкін. Мұнан байқалатыны – антропоним ретінде қолданылып жүрген сөз өзінің бастапқы заттық мағынасынан неғұрлым алшақтаған сайын, кісі есімі ретінде нормаға айналу мүмкіндігі де соғұрлым арта береді. Р. Сыздық «тілдік норма және оның қалыптануы» атты еңбегінде «...тілдік норма дегеніміз – көпшіліктің қатынас ұралы ретіндегі тілдің қолданысында оның әлдеқайда орныққан, дәстүрлі құралдары, амал-тәсілдері, тәртіптері; норма тіл-тілдің қай-қайсысының да даму (қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс.

Норма деп тану үшін «әлеуметтік бағалау», яғни сол тілде сөйлейтін қалың жұртшылықтың «дұрыс не дұрыс емес, жағымды, әсем не жағымсыз,

орынды не орынсыз» деген танымы, бағасы болуы керек. Нормалылық танымына тұрақтылық (стабильность), дәстүрлілік, көпшілікке біршама ортақтық белгілері де кіреді. Бұлар – тілдегі нормалылықтың әлеуметтік категория ретіндегі белгісі¹. Осы тұрғыдан алғанда қазақ есімдерінің арасында да шығу тарихы көнеден басталатын және тілде тұрақты сақталып келе жатқан есімдер бар. Мысалы, қазіргі қазақ антропонимдерінің құрамында жиі қолданылатын бек, бай, хан, жан т.б. секілді есімдердің әрқайсысына тән өзіндік шығу тарихы және кезеңі бар. Сол секілді кел, бер, тұр, тоқта секілді етістіктердің антропоним компонентіне айналуы да осындай. Сандаған ғасырлар бойы бұл компоненттердің тұрақты қолданыста болуы – олардың «тұрақтылығын», «әлеуметтік бағаға» ие болғандығын көрсетеді. Мұнан өзге де қазақтың ұлттық дәстүрі, танымы, арман тілегіне байланысты символикалық мәнге ие көркем есімдері көп. Арасында төл сөздерден болғандарымен қатар, кірме сөздерден немесе дыбыстық жағынан игеріліп, жаңаша тұлға ретінде қалыптасқан тікелей енген есімдер бар. Тілде тұрақты қолданылып, жалпыхалықтық сипат алуынан олардың нормаға айналғаны байқалады.

Нормаға айналған есімдер мен ол сипатқа ие бола алмаған есімдердің арасындағы өзгешеліктерді анықтау үшін мына бір мәселе туралы да айта кетпеске болмайды. Қазақ халқының ұлттық танымында балаға ат қоюға байланысты дәстүрлі ұғымдардың аясы өте кең. Сондықтан лексикамыздағы сөздердің, яғни зат немесе құбылыс атауларының көпшілігі кісі атының да қызметін қатар атқарады. Осыған байланысты қазақ есімдерінің арасында белгілі бір кезеңді ғана қамтитын (Колхозбек, Шопыр, Кәмпеске, Мәлс, Вилнұр, Владилен т.б.) есімдер де бар. Ілгеріде атап өткеніміздей, әрі есім, әрі зат атауы ретінде қатар қолданылатындары да кездеседі. Қатар қойып саралағанда, Бек, Алма, Шопыр үшеуінің тілде нормалану деңгейі үш түрлі. Бек лауазымы қазір жоқ, атау негізінен антропоним ретінде сақталған. Алманың қос қызметі бірдей, қазіргі кезде есім ретінде де жиі қолданылады. Ал қалған Шопыр т.б. өткен ғасырдың басында және кеңес үкіметі тұсында бірен-саран қойылғаны болмаса, жаппай қолданысқа ие болып, тілде нормалану дәрежесіне жете алған жоқ. Демек, қазақ есімдерінің ішкі құрылымдық жүйесін түбір сипатты формалардың табиғатына қарай саралағанда, тілде нормалану көрсеткіштері жоғары топқа жататын есімдерге баса назар аударуымыз керек.

Қазақ тілінде кеңінен қолданысқа ие болған есімдер қатарында түпкі бөлшегінің мағыналары айқын формалар және мағыналары күнгірттеніп, көмескі тартқан формалар бар. Келесі бірі – жасанды тұлғалар – дәстүрлі антропонимжасамдық жүйе бойынша қысқару және қосымшалардың жалғануы арқылы пайда болған. Антропонимжасамдық формалардың

¹ Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Астана: Елорда, 2001. – 230 бет.

тілдік табиғатына тән ерекшеліктер әртүрлі болғанмен, өзінен кейін түрлі қосымшалар жалғап, жаңа формалардың қалыптасуына ұйытқы бола алу мүмкіндігі оларды антропонимжасамдық ұя терминінің төңірегіне топтастырады. Енді осыларға мысалдар келтіріп көрелік. Мағынасы айқын формаларға төмендегідей тұлғаларды жатқызамыз:

Ай- (Ай-дай, Ай-дан, Ай-кен, Ай-ман, Ай-ым, Ай-қан, Ай-аш, Ай-сын, Ай-тай, Ай-мат, Ай-ым-бет, Ай-шан, Ай-мыш); Ақ- (Ақ-ай, Ақ-ан, Ақ-ат, Ақ-жан, Ақ-ман (-пан), Ақ-тай, Ақ-ша, Ақ-ыш); Баба- (Баба-қ, Баба-н, Баба-ш, Баба-тай, Баба-жан, Баба-шы); Бай- (Бай-ақ, Бай-ан, Бай-ас, Бай-ат, Бай-аш, Бай-еке, Бай-кен, Бай-мен, Бай-сын, Бай-тай, Бай-ыр, Бай-ша, Бай-шы); Бек- (Бек-жан, Бек-ен, Бек-еш, Бек-іш, Бек-тай, Бек-тең, Бек-ет, Бек-ей, Бек-лан, Бек-ман, Бек-ім, Бек-ей, Бек-ен, Бек-еш, Бек-іш); Бер- (Бер-ген, Бер-тай, Бер-жан, Бер-ден, Бер-ді, Бер-кей, Бер-сін, Бер-кен); Бол- (Бол-аш, Бол-кен, Бол-ған, Бол-ақ, Бол-ман, Бол-тан, Бол-сын); Кел- (Кел-ген, Кел-ді, Кел-жан, Кел-тай, Кел-ім, Кел-сін) т.б.

Осы орайда, мынандай мәселені назардан тыс қалдыруға болмайды. Ілгеріде келтірілген есімдердің түбірлері сырт қарағанда белгілі бір сөздерден тарап тұрған секілді, алайда олардың арасында кісі аттарына тән қысқарту жолымен Айшадан көне евр. (Ғайшә – ұзақ өмір сүруші, өмірге құмар, құштар) – Айкен, Ахаттан ар. (жалғыз, жалқы, бір) – Ақат т.б. болып өзгерген тұлғалар бар [2, 164]. Сонымен қатар, Айгүл мен Ақболатты және т.б. Ай-кен, Ақ-ат деп еркелетіп атау да дәстүрлі құбылыс (олар кейіннен дербес есімдерге айналып кеткен). Демек, бұларды толықтай жасанды тұлғалардың қатарына қосып жібере алмаймыз, сондай-ақ мағынасы айқын түбірлердің қатарынан да алып тастауға болмайды (бұл антропонимжасамдық тұлғаларға тән тоғысу мәселесі ретінде арнайы қарастыруды талап етеді). Сондықтан, мағынасы айқын түбірлердің қалыптасуындағы осындай ерекшеліктерді де назардан тыс қалдырмауға тиіспіз.

«Антропонимжасамдық ұя» терминінің аясына топтасатын түбір сипаттылар құрамында мағынасы көмескіленген тұлғалар кездеседі. Ал кісі аттарына тән ерекшеліктердің бірі – сөз қолданыстан түсіп, мағынасы көнергенімен, олардың дыбыстық тұлғаны сақтау қабілеті жоғары болады. Кез-келген көнерген тұлғаны тарихи тұрғыдан талдағанда, ерте замандарда олардың белгілі бір мағынаны білдіргендігі байқалады. Олардың сырларына тереңірек бойлау қазіргі кезде көне тұлғалы антропонимдердің мағынасын ашу бағытындағы талдаулардың алдында тұрған үлкен мәселе болып табылады. Мұндай есімдердің көпшілігі қазіргі кезде белсенді қолданылмайды, көбіне фамилиялар құрамында ғана сақталып қалып отыр. Бөке-, Бок (Бог-), Көб- т.б. секілді түбірлерден тарайтын тұлғаларды осы топқа жатқызуға болады. Мысалы, татар тілінде Бөк- түбіріне қосымша жалғау арқылы жасалған Бөкәй есімі бар, диалектілік нұсқасы: Мөкәй. Батыр, ержүрек т.б. мағыналарды

білдіреді [2]. Қазақ тіліндегі нұсқасы Бөкей болып дыбысталады, ал Т. Жанұзақов көне түркі тіліндегі батыр, ер, палуан деген сөздің өзгерген түрі деп көрсетеді [2, 64]. Татар диалектісіндегі Мөкәй тұлғасының қазақ тілінде Мөкей, Мүкей, Мұқай секілді түрлері кездеседі. Көне түркі тіліндегі нұсқасы Вцгд (бөгә) түрінде дыбысталады [3, 116]. Э. Севортян түркі, монғол, маньчжур тілдеріндегі дыбыстық тұлғаларын салыстыра отырып, «палуан», «күшті», «күш», «батыр», «батырлық», «берік», «ер (күйеу)», «сілеусін» секілді 8 түрлі мағынасын көрсетеді [4, 211-212]. Қазіргі тілмізде, мағынасы көмескі тартқан осы түбірден тарайтын Бөке-ш, Бөке-н, Бөке-т, Бөке-й, Бөке-с, Бөкетай, Бөкебай секілді есімдер кездеседі.

Көб (көп)- (Көб-ей (Көп-ей), Көб-ен, Көб-ек, Көб-ден, Көб-ес, Көб-ік, Көб-еш) т.б. Мағынасы мен дыбыстық жағынан түрлі өзгерістерге түскен – кейбірі мығанысы белгісіз, тек кісі есімі ретінде ғана таныс болса, кейбірі көне дыбыстық тұлғалардың қазір мағынасы тұрпайылау сөздермен сәйкес келетін тұстары кездеседі. Олардың қатарына Боқ (Боғ-) – тұлғасынан тарайтын Боқ-а, Боқ-аш, Боқ-ан, Боқ-ай, Боқ-ат, Боғ-ым, Боғ-жан секілді есімдер бар. Көне түркі жазба ескерткіштер материалдарымен салыстырғанда бұл сөздің мағынасы асыл зат салынған түйіншек, дорба, сөмке т.б. секілді мағына беретіні анықталып отыр.

Мағынасы көмескіленген кісі аттарының түркі тілдерінің өзге тармақтарында да кездесуі бұл сөздердің антропоним ретінде қалыптасу тарихының ертеректен басталатынын көрсетеді. Қазір бұлардың өзгерістерге ұшырап, дыбыстық тұлғаларының жаңаша қалыптасуында да антропонимжасамдық құбылыстың өзіндік ізі байқалатын секілді. Мысалы, айтуға жеңіл болу үшін түбір тұлғаны қысқартып қолдану, еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалар жалғау, дыбыс үндестігі әсері т.б.

Жасанды тұлғалардың қалыптасуы тікелей антропонимдердің табиғатына тән ерекшеліктермен байланысты. Қазақ дәстүрінде жасы үлкенді құрметтеу, кішіні еркелету дәстүрі бар. Осы ерекшелік тілдік элементтер бойынша кісі аттарына берілген. Ол түрлі антропонимжасамдық тәсілдер арқылы жүзеге асып отырады. Соның бірі – біз сөз етіп отырған, түбір тұлғалардың қысқаруы мен қосымшалардың жалғануы және нәтижесінде өзгерістерге түсіп, жаңаша форманың қалыптасуы. Мысалы, Қаб- тұлғасынан тарайтын Қаб-ен, Қаб-аш, Қаб-ош, Қаб-ыш, Қаб-ытай, Қаб-ыкен, Қаб-ден, Қаб-ай т.б. шығу тегіне көз жібергенде, араб тілінен енген бірнеше есімнің қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сай өзгеріп, бір тұлғаға айналғанын көреміз. Т. Жанұзақовтың зерттеулерінде араб тілінен енген Ғабит ар.(қызмет етуші) есімінің дыбыстық өзгерген түрі Қабден және Абдолла ар. (Алланың, құдайдың құлы мағ.) есімінің фонетикалық варианты ретінде Қабдолда, Қабдол, Қабділда деп көрсетіледі. Дәстүрлі жүйе бойынша алғанда аталған Қабен, Қабаш т.б. есімдердің жасалуында Қабдолда, Қабдол, Қабділданың

да өзіндік орны бар. Сол секілді, Мақ- (maq)- тұлғасынан тарайтын Мақан, Мақат, Мақай, Мақтай, Мақаш, Мақыш, Мағжан, Мағыш, Мағаш есімдері де түрлі өзгерістердің нәтижесінде қалыптасқан. Мухамматтың Махамбет болып өзгерген тұлғасы, онымен мағыналас Махмет, Махмұт және Мақсат, Мағаз, Мағауия, Мағрипа, Мақфуза, Мағрұп, Мархаба т.б. секілді қазақ тілінің дыбыстық заңдарына бейімделген кірме есімдердің барлығы антропонимжасамдық құбылыстың нәтижесінде жасанды -мақ тұлғасының қалыптасуына негіз болып отыр.

Негізінен қазақ тіліне кісі аттары ретінде енгендіктен бұлардың мағынасы жалпы көпшілікке түсінікті болмағаны белгілі, енді ол дыбыстық жағынан өзгерістерге түскенде жаңа сипатқа ауысудың бір сатысынан өтсе, қазақ тіліндегі антропонимжасамдық тәсіл бойынша ықшамдалғанда жаңа бір формаға еңді де, өзінің бастапқы мағыналы тегіне мүлде ұқсамайтын дербес тұлға болып шығады. Ілгерідегі мысалдарға қайта оралсақ, Абдулладан Қаб-, Мухамматтан Мақ- секілді мүлде жаңа тұлғалардың жасалғанын көріп отырмыз. Жинақталған материал көрсеткіштеріне сүйенер болсақ, антропонимдік жасанды тұлғаларға көбіне кірме сөздер негіз болатынына көз жеткіземіз.

Қазақ тіліндегі антропонимжасамдық ұя құрамына топтасатын түбір тұлғалардың жалпы алғанда өзіндік ерекшеліктері ілгерідегідей сипаттардан тұрады. Олардың әрқайсысының шығуы мен қалыптасу жолдарына байланысты лингвистикалық тұрғыдан қарастырылатын мәселелердің ауқымы үлкен. Бүгінге дейін есімдер құрылымына лингвистикалық талдаулар көбіне тіл білімінде қалыптасқан дәстүрлі жүйенің негізінде жүргізіліп келді де, антропонимдерге тән түбір мәселесі арнайы сөз болған жоқ. Ал біріккен тұлғалардың бірінші және екінші компоненттерінің арасындағы байланыс, мағыналық тұтастық пен әрқайсысына тән ерекшелік, сондай-ақ туынды тұлғалылардың түбірі мен қосымшасының ара жігін ашу және антропонимдік тәсіл арқылы қалыптасқан түбір сипатты тұлғалардың лингвистикалық табиғатын айқындау мәселелері жан-жақты ізденістерді талап етеді. Жинақтай айтқанда, даму тарихы сан ғасырды қамтитын кісі аттарының бүгінге дейін өзіндік жүйесі қалыптасқан, сондықтан оларды зерделеу ісінде, тек тіл біліміндегі дәстүрлі жүйенің шеңберінде ғана қалып қоймай, антропонимдердің табиғатына сай, жаңаша қадамдар жасау талап етіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
2. Т.Жанұзақов Есімдер сыры. Тайны имен. - Алматы: «Парасат» журналы, 2004., 2008.

3. Древнетюркский словарь. –Ленинград: Наука, 1969.
4. Севортян Э. Этимологический словарь тюркских языков. Москва: Наука, 1978.

Резюме

В данной статье указана история происхождения имен, пути установления языка с помощью изменений звуков антропонимических личностей.

Resume

In the present article the history of names' origin. Ways of setting the language by means of change the sounds of the anthroponymic personalities are examined.

ӘӨЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҮБІР СИПАТТЫ АНТРОПОНИМЖАСАМДЫҚ ФОРМАЛАРҒА ТӘН БЕЛГІЛЕР

Б. Досжанов

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазақ антропонимдерінің құрылымдық жүйесі түркі тілдеріне ортақ жалғамалылық, сондай-ақ түбірлер мен қосымшалардың қалыптасуы секілді жалпы заңдылықтардың аясында жүзеге асып отырғандықтан, оларды түбірлер мен қосымшалаға жіктеудегі кейбір мәселелер назар аударады. Әсіресе түбір орнында тұрған тұлғалардың құрылымдық жүйесі тереңірек қарастыруды талап етеді. Осы орайда «түбір орнында тұрған тұлға» деген сөзге түсінік бере кетуіміз керек секілді. Қазақ антропонимдерінің ұлттық табиғатына тән ерекшеліктердің нәтижесінде антропонимжасамдық түбірлер түрлі жолдармен қалыптасқан. Арасында белгілі бір мағынаға ие дербес сөздерден жасалғандары да, қысқарудың нәтижесінде ешқандай мағына бермейтін дыбыстық формаларға айналғандары да бар. Сыртқы тұлғасы дербес мағыналы сөздерге ұқсағанмен, жасалу жолдарына көз салғанда бір дыбыстық формаға келіп тоғысқан әртүрлі тұлғалардың жиынтығын да байқауға болады, яғни бірнеше есім антропонимжасамдық тәсіл арқылы бір тұлғаға айналған. Түбір ретінде танылуға мағыналық мүмкіндігі төмен, сондықтан «түбір орнында тұрған тұлға» дейтін себебіміз осы, алайда тілдік

табиғатына қарай оны «түбір сипатты антропонимжасамдық форма» атауды жөн көреміз. Өйткені, түбір орнында тұрып, өзінен кейін түрлі қосымшалар жалғау қабілеті ұқсағанмен, ешқандай мағына білдіре алмайтыны оны нақты түбір ретінде тануға мүмкіндік бермейді. Қазақ тіліндегі түбір сипатты антропонимжасамдық формалардың өзіне тән белгілері бар. Ол жөнінде айту үшін әуелі жалпы түбір деп танылып жүрген тұлғалардан айырмашылығына тоқтала кету қажет.

Тіл білімінде түбірге берілетін қарапайым анықтама – түбір дегеніміз сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналық бөлігі. Тілдік табиғаты жағынан ол түбір морфемамен сәйкеседі. «Түбір морфема құрылысы жағынан да, мағынасы жағынан да сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналы түпкі бөлшегі, негізі» [1, 177]. Сонымен қатар, зерттеушілер тарапынан тілдегі мағыналы бөлшек – морфемалар құрамында морфтардың болатындығы туралы айтылып жүр. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде «Морф, морфа – мәтіннің морфемдік деңгейде ары қарай жіктеуге болмайтын маңызды шағын бірлігі, морфеманың мәтіндік көрінісі. ... Морфеманың варианты бола тұра, морфқа үнемі жаңғырып отыру тән емес. Мыс., көне түбір көз, көр сөздерінің құрамындағы көз- және -з, -р морфтары морфологиялық үлгілерге сай қайталана бермейді» – деген тұжырым жасалған [2, 219]. Ал ғалым А. Айғабыловтың еңбегінде мынандай түсінік беріледі: «Мен егін ектім деген сөйлемдегі егін және ектім сөздерінің түбір морфемасы бір. Демек, бір морфеманың өзі бірде ег, бірде ек болып қолданылып тұр екен. Сонда ол сөйлемде бір морфеманың екі өкілі – морфтар болып есептеледі. Біз сөзді не сөз формаларын морфемаға емес, морфтарға бөлеміз, өйткені контексте морфеманың морфтары қолданысқа түседі. Сонымен морфема – жалпы ұғымды аңғартса, морф – морфеманың қоладысқа түсетін өкілі» [3, 13]. Берілген анықтамаларға сүйенсек – морфтар дербес қолданылатын түбір морфеманың бөлшегі болып табылады. Кісі аттары құрамындағы, ілгеріде біз атап өткен формалардың да, жасалу жолдары осыған ұқсас болып келеді. Қазақ есімдерінің құрамынан орын алған Божак, Божакан, Божан, Божанбай, Божантай, Божбан, Божбанбай, Божығұл, Божықан, Божыман, Божымбай секілді есімдердің барлығына ортақ түбір Бож болып табылады. Мағынасының белгісіз немесе «морфеманың қолданысқа түсетін өкілі» болуы антропонимжасамдық түбір сипатты форма мен морфтарға ортақ белгі сияқтанғанмен, бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар. Ең бастысы морф шығу тегі бір, екі немесе онан көп сөздің ортақ «қолданысқа түскен өкілі» болса, түбір сипатты антропонимжасамдық форма әртүрлі сөздердің қысқаруы нәтижесінде дыбыстар сәйкестігі бойынша орныққан тұлға.

Дыбыстық формасы ортақ осындай (ілгеріде аталған) есімдердің барлығын бір негізден таралған деп айту қиын, олар түрлі антропонимжасамдық өзгерістердің нәтижесінде пайда болған тұлғалар. Екіншіден, бір есімнің

шығу тегі туралы әртүрлі болжам, оны нақты мағынасынан алшақтатып жібереді. Әрі есімге негіз болған сөз бен ол арқылы білдірілетін зат немесе құбылыс арасына адам келіп тұрады. Мысалы, алғаш сөздің дыбыстық формасы және ол арқылы білдірілетін зат немесе құбылыс болса, есім ретінде алынғаннан кейін сөз (дыбыстық формасы) → адам → мағына (зат немесе құбылыс). Адамның екінші тұратын себебі, сөз күнделікті белгілі бір адамды атау барысында біртіндеп өзінің бастапқы мағынасынан алшақтап, адамды белгілеу қабілеті арта береді. Демек, дыбыстық тұлғалар кісі есімі ретінде бірінші орынға шығады. Нақты этимологиялық болжамға көнбегеннен кейін, қазіргі қызметі (атауыштық қасиеті) мен дыбысталу (ұлттық сипаты) ерекшеліктеріне қарай олар «кісі есімі» деген атаудың аясына топтасады. Тілдегі кез келген тұлға бір нәрсені білдіруі шарт болса, олар ең бірінші «адам аты» деген ұғымды білдіреді. Мысалы, Абылай, Қасым, Талғат, Салғара, Бекен т.б. секілді сөздерді қазір кісі есімі деп білеміз, мағынасы туралы қажет болған жағдайда ғана ойланамыз. Сөздердің бастапқы табиғатынан алшақтап, есім ретінде орнығуының бұл нақты көрінісі болып табылады. Сөз есімге айналып, тілде тұрақтағаннан бастап, антропонимдерге тән қасиеттерді бойына сіңіріп, жаңаша сипатқа ие бола бастайды. Осы және т.б. ерекшеліктеріне байланысты қазақ есімдерінің құрамындағы түбір сипатты антропонимжасамдық формалардың тілдік табиғатын төмендегіше зерделеуге болады.

Мағыналық ерекшелігі жағынан алғанда, бұлардың қатарында мағынасы белгісіз немесе күмәнді және ешқандай мағына бермейтін тұлғалардың бары байқалады.

Мағыналары күмәнді немесе белгісіз антропонимжасамдық түбір сипатты формаларға мынандай тұлғалар жатады: Бөле, Бөлебай, Бөлеби, Бөлеген, Бөлекан, Бөлек, Бөлекен, Бөлекші, Бөлембай, Бөлен, Бөленді, Бөленей, Бөленқан, Бөлеп, Бөлепберген, Бөлесін, Бөлет, Бөлетай, Бөлешбай. Осы есімдердің тілдік табиғатынан шамамен бөле (зат. туыс), бөле (ет. бесікке немесе қуанышқа бөлеу), бөлек (сын. басқа, алшақ) секілді үш түрлі мағынаны көруге болады. Бұл сөз таптары тұрғысынан жасалған болжам, ал антропонимжасамдық заңдылықтар оған аса бағына бермейді. Қазіргі кезде есімдерге негіз болып тұрған бөле тұлғасының нақты қай мағынаға тән екенін анықтап, бір топтамға келу қиын. Мысалы, аталған есімдер құрамындағы секілді қазақ тілінде -бай, -қан, -й (-ей), -к (-ек, -ік), -кен, -н (-ен), -сін, -тай, -шы т.б. секілді антропонимжасамдық қосымшалар бар, -қан, -сін, -шы-дан өзгелері еркелету мәнін білдіреді. Ал еркелету мәнді осы қосымшалар жалғанғанда дербес мәнді есімнің дыбыстық құрамы қысқартатыны белгілі. Мұндайда Бөлек, Бөлекен, Бөлен, Бөленей секілді есімдердің түбірі қайсы (бөл ме, бөле ме?) және қай сөз табына тән екенін немесе қандай мағына беретінін ажырату қиын. Сол секілді Бөле-сін есімінің құрамындағы Байсын, Демесін, Ебейсін, Айсын, Нұрсын, Гүлсін т.б. секілді есімдердің құрамындағы

косымшалардың қайсысына жақын екенін ажырату да жеңіл емес. Бөле есімін жеке алғанның өзінде де, оның етістік немесе зат есім екенін нақты айқындау үшін есім қоюшы адамның ойын білу қажет. Экстралингвистикалық сырлары терең, осындай бір сөзге әр адам тарпынан телінетін мағынаны анықтап болу мүмкін емес, оларды тек кісі есімі ретінде ғана танытын себебіміз де сол. Есімге негіз болған сөз бастапқыда өзі телінген зат немесе құбылысты атау мүмкіндігінен алыстағаннан кейін оның көмескіленген мағынасын есімді иеленген адамның бойындағы қасиетін басшылыққа ала отырып болжауға болмайтыны белгілі. Оның үстіне антропонимжасам заңдылықтарына сай даму барысы кісі есімі ретінде алынған сөздердің бастапқы тұлғасын түрлендіріп жіберетін жағдайлар жиі кездеседі. Бұлардың табиғатында осындай екіұдайылық сипат болғандықтан, мағынасын анықтау үшін қандай талдау жасасақ та күмәнді қалпында қала береді. Өйткені жеке бір адам есімінің қойылу уәжі туралы нақты мәлімет алуға болады, бірақ олай болғанда, ілгеріде атап өткеніміздей, бір есімнің шығуы туралы әр түрлі жайттарға тап болар едік: біреу Бөле есімін туыс (ағайынды қыздардың балалары) мағынасында, енді біреу баршы жұртты қуанышқа бөлесін деген тілекпен қояды. Антропонимжасамдық түбір сипатты формалардың сырларына тереңірек үңілгенде, сырттай қарағанда мағыналары түсінікті, ал ішкі сырларына тереңірек дендеген сайын осындай күмәнді жақтары ашыла бастайды, сондықтан бұл тұлғалардың лингвистикалық сырларын зерделеу маңызды мәселе ретінде өз алдына арнайы қаралуға тиіс.

Қазақ тілінде сонымен қатар, ешқандай мағына бермейтін антропонимжасамдық формалар бар. Олар төл сөздермен қатар, негізінен басқа тілдерден еніп, дыбыстық құрамы қазақ тілінің заңдылықтарына сай өзгерген есімдер. Мысалы, Әд- тұлғасынан тарайтын Әдкене, Әдей, Әдейбай, Әдейхан, Әдек, Әдеке, Әдекен, Әден, Әденбай, Әденбек, Әдеубай, Әдеш, Әду, Әдуқайым, Әдшүкір; Мар- тұлғасынан тарайтын Марлан, Мартай, Марқасқа, Мардан, Марғұлан; Мер- тұлғасынан тарайтын Меркүл, Мерек, Меркүл, Мержан, Мерғали, Меркұрман; Маш- тұлғасынан тарайтын Маштай, Маштақ, Машан, Машай, Машат, Машбек, Машақ, Машқан, Машым; Шор- тұлғасынан тарайтын Шорман, Шормақ, Шормат, Шорболат, Шорай т.б. Бұл есімдерді құрылымдық жүйесі бойынша талдағанда, түбірін құрамындағы қосымшаларға қарап қана ажыратамыз. Қазіргі тілімізде аталған түбір сипатты формалардың мағынасын этимологиялық талдауларсыз анықтау мүмкін емес және антропонимжасамға тән кей ерекшеліктер нақты болжамдар жасауға мүмкіндік бермейді, сондықтан бұл тұлғаларды да қазіргі қолданыста тек кісі есімі ретінде танимыз, қарапайым жұртшылыққа олар мағынасынан бұрын осындай тұлғасымен таныс. Мағынасы белгісіз күйге жеткен есімдердің тілден жойылып кетпей, сақталып қалуына мүмкіндік беретін

ерекшелік – осы есімдерді иеленген адамдардың тұлғалық қасиеті. Жеке адамның айналасындағы жұртқа өзіндік қасиет-әсері есім ретінде сақталған сөздерге мағына болып таңылады, сөйтіп сөз күйіндегі бастапқы мағынаны кейінгі мағына ығыстыра бастайды.

Қазірге дейінгі зерттеулерде қазақ антропонимдерінің құрылымдық жүйесі негізінен сөз таптарына байланысты қарастырылып келеді. Алайда антропонимжасамның өзіндік заңдылықтары, форма түзудегі ерекшеліктері арнайы талдауларды талап етеді. Осы тұрғыдан келгенде түбір сипатты формалардың қалыптасу жолдары мен өзіне тән белгілерін және мағыналық ерекшеліктерін зерделеу алда тұрған үлкен міндеттердің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
2. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-словарь», 2005. – 440 б.
3. Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы (Оқу құралы). – Алматы, «Санат» 1995. – 236 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности и закономерности собственной антропонимии.

Resume

The present paper examines the peculiarities and Patterns of the anthroponymy

УДК 81' 22

ПРЕЦЕДЕНТНЫЕ ТЕКСТЫ В ЗАГОЛОВОЧНЫХ КОНСТРУКЦИЯХ РЕГИОНАЛЬНОЙ ПРЕССЫ

(на примере газеты «Звезда Прииртышья»)

Р.Р. Жаева

Павлодарский государственный педагогический институт

Употребление в речи пословиц, поговорок, афоризмов, крылатых слов, цитат вначале было в основном направлено на украшение речи, сейчас же это осмысливается как социокультурный феномен, который актуализируют

внутритекстовые и межтекстовые связи употреблённой в речи единицы, её развёртывание. В основе названного явления лежит стилистический приём аллюзии, который используется для привлечения внимания читателя к культурному контексту. В этом приеме реализуется отсылочная функция: адресант активизирует в сознании адресата определённые знания, тексты, который соотносит их с услышанным или прочитанным. В этой связи нам представляется рассмотрение прецедентных текстов.

Прецедентный текст – это текст, являющийся элементом культурной памяти народа и регулярно используемый в других текстах. Особенно активно прецедентные тексты используются в языке газеты. Специфика газетной речи проявляется в том, что в газете есть особые речевые образования – заголовки, подзаголовки, рубрики, краткие емкие абзацы, составляющие афишу, анонс содержания газеты. В качестве заголовка может быть использовано одно слово, сочетание слов, одно или несколько предложений. В последние годы в газетной практике родилась новая форма создания заголовков — перефразирование: в строке прецедентного текста, взятого для заголовка, какое-то слово изменяется, и фраза приобретает совсем иной смысл. Такое перефразирование привлекает внимание читателей своей оригинальностью. Структура привычного высказывания при этом сохраняется. Употребление в устной и письменной речи прецедентных текстов реализует процесс оживления накопленного культурного багажа. Знания, необходимые для полноценного понимания современной устной речи и языка письменных произведений, особенно языка газет, – это знания художественных фильмов, художественных произведений, текстов популярных песен, стереотипных образов, стереотипных ситуаций, то есть всего, что лежит в основе прецедентных текстов.

Таким образом, понимание текстов, содержащих отсылки к прецедентным текстам, опирается на повышенную речемыслительную активность получателя информации.

За каждым прецедентным текстом стоит его национально-детерминированное минимизированное представление, обладающее яркими коннотациями и ассоциациями, что, по мнению Д.Б. Гудкова, является основным критерием прецедентности текста. Прецедентные феномены или стоящие за ними национально детерминированные минимизированные представления выступают как результат кодов любой культуры, представляют образцы, задающие модели восприятия и поведения [1, с. 202].

Говоря о явлении прецедентности, нельзя не сказать о теории интертекстуальности. Методологические основы теории интертекстуальности заложены в работах М.М. Бахтина, где впервые сформулировано такое свойство речи, как полифоничность, являющееся следствием повторяемости –

универсального свойства функционирования языка. Так, интертекстуальность в широком понимании определяется как «открытость», «незамкнутость» отдельного текста к уже существующему тексту.

Прецедентные тексты - класс открытый, их состав постоянно пополняется. К ним относятся названия литературных произведений и цитаты из них, имена персонажей и исторических личностей, высказывания видных государственных деятелей, афоризмы, устойчивые выражения, заголовочные конструкции и т.д.

Рассмотрим заголовки, которые являются неотъемлемой частью газетной публицистики. Первое, с чем сталкивается читатель газеты, - это названия публикаций. Читатель, просматривая газетную полосу, по заголовкам ориентируется в её содержании. Газетный заголовок решает проблему привлечения внимания к статье и ко всей газете в целом.

Прецедентные тексты могут использоваться как в составе заголовков, так и в составе самой газетной статьи, что акцентирует внимание читателя, активизирует его восприятие текста. Как устойчивые номинативно-эмотивные блоки, они активно используются в процессе создания журналистского текста. Язык любого печатного издания немыслим без использования прецедентных текстов, которые способствуют композиционной организации газетного материала. Общеизвестно, что газетные заголовки дают первоначальную информацию о тексте. Они связаны с тем или иным содержательным элементом (основной мыслью, тезисом, образом героя).

Прецедентный текст, подвергаясь обыгрыванию, различным трансформациям, вносит стихию экспрессивности в материал или заголовок. Так, заголовок «Моя милиция меня бережет» в газетах часто соотносился с рассказом о подвигах милиционеров, охраняющих покой граждан. В современном газетном языке этот прецедентный текст получает иную оценочность и становится экспрессивной единицей: теперь материал с заголовком «Моя милиция меня...» (ЗП, 2007) освещает факты милицейского беспредела).

Современные газетные заголовки необыкновенно емки по информационной и эмоциональной насыщенности. Они формируются различными языковыми средствами: лексическими, словообразовательными, синтактико-пунктуационными, стилистическими. Эти средства могут сочетаться, использоваться одновременно, прекрасно дополнять друг друга.

К лексическим средствам, формирующим современный газетный заголовок, относятся многозначность слов, добавочные коннотативные оттенки в значениях слов, которые обнаруживаются только в устной речи, различные семантические трансформации слов и обусловленные ими изменения в сочетаемости. Авторы газетных текстов обыгрывают в заголовках и многозначность слов, и их различные трансформации. Перифразы, характерные для заголовков, часто представляют собой переделанные

строки, фразы из литературных произведений, кинофильмов, мультфильмов, песен или их названия. Образность заголовков усиливается употреблением пословиц и поговорок, которые часто переиначиваются журналистами. Столь же образны, эмоциональны и лаконичны во всех своих разновидностях афоризмы и фразеологические обороты, которые также претерпевают различные изменения ради усиления стилистического эффекта. Например, И в тесноте, и в обиде (ЗП, №120, 12.10.2000); Улыбка хорошо, а смех лучше (ЗП, № 120, 12.10.2000); Нынче детский сад у нас вроде института. (ЗП, № 64 2000), Сантехник – это звучит... пьяно, ...важно. (ЗП, № 55, 2000) Место под Солнцем женского бизнеса (ЗП, № 118, 07.10.2000); Седьмое небо мечети (ЗП, №112, 23.09.2000) Весна, посредник, торжествует (ЗП №54, 15.05.2001); Тепло по осени считают. (ЗП № 61, 27.05.2000), Будь здоров, не кашляй. (ЗП №52, 09.05.2001); Пришел, увидел...Прочитал! (ЗП № 26, 05.03.2002); А лифт и ныне там... (ЗП № 26, 05.03.2002); Мое богатство-мой язык (ЗП №28, 06.03.04), Кому на селе жить хорошо. (ЗП № 92, 16.08.2003).

Таким образом, газетный заголовок, сформированный всем комплексом эмоционально-экспрессивных средств, привлекает внимание читателя: автор воздействует на него, выражая свою оценку, убеждает и формирует у него определенное отношение к событию или герою.

В современной прессе мы можем выделить и разновидности инокультурных прецедентных текстов: названия художественных произведений, кинофильмов, устойчивые выражения, прозаические цитаты, крылатые слова. Чаще всего они используются в трансформированном виде, основанном на игре слов. Например: Богатые тоже платят («Богатые тоже плачут» Бразильский телесериал; ЗП № 43, 15.04.04. статья о том, что среди неплательщиков за электроэнергию встречаются даже богатые люди); «Быть или не жить – вот в чем вопрос» (ср.: «Быть или не быть – вот в чем вопрос» У. Шекспир «Гамлет, принц датский»; ЗП, 2005 г. № 37. Автор статьи поднимает вопрос о проблемах современного кино).

Из приведенных примеров видно, что на игре слов построены главным образом заголовки публицистических статей. Словесная игра, являясь сверхэкономичным способом коммуникации, несет в себе ассоциативную и коннотативную нагруженность, помогает раскрыть текст статьи, направлена на привлечение внимания адресата.

Названия фильмов, художественных произведений, цитаты употребляются в нетрансформированном виде значительно реже. По нашим наблюдениям, наиболее распространены в прессе, в частности в региональной газете «Звезда Прииртышья» ссылки на названия кинофильмов, устойчивые выражения, прозаические цитаты.

Отметим, что использование большого количества прецедентных феноменов в прессе, а также инокультурных прецедентных текстов, повышает

читательский интерес к газетам, требует их обязательного знания, поскольку незнание прецедентных текстов, особенно чужой культуры, может приводить к коммуникативным неудачам.

Многие журналисты, трансформируя выражения, связанные с историческими ситуациями, в своих текстах часто имеют в виду историко-культурный контекст прецедентных выражений. Особенно это касается таких фразеологизмов и крылатых слов, которые связаны с прецедентным историческим событием или лицом. Примерами безусловной опоры на исторический контекст могут служить заголовки, связанные с прецедентными историческими событиями (ситуациями): как Мамай прошел; потемкинские деревни (ЗП, 2007).

Использование прецедентных текстов в журналистских текстах и адекватное их понимание читателями, как отметил В.Г. Костомаров, является неотъемлемой частью общего понимания современной языковой личности [2, с.42-53].

Прецедентные тексты – особое средство выразительности в современных печатных СМИ, которое привлекает внимание читателя, заставляет его остановиться на данной цитате, заголовке.

Основной функцией прецедентных текстов является «эффект узнавания» читателями той или иной реплики [3, с.29]. Именно благодаря прецедентным текстам, объективизированным выражениям интертекстуальности читателю удобнее воспринимать, понимать контекст или ситуацию. Доминирующими источниками прецедентных текстов в современных газетных заголовках являются художественная литература (лирические произведения и художественная проза) (Читатель-друг. М.Е. Салтыков-Щедрин. «Мелочи жизни», А Васья слушает да ест. И.А. Крылов. «Кот и Повар», Административный восторг. Ф. М. Достоевский. «Бесы»), крылатые фразы советского кино («Операция «Б1» и другие приключения Шурика», «Место встречи изменить нельзя», «Бриллиантовая рука», «Белое солнце пустыни»); тексты популярных музыкальных произведений; пословицы и поговорки («Куй железо, не отходя от кассы» вместо привычного нам «Куй железо, пока горячо», «Похмелье – штука тонкая» вместо «Восток — дело тонкое», «Если фрукт оказался вдруг...» вместо «Если друг оказался вдруг»).

Приемы изменения исходного текста многообразны: замена компонентов («С миру по нитке, а нам радость»), усечение компонентов («За себя и за того...»), добавление компонентов («Береги честь смолоду. И к старости не теряй»). Набор и разнообразие приёмов удачного использования прецедентных текстов свидетельствует о профессионализме журналистов, а также об уровне издания.

На основании вышесказанного, можно сделать два вывода.

Во-первых, самый популярный способ трансформации крылатых слов, фразеологизмов – это замена одного или нескольких компонентов. Чаще всего заменяется первый или последний компонент выражения. Такие аллюзивные

замены нацелены на актуализацию прямых и дополнительных значений устойчивых выражений.

Во-вторых, фразеологические единицы, пословицы, поговорки, крылатые слова придают особый колорит газетному тексту, делают его экспрессивным, расширяют и обогащают средства языкового выражения. Они действительно живут в текстах, а их трансформации подтверждают их популярность.

ЛИТЕРАТУРА

1. Гудков Д.Б. Теория и практика межкультурной коммуникации. – М., 2000. - с.201.
2. Костомаров В.Г., Бурвикова Н.Д. Как тексты становятся прецедентными // Русский язык за рубежом. - 2001.- №1. - С.42-53.
3. Красных В.В., Гудков Д.Б., Захаренко И.В., Багаева Д.В. Когнитивная база и прецедентные феномены в системе других единиц и в коммуникации // Вестник Московского университета. сер.9. Филология. -1997.- №3.-С.21-29.

Түйіндеме

Мақалада аймақтық баспасөздің тақырыптық конструкцияларында прецеденттік мәтіндердің қолдануы қарастырылады.

Resume

The article considers the precedent texts in the title constructions of regional press and methods of their transformation.

ӘӨЖ 821.512.122

ПОРТРЕТ ЖӘНЕ КЕЙІПКЕРДІҢ ІШКІ ӘЛЕМІ

Ж.Р. Жақанова

Қарағанды «Болашақ» университеті, Қарағанды қ.

Қазақ әдебиетіндегі 60-80 жылдар прозасының шығармашылық әлеуеті мықты, өзіндік қолтаңбасымен көрінген өкілдерінің арасында Софы Смаатаевтың орны ерекше. Жазушы шығармаларының ішінде тарихи тақырыпты қозғаған «Елім-айы» болмаса, өзге туындыларының тақырыбы, стилі, образдар құрылымы, композициясы, жалпы, жазушылық шеберлігі, көркемдік ерекшелігі жүйелі түрде зерттеу өзегіне айнала қойған жоқ.

Аталған кезең әдебиетіне баға бере келе: «Әдебиетке социалистік реализм арқылы қойылған талаптардың тозығы жетіп, өңін жоғалта бастаған 60 жылдардан бастап ұлттың рухани кеңістігінде жаңаша эстетикалық

ахуал қалыптаса бастады. Ендігі уақытта соцреализмге, маркстік-лениндік қағидаларға негізделген эстетика әдебиетке өзгеше рух дарытуды көздеген жазушылардың амбициясына жауап бере алған жоқ», - дейді зерттеуші Ж. Жарылғапов [1, 21].

Софы Сматаевтың «Бұлақ» романы – жаңаша леппен жазылып, оқиғаны ерекше қиюластырған, композициясы өзгеше роман. Жазушы негізгі оқиғаны әкелі-балалы Маратбек пен Сайлаубек қос тағанынан індетеді. Кейіпкерлердің өмір жолы жеке-жеке сөз болатын секілді көрінгенмен, сюжеттік желіде тұтастық бар. Кешегі мен бүгінгі қосамжар желі болып тартылып, кейіпкердің басынан кешкен оқиғалар жұптаса жүлгеленеді. Бір кейіпкерді бейнелуден екіншісін бейнелеуге оңай ауысып, олардың басын бір арнаға шеберлікпен тоғыстырады.

Көркем шығарманың тұтастығын сақтауда композицияның қызметі зор екені белгілі. «Ондаған немесе бірнеше параллельдегі сюжеттік ситуацияның басын іштей сабақтастырып, динамикалық даму үстінде бір арнаға әкеліп шегендейтін композициялық жүйенің шымырлығы өздігінен ғайыптан пайда болмайды, ол тек мол білімді, өмірді жете білуді ғана емес, сарыла ізденуді, таусыла еңбектенуді талап етеді» [2,13]. Осы ретте біз сөз етіп отырған қаламгердің прозадағы ізденісін айтпай кетпеуге болмайды.

Қаламгердің жазушылық шеберлігі замана мәселелерін көркемдік тұрғыдан бере білуімен, кейіпкердің ішкі жан әлемін кеңінен ашатын формалық ізденістерге бағандығымен зерделенеді. Негізгі оқиға санаулы кейіпкерлер төңірегінде өрбиді. Орталық қаһарман – Сайлаубек атты жазушы жігіт. Автордың өзі тасада қалып, тізгінді кейіпкеріне береді, басты желіні осы кейіпкер баяндаушы ретінде таратады. Уақыт жағынан алғанда әкесі екеуінің басынан кешірген оқиғалар жыл мезгілдерінің алмасуы арқылы ұсынылады. Қыс Маратбекке, жаз Сайлаубекке тиесілі. Қыс пен жаздағы оқиға төрт мәрте көрініс береді де, соңғы бөлімін «Бұлақ. Маратбек және Сайлаубек» деп атап, екі кейіпкердің басын бір арнаға тоғыстырып, біртұтас етіп жібереді. Аталған шығармада екі кеңістіктік-уақыттық өлшем алынған. Аңдап қарасақ, жазушының оқиғаны осылайша қатаң уақытқа бағындырып өрбітуінің философиялық астары бар тәрізді. Алдымен, негізгі кейіпкерлер өзге емес, әке мен бала. Өмірдің қызығы мен шыжығын қатар көріп, күш-қуаты кеміп жар жағасында тұрған әке және тепсе темір үзетін жастағы, шығармашылықтың қызығынан гөрі қиындығы үлесіне молырақ тигенмен, ізденуден тынбайтын, өзіндік ұстанымы бар Сайлаубек. Романда қаламгер уақыт пен кеңістік дейтін ұғымдарға мән береді, уақыт көшін бірде кейінге жылжытып, бірде бүгінге әкеліп тіреп, оқиғаның арқауын уысында ұстап отырады. Уақыт деген – әке мен баланың жастық шағы пен қазіргісі. Маратбек үшін ол тоқтап қалған сияқты, бақытты шақтары кешегінің үлесінде қалған. Қазіргісінен гөрі шегіністер арқылы жастық шағы көбірек еске алынып,

оқиғалар кейіпкердің ойы арқылы көрініс береді. Жазушы образ сомдауда көзге іліккен детальдарды тізбелей бермейді, адам жан дүниесінің ең терең қабаттарындағы өзгерістерді, көңіл-күй ауанын жіті бақылап, нәзік иірімін дәл жеткізуге тырысады.

«Бұлақ» романындағы негізгі мәселе адамгершілікке келіп тіреледі. М. Хамзин: «Алпысыншы, сексенінші жылдар әдебиеті адамның рухани бейнесінің қалыптасу жолына айрықша көңіл бөлді. Бұл кезеңдегі әдебиетте адамгершілік-этикалық, философиялық сипаттағы шығармалар саны көбейді», - деген қорытынды жасайды [3,125]. Шығармаға нәзік лиризм мен философиялық тереңдік тән. Алдымен, романның атауына үңілейік. Жазушы тарапынан «Бұлақ» деген атау берілген екен. Атау – символикалық мәнге ие. Бір жағынан, су – тіршіліктің көзі, мәңгіліктің бастауы болса, екіншіден, өмірдің бейнесі. Романның эпилогында: «Бұлақ деймісің? Дүниеде бұлақ-бастаудан нәр алмайтын не бар, Сайлау? Қозғалыстағы нәрсенің бәрінің өз бұлағы болмақ. Керек десең, өмірдің өз көзі, өз бұлағы бар. Көзі бітелді дегенше, тірлік те, тіршілік те, қозғалыс та семіп сала береді...», - деген қорытынды беріліпті [4,291]. Роман атауына қатысты автордың философиялық толғанысы осындай. Әрине, өмір – мәңгілік емес, бірақ сол өмірдің мәні – адамгершілік, ізгілік дейтін гуманистік идеялармен ұштасады. Мүмкін, бұлақ деген – адамдардың ғұмыры, алмасып жатқан ұрпақ жалғастығы болар? Олай болғанда, шығарманың шығарма болуының өзі адам тағдырына – кейіпкерлерге байланысты.

Романның басты ерекшелігі – адамның ішкі әлеміндегі буырқанысты, күйзеліс пен толғанысты – рухани болмысын айқын аңғарту екені анық. Шығармадағы кейіпкер психологиясының ашылуы олардың портретінен: сөйлеген сөздері арқылы, іс-әрекеттері, ым-ишарат, бет құбылысы, көзқарас, дене қозғалысы арқылы жүзеге асып жатады. Әдебиетте көркем образ сомдағанда портреттің атқаратын қызметі зор. Жан-жақты, болмаса қысқа қайырған сипаттамалар кейіпкердің характерінен, әлеуметтік жағдайынан, психологиялық ерекшелігінен хабар береді. Сонымен бірге психологиялық талдау ретінде еске алу, түс көру тәрізді элементтерді автор ұтымды пайдаланған.

Жазушы кейіпкер іс-әрекетін талдамайды, бәрін оқырман талқысына салады. Оның кейіпкерлері бастан кешіретін іс-әрекет, оқиғалардың сан түрлілігі, ешкімге ұқсамайтындығы оқырманын тарта түседі.

Қаламгердің айрықша зерттегені – адам жаны, оның ішкі әлемі. Психологиялық проза туралы Г.Пірәлиева: «Мұнда ең бастысы - жеке адамның ішкі өмірі, өмір мен өлім арасындағы кезеңде адамзат бастан кешетін азапты тағдыр тәлкегі, кейіпкердің күрделі тұлғаға айналуы көркемдік назарға алынады. Шығармада шым-шытырық оқиғалар тізбегінен гөрі жеке адам санасындағы сапалық өзгеріс, рухани қопарылыс, ішкі

сезімдік құбылыстар тереңдетіле талданады», - дейді [5]. «Бұлақтың» алғашқы эпизодында жазушы алдымен Маратбекті таныстырады. «Ұзыны мен көлденеңі шамалас үлкен, кең бөлменің дәл ортасына қарағай еденге жамбасын қалындатып жайма төсек салғызып алып, манадан үнсіз жатқан Маратбек көзін ашты. Сирек кірпіктерін жыбырлатып, оң мен түстің арасында кездесетін мағынасыз түйсіктің қалың мұнарын серпігендей болды. Баданадай көздердің сарғыш тартқан ақ етіне айқұш-ұйқыш жолақ боп айғыздана жамыраған қан тамырлары тарамдалып шыға келді. Күңгірт жанар қар басқан әйекке қадалды» [4,5]. Бір кездегі озат теміржолшы енді төсекке таңылып, тамағынан бір жұтым су өтпей азап шегуде. Осылай жатып өткен күндерін ой елегінен өткізеді. Дос-кұрдастары, ағайын-туыс, балалары, құдай қосқан қосағы, сосын Айымша туралы ойланады. Әу баста паравоздың кочегары боп бастап, кейін машинист болған дәуренін, небір қызықты шақтарын еске түсіреді. Негізінен, Маратбекке портрет бергенде оның ауырып төсек тартып жатқан шағы – өмірінің соңғы кезеңі көбірек сөз болып, ауруы жанына батқан адамның жан күйзелістері қамтылады: мазасызданған кездегі иегін шошандатуы, кебірсіген ернін жалауы, кірпіктерін әлсіз жыпылықтатуы, көзін бір нүктеге ұзақ қадауы. Маңындағы адамдарға осы кейіпкердің пайымдауы арқылы баға беріліп, портреті анықталады. Мәселен, өмірлік серігі Әйкіжан – Маратбек үшін ерекше жан. Әу баста ұнатып қосылып, одан бір кезде жігіттік жасап, сыртқа қарай аңсары ауған кездерде бәріне үнсіз төзіп, не ойласа да ішінде сақтап шыдамдылық көрсеткен, нағыз қазақ әйеліне тән жақсы қасиеттерді бойына жинақтаған Әйкіжанның адами болмысы тым биік. «Бірігіп түтін түтеткелі қырық жылдан асыпты. Ол кезде екеуі де қылшылдаған жас еді. Әйкіжан он алтыдағы тал шыбықтай бұралған бойжеткен, Маратбек жиырма бестерге шыққан солқылдаған жігіт болатын. Кездесіп қалғанда қабақ астынан бір-біріне ұрлана көз тастап, әлденеге қымсынып, жасқана бұрылып кетіп жүргендері болмаса, ашық сырласуға бара алмайтын» [4,15]. Адам бойындағы адамгершілік қасиет пен рухани байлығын анықтаудың бір өлшемі – махаббат мәселесіне келіп тіреледі. Өйткені, махаббат сезімі – адам өміріндегі аса маңызды қозғаушы күш. Ол адам тағдырындағы негізгі сәттерді анықтап, олардың жан-дүниесіне әсер етеді. Махаббат адамды бақытқа бөлейді. Романда екі ұрпақ өкілінің сезімі көрінеді. Осынау мөлдір де кіршіксіз сезімді біздің кейіпкерлеріміз – әкелі-балалы екеуі де бастан кешірген.

«Үшеуі үздік-создық шұбатылып вокзалға жақындай бергенде, перронда жүрген жолаушылардың арасынан ентелеген әлдекім бұлардың жолын кескестеді.

- Маратбек? Апыр-ай, Маратбекпісің?

Әкесі сасқалақтап қалт тоқтады. Бас-көз жоқ оң қолына жармасқан әйелге үнсіз бағжия қарады. Түтін ыстаған жүзі лезде жылып сала берді. Көз

киығына сіріңкенің бір тал шырпысынан тұтанған әлсіз алаудай маздаған көгілдір оқ жүгірді де, іле тез өшті. Әлгі нұрлана құбылған сұлу оң қас қағымда сүп-сүр боп қуара қалды.

- Сен бе едің? Апырай, Айымшамысың?» [4,42].

Айымша бейнесі – жастық, мастық кезеңде бір сәттік ләззат үшін көңіл қосқан жан ретінде қабылдауға келмейтін аса күрделі бейне. Рас, о баста екеуі де бір-бірі үшін сондай қымбат жандарға айналатындарын білмеген болар? Кездескен кездеріндегі психологиялық портреттері нанымды. Артық-ауыс сөзге бармай, бір-бірінің есімдерін ғана қайталайды. Жазушы ретінде Софы Сматаев сөзге тым құнтты. Кейіпкерлерін көп сөйлетуден аулақ. Көбіне, көркем бейне табиғатын ішкі монолог арқылы ашуға және диалогтардың көмегімен анықтауға тырысады. Романның соңына таман тағы бір эпизодта екі кейіпкердің арасындағы диалог беріледі. Қатты науқастанып жатқан бір кездегі сүйгенінің көңілін сұрай келген Айымша сыртқа шығарып айтпаған, жүрек түкпіріндігі сағынышты мейірімге толы көз жанарымен жеткізсе, Маратбек жалғыз ауыз «Айымша» деген сөзге барлық ризалығын, алғысын, сол есімге барлық аңсарын сыйғызғандай. Екеуінің арасындағы қарым-қатынас парықсыз жастықтың желігі емес еді. Өмір бойы Маратбекті жақсы көрді. Романда Маратбектің ой елегінен өткізіп, еске алуы арқылы сипатталатыны болмаса, Айымшаға берілетін портрет көп емес. «Өзі де әйел жынысының әдемісі еді... Көздері ғажайып еді! Ұзын кірпіктерін серпіп қалғанда, аржағынан найзағай отындай уытты жанар шоқ шашып, қандай жанды болсын дір еткізетін» [4,16]. Бұл – Айымшаның темір жол құрылысына алғаш жұмысшы болып келгендегі сипаты. Еркек біткеннің көз құртына айналып үлгерген бойжеткеннің таңдауы балалы-шағалы Маратбекке түседі. Араларында ғашықтық, махаббат, болмаса «сүйдім, күйдім» дейтін үйреншікті сөздер жоқ, автор романның сюжеттік желісі арқылы кейіпкерлерінің шынайы сезіміне оқырманын сәндіреді. Нәзіктікпен қоса қажыр-қайраты мол бойжеткен жастығына, әдемілігіне қарамай, барлық өмірін бір Маратбектің жолында құрбан еткен жан. Оның риясыз сезімі сондай шынайы, бойында қазақ әйелінің шектен шықпас салқын сабыры бар. Жүрегі қан жылап, сағыныштан сарғайып жүрсе де сүйгенінің отбасылық өміріне кедергі жасағысы келмей, ұзақ жылдар жырақта өмір сүреді.

Бала кезінде Сайлаубек бірде әкесімен бірге вокзалда келе жатып, Айымшаны кездейсоқ көріп қалады. «Сайлаубекке бейтаныс әйел сәл-пәлде қырық өзгерді. Біресе күліп, біресе кемсеңдеп аузындағы жалғыз сөзді сағыздай созады.

- Маратбек! Маратбек-ау!» [4,42].

Баланың есінде сүйгеніне ынтыққан әйелдің осы бейнесі мәңгілік қалып қояды. Арада көп жылдар өткеннен кейін сол оқиғаны есіне түсіріп, әкесімен кездескен әйелдің халін түсінбегеніне, балалықпен қызғаныш білдіргеніне

кынжылады. Баланың қабылдауындағы Айымшаның психологиялық портреті, іштегі алай-дүлей арпалыстың буырқанған сыртқы көрінісі соншалықты дәлдікпен берілген. Әке мен Айымшаның арасындағы үзілмеген нәзік сезімді түсіністікпен қабылдауының басты себебі – сырлы сезімді өз басынан өткізуінде жатыр. Әйімгүл атты келіншекпен танысып ұнатып қалғанмен, одан айырылып қалады. Кейінірек кездейсоқ кездесіп қалған кезінде жақсы көрген адамының жан-дүниесіндегі өзгерісті, ынтыққан көңілді, жүрек лүпілін, қан тамырының соғысын жан-тәнімен сезгендей болады:

«Әйімгүл.. Бұрынғы өзінің Әйімгүлі сондағы бұған деген ынтық пейілмен елжірей қарап қалған екен. Езуіндегі әлсіз дірілді жасыра алмай, күлімсіреген түр танытқанымен, қайқы ұзын кірпіктерді жасаңғыратқан бусаңғы дымқыл жанардағы мейірімді де, әлдебір ішкі күйзелісті де қабат тұндырып тұр. Сол-ақ екен жігіттің тұлабойында бір аяныш сезімі, аңсау сезімі алай-түлей көтерілді. Анау бота көздер сағына, аймалап жатқан өз бейнесін жәудіреген қарашықтан көріп, енді болмаса бас салғалы құшақтап, бауырына басып ынтығын, назын, зарын айтпақшы еді» [4,184]. Автор бірі арқылы екінші кейіпкерінің, ынтазар жанның, портретін ұсынып отыр. Айымша мен Әйімгүлдің портреттерінен сүйген адамын кездестірген кездегі бет-жүз бен көз жанары арқылы адамның ішкі дүниесінде болып жатқан түрліше психологиялық хал-күйді таныту мүмкіндігінің жоғары екені сезіледі әрі бұндай портреттер кейіпкерлердің образын жан-жақты ашуға септігін тигізеді. Айымша ішкі сезімді сүйгенінің есімін дауыстап аса бір жылылықпен айту арқылы білдірсе, Әйімгүл үн-түнсіз, бота көздерімен аймалай қарап, көз жанары арқылы білдіреді. «Көздің – адам көңілінің айнасы» екенін романның өн бойынан деміл-деміл сезінгендей боламыз. «Қынама камзолын белін үзілдіре түгел түймелеп алған Айымша қабырғаға сүйеніп тұр екен. Сәл ілгері ұмсынып, елегізе жалт етті. Паровоз зу етіп, жер солқылдатып қасынан өте шықты.

Сол сәтте біріне-бірі қадалған көздерінде бірінің-біріне деген сағынышы, бірінің-біріне деген сәлемі, бірінің-біріне деген ықыласы – бәрі-бәрі лүпілдеп тұрған еді. Жанардан ұшқыр нәрсе жоқ. Жылт еткенде бет-жүздегі тілсіз тілекті қағып өкетіп жанының жайлауына жайып жібереді» [4,217]. Жазушы кейіпкерлерін көп сөйлетпейді, олар үнсіз ұғысады.

«Үнсіздік – кейіпкердің ішкі жан әлемін ашуда ең үлкен жауапты да көркемдік психологиялық қызметті атқарады. Ол әсіресе мынадай жағдайда, психиканың ең терең пластикасы және ішкі жағдай өте қарама-қайшылықты, күрделі және бұлыңғыр кезінде сәтті қолданылады. Және ондай психологиялық сәтті өзге ешқандай бейнелеу тәсілі алмастыра да алмайды. Үнсіздіктің өзі адамның тұңғыық жан дүниесін жан-жақты ашуға және психологиялық ауыр жағдайды одан әрі күрделендіруге, күшейтуге, динамикалы дамытуға салмақ салады» [5,71]. «Бұлақ» романының негізгі

тақырыбы махаббат, ғашықтық болмағанмен, адами құндылық мәселесінің астарында басты кейіпкерлерінің сезімдері шынайы көрініс тапқан.

«XX ғасырдағы «жылымық» деп аталатын кезеңнен басталған жаңашыл пайымдаулар рухани түлеудің жаңа бір кезеңі болды да көркем ойлаудағы сыншылық ұстанымдар қайта жандана бастады. Мызғымастай көрінген кеңестік санаға қозғау салуда, тоталитарлық жүйенің негізін шайқалтуға 1970-80 жылдардағы прозашылардың жаңа легі де үлес қосты» [1, 16].

Софы Смағаяев Сайлаубек бейнесі арқылы кеңестік дәуірде ашық айтыла қоймайтын кейбір жайттардың басын ашады. Мәселен, Мәскеуде Жазушылар Одағында шетелден келген адамдармен кездесу үстінде шетелдік қонақтың сұрауына жауап беру барысында, Қазақстандағы топонимикалық атаулар туралы, яғни бүгінде көптеген елді мекен атауының орыстанып кеткені туралы ашық шындықтың бетін ашады. Оның соңғы жазған дүниесі Одақта талданған кезде кеңестің дәуірде шығармашылық өкілдерінің арасындағы болып отырған бақталастық, көре алмаушылық тәрізді жағымсыз жайттар сезіліп қалады. Жиында сөз сөйлеген біреудің тап сол сәттегі психологиялық портреті беріледі. Бір жерде ғана сөйлеп, жалғыз мәрте жалт етіп көрінгенмен, эпизодтық кейіпкер өзінің болмысынан хабар бергендей. Бұл ретте портреттің атқаратын қызметін жоққа шығаруға болмайды. Қимыл-әрекеттің басын шайқау, сұстанып көзін аларту, даусын соза сөйлеу, көзбен түйреу тәрізді түрлері осы әрекет иесінің жағымсыз мініз-құлқын анықтауға қызмет етеді.

Романды бастан-аяқ сүзіп шыққанда кейіпкердің характерлік ерекшелігін ашуға қызмет ететін психологиялық портреттің басты нысаны – көз жанары екені аңғарылды. Қарау етістігіне қатысты төмендегі мысалдарды тұтастай келтіруді жөн көрдік: корқыныш толы қос тостаған көздерімен кірпік қақпай бағжиып қарау; қарашығын кішірейте ұзақ бажайлау; жанарын төңкеріп жан-жағына мөліе қарау; көзін қысыңқырай, қарашығын тесірейтіп ұзақ қадалу; ойнақыланып тілне қадалу; ағы көп, қарашығы кішкене көзбен тіміскілей алақ-жұлақ қарау; күлімдеген көзбен жаудырай қарау; елжірей қарау; бетіне кірпік қақпай тесірею; сұлық мөліген қой көздерді, май басып кеткен кішірек көздерді мейірлендіре күлдіріп, жанарымен аймалау; шегір көзді кішірейіп, дөп-дөңгелек екі ұңғыдан қарашықтары тесірейт; ұрлана көз тастау.

Сонымен бірге автор адамның жүзіне өң-түсіне қатысты екі беттің от қарығандай ду ете түсу, құп-қу боп кету, қуқыл тарту, қас қағымда сүп-сүр боп қуара қалу, нұрлана құбылу тәрізді психологиялық күйді берсе, одан өзге сандаған кейіпкердің қырылдақ дауыспен самбырлай сөйлеу, ернін жымқыру, ашуланған кезде ит көрген мысықтай жиырылу, дірілдеген дегбірсіз саусақтармен формалы қалпақты умаждап бүріп алу, жауырынды қушытып, бүктетіліп еңкіш тарту, тісті егеу, қасты түю, мандайдағы сызықтардың жел керегендей дірілдеп жиырылуы сияқты түрлі жағдайға сай өзгеріп, ауысып отыратын психологиялық ахуалын жайып салады. Әр

кейіпкерге қатысты осындай психологиялық жай-күй назардан тыс қалмайды. Романдағы көркем бейнелердің ішкі әлемін ашуға портретті ұтымды қолдану – жазушы шеберлігінің бір қыры деп түйіндеуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жарылғапов Ж. Қазақ прозасындағы әдеби ағымдар және көркемдік әдіс. Автореферат. Диссертация ф.ғ.д. – Астана: 2009. – 25 б.
2. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – Алматы: Жазушы, 1993. – 624 б.
3. Хамзин М. Қазіргі қазақ романы: Оқулық. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001. – 205 б.
4. Сматаев С. Бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1983. – 296 б.
5. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.

Резюме

Данная статья раскрывает проблемы создания художественного образа путем раскрытия психологического портрета главных героев. Анализируя образы, созданные С.Сматаевым в романе «Булak», мы отмечаем его вклад в создание психологической прозы.

Resume

This article deals with images' system of the novel "Bulak" by Sofy Smataev. The author focuses on function of psychological portrait in describing character's image.

УДК 82-02

ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ АРГОТИЧЕСКОЙ ЛЕКСИКИ В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Г.У. Ибраев

*Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова,
г. Караганда*

Язык художественной литературы издавна испытывал влияние арготической лексики. Писатели часто пользуются лексическими средствами (которые находятся за пределами литературного языка), с целью речевой

характеристики своих персонажей или описания определенной ситуации. Это, как правило, малоупотребительные и малоизвестные большинству его носителей слова, ограниченные рамками какой-либо узкой сферы: территориальной, профессиональной, социальной. И когда писатель обращается к жизни криминального мира, то соответственно речь его персонажей начинает изобиловать арготическими словами и выражениями.

Вопрос о допустимости арготизмов в языке литературы, который так остро встал в прошлом веке, - по мнению Э. И. Береговской, - то и дело возникает в литературной критике и филологических работах, являясь поводом для взаимоисключающих суждений. Между тем, процесс проникновения арготизмов происходит на наших глазах, и необходимо объективно разобраться в его особенностях. Это углубит наше представление о стиле художественной литературы, об эволюции художественной речи» [1].

В советской литературе арготизмы наиболее часто встречаются в произведениях Л. Леонова, П. Нилина, Г. Медынского, В. Шаламова, братьев Вайнеров, Н. Леонова. В современной российской литературе можно с уверенностью говорить о том, что каждый второй писатель использует арготизмы - В. Пелевин, Б. Акунин, Э. Лимонов, А. Бушков и др. Из казахстанских писателей можно отметить М. Конурова, посвятившего свои произведения тюремному миру. При этом следует иметь в виду, что принципы воспроизведения социально-типической речи не могут быть натуралистическими, т.к. «художественное произведение не является памятником или документом ни областной диалектологии, ни социальной жаргонологии» [2].

Писатели, употребляя арготическую лексику, преследуют различные художественные цели, необходимые, например, для описания социальной характеристики героя, для создания колорита, обстановки людей “дна”. Арготизмы могут быть приметой определённой эпохи, определённого времени.

- Николас положил неприятному человеку руку на плечо, сильно стиснул пальцы и произнес нараспев:

- Борзеешь, вша поднарная? У папы крысячишь? Ну, смотри, тебе жить (Б. Акунин Алтын-толобас)

В данном примере арготизмы используются для экономии языковых средств, в данном случае не обнаруживается эквивалент в современном русском языке.

В зависимости от характера изображаемого художественные произведения, описывающие мир уголовников, делятся на пять групп (деление это было предложено М.А. Грачевым):

а) дающие общую картину социального “дна” в его естественном состоянии (Л. Леонов “Вор”, В. Каверин “Конец ха’зы” и др.);

б) показывающие мир деклассированных элементов и борьбу с ним правоохранительных органов (А. и Г. Вайнеров “Эра Милосердия”, С. Устинова “Неустановленное лицо”, Н. Леонова “Агония” и др.);

в) описывающие жизнь преступников в местах лишения свободы (наиболее показательная повесть Л.Габышева “Одлян, или Воздух свободы”);

г) рассказывающие о жизни политических заключённых и профессиональных преступников в местах лишения свободы (произведения А. Солженицына, В. Шаламова, А. Жигулина и др.);

д) посвящённые проблеме преступности среди подростков и путям перевоспитания несовершеннолетних правонарушителей (А. Макаренко «Педагогическая поэма», Г. Медынский «Честь») [3].

Для всех перечисленных произведениях, описывающих мир деклассированных элементов, характерно употребление арготизмов как в авторской речи, так и в речи главных и второстепенных героев. При этом авторское толкование арготизмов даётся не всегда и поэтому иногда смысл, лексическое значение непонятно из контекста. Всё это затрудняет чтение и восприятие самого произведения.

Писатели по-разному вводят и употребляют арготическую лексику в своих произведениях. В повести Л. Габышева «Одлян или воздух свободы» имеется довольно богатый материал слов и выражений уголовного языка, который представляет определённый интерес для лингвистической науки с позиции социолингвистики [4]. Автор использует арготизмы как одно из средств обрисовки характера героев, их принадлежности к тюремному миру. Автор не выделяет арготизмы графически: кавычками, скобками, курсивом и т.д. Они употребляются в авторской и прямой речи героев. Почти все арготические слова, использованные автором, обозначают реалии зоны, тюрьмы, например: бессрочка - детские воспитательные колонии (сейчас - специализированные ПТУ), банки ставить - способ проверки новичка на способность переносить боль скрученным в жгут вафельным полотенцем, на конце которого привязана алюминиевая кружка, бьют по ягодицам, кормушка – окошко в двери камеры, через которое подают еду и др.

Часть вводимых арготизмов писатель объясняет сам, значение других арготизмов видно из контекста и встречаются арготизмы, которые остаются без определения, значение некоторых воровских слов «объясняют» сами герои произведения.

Нельзя сказать, что в данной повести «профессиональная» лексика преобладает над «бытовой». Перевес наблюдается в эпизодах, когда жизнь деклассированных элементов описывается в наиболее острых ситуациях — моментах совершения преступлений.

«Бытовая» лексика арготизмов более полно представлена в повести Л.Габышева, так как автор показывает жизнь преступников в местах лишения свободы, где нет широкого поля деятельности для правонарушений, и большое значение в их жизни имеет бытовая сторона.

Привлечение писателями, поэтами арготизмов в язык художественной литературы является вполне закономерным и неизбежным процессом.

Произведения, повествующие о деклассированных элементах, без арготизмов были бы бедны, литературные герои - недостоверны. Кроме того, некоторым арготизмам нет эквивалентов в русском литературном языке, например: бацилла - пищевой продукт, в котором имеется много жира, взросляк - место лишения свободы, где отбывают наказание совершеннолетние преступники, вольняга- вольнонаемный рабочий в местах лишения свободы, гастроль - поездка уголовного с целью совершения преступления, дубак - контролер в исправительно-трудовом учреждении, задник - задний карман брюк и др.

Думается, что при использовании арготизмов в языке художественной литературы важно учитывать характер выбираемых лексем, не были вульгарными, четко отражали то или иное явление и т.д. Важно также, чтобы литературное произведение не было бы ими перенасыщено.

Говоря о проблеме арготической лексики в языке художественных произведений, Л.И. Скворцов считает, что это очень «сложная и многообразная». При введении их в литературное произведение следует учитывать соразмерность, сообразность, так как в подлинно литературном произведении все средства подчинены наиболее эффективному выполнению поставленной перед собой автором идейно-художественной задачи.

Арго, как особый подраздел лексики, может быть описан, по крайней мере, с трех сторон:

А) формальной, т.е. с точки зрения способов номинации, используемых при образовании арготической лексики;

Б) стилистической, т.е. с точки зрения стилевых особенностей, выделяющих его среди других пластов лексики;

В) с точки зрения сфер и ситуаций его употребления, определяющих его место как подсистемы социального членения языка.

С первой точки зрения арготическая лексика представляет собой достаточно необычную лексическую систему, которая, как правило, берет за основу лексику общенародного языка. Также используются диалектные слова, которые изменяются почти до неузнаваемости из-за интенсивного использования всего запаса словообразовательных средств языка: фонетических изменений слов (метатеза, усечение, наращение), морфологического словообразования (аффиксация, словосложение) и семантического словообразования (все виды известных языку тропов). Одновременно в арготической лексике широко используются иностранные заимствования и при этом, как правило, такие, которые неизвестны литературному языку.

Специфика арготического слова заключается в необычном своем звучании, причудливом и экзотичном. Как правило, арготизм бывает хлестким и метким в характеристике какого-либо явления.

Арго можно сравнить с так называемым экспрессивным просторечием по следующим признакам: по частотности употребления приемов, о

которых мы говорили выше; по высокой экспрессивности; по особой стилистической окраске.

Лингвистика саласында қолданылатын концепт термині бір жағынан жаңа, ал екінші жағынан ескі ұғым деп есептеуге болады. А.Вежбицкая «концепт» терминін адамның болмыс әлемі туралы жекелеген белгілі бір мәдени-негізделген көзқарастарымен берілетін шынайы әлемнің объектісі деген анықтамасы лингвистика саласында алдыңғы орынға қойып отыр. А.Вежбицкая мәдениетті жекелеп алған мәдениет үшін ерекше маңызды ретіндегі «тірек сөздер» арқылы қарастырады. Бұл сөздер негізгі мәдениеттің біртұтас салалары шоғырланған орталық нүкте ретінде талданады [4,286 б].

Ю.С. Степановтың зерттеуі бойынша, концепт дегеніміз – ұғым сияқты қалыптағы құбылыс. Орыс тілінде концепт және ұғым сөздері өзінің ішкі формаларына қарай бірдей мағынада болып келеді: концепт латын тілінен калька ретінде алынған *conceptus*- «понятие» сөзі, ол *concipere* «зачинать» деген етістіктен пайда болған, яғни сөзбе-сөз айтқанда «понятие, зачатие»; «понятие» дегеніміз «пяти» етістігінен туындаған, ежелгі орыс тілінде бұл етістік «погати», «понати», «схватить», «вять в собственность», «взять женщину в жены» деген мағыналарда қолданылған. Ю.С.Степанов қазіргі кезде бұл сөздердің нақты айырмашылығы бар деп көрсетеді.

Автордың пікірі бойынша, концепт және ұғым – түрлі салалардың термині болып табылады: оның екіншісі негізінен алғанда логика мен философия салаларында, ал алғашқысы, яғни концепт логиканың бір саласында – математикалық логика, сонымен қатар мәдениеттану саласында қолданылады.

Автор мұнымен қатар концепт адам санасында ұйып қалған мәдениеттің бір түйіршегі деп есептейді; яғни, мәдениеттің адамның менталитеттік әлеміне кіретін күйін автор осылайша айтады. Екінші жағынан алғанда, концепт ұғымы арқылы адам – қатардағы, қарапайым адам болып саналады, яғни адам «мәдени құндылықтарды туындатушы емес», керісінше, сол мәдениетке өзі кіреді, ал кей жағдайда тіпті оған тікелей әсер етеді [5,43 б]. Ю.С.Степановтың пікірінше, ұғыммен салыстырғанда бұл терминнің өзіндік мағынасы тек ойға ғана емес, сонымен қатар күйзеліске түседі. Олар адамның көңіл-күйін, эмоциясын, сүйініші мен күйінішін жеткізетін құрал. Концепт – адам баласының ментальдік әлеміндегі негізгі ұяшық.

Ю.С.Степанов концептінің үш қабатын, яғни үш компонентін бөліп қарастырады: (1) негізгі, өзекті белгі; (2) қосымша, немесе бірнеше қосымша, «пассив» белгілер, бұлар өзекті емес белгілер; (3) «ішкі форма», ол сыртқы, сөздік формада байқалмайтын, танылмайтын концепт.

Концепт терминін талдау барысында көптеген зерттеушілер оның мәнін жан-жақты ашатын ұғымдар ретінде «сөздің ішкі формасы», «прототип» терминдерінде де тоқталады.

М.Т.Күштаева: «Концепт пен ішкі форма» терминдерінің мәнін ажырату қиын. Бұл терминдер сөздердің алғашқы мағынасын, ұлттық мәдени тілдік құбылыстың ерекшелігін түсіндірудің кілті болып табылады. Олардың айырмашылықтары сақталуы мен қызметінде. Сөздің ішкі формасы жоғалып кете алады, ал концепт әрқашан сөзбен бірге өмір сүреді. Сондықтан концепт қатары тұрақты дейді [6, 35 б].

Е.С. Кубрякова, Е.З. Демьянков, Ю.Г. Панкрац, Л.Г. Луцина құрастырған «Краткий словарь когнитивных терминов» сөздігінде концепт терминіне мынадай анықтама берілген: «Концепт – біздің санамыздың және адамның білімі мен тәжірибесін білдіретін ақпараттық құрылымның психикалық немесе ментальдік ресурстары бірліктерін түсіндіруге қызмет ететін термин; адам жадының, ментальді лексиконының, мидың тілі мен концептуалды жүйесінің, адамның психикалық қалпымен сипатталатын әлемнің барлық көрінісінің жедел мазмұндық бірлігі [7, 90 б]». Осы аталған авторлардың ойынша, ең маңызды концептілер тілде кодталады.

Ғалым В.В. Колесов екі терминді бір-бірінен ажырата білу қажеттілігін айтады: *conceptus* (ұғымдар (понятие) және *conceptum* («ұрық») («зародыш») сөзімен мағыналас; «дән» («зерно») – тікелей концепт терминіне қатысты [8, 123 б]. Концепт терминінің түбегейлі мағынасын ескере отырып, оны ұғыммен синоним термин ретінде қолданудың қажеті жоқ. Автор концептінің таза болмысты білдіретіндігін айтады, оның тұжырымы бойынша, концептінің мұнда уақыты да, кеңістігі де болмайды; бұл мәңгілік және эмпирикалық жолмен түсінуі мүмкін емес төртінші өлшем.

Концепт шынайы қалыпта болатын, кез келген мәдениет үшін өмірлік қажетті тіл, фонема, морфема және ғылыммен анықталған мазмұн жобасының «ноумендері» сияқты сөзге бейнелі түрде берілетін ой сөйлесімінің болмысын айқындайды. Концепт сөздік таңбаның семантикасында өзгеріске түспейтін термин, керісінше, осы тілдегі сөйлеушілердің таңдауын анықтап және тіл-сөйлесімнің әлеуеттік мүмкіндіктерін жасай отырып, олардың ойлауына белгілі бір бағыт береді.

Концептің жүзеге асырылуының бастапқы формасы бейне болып табылады. Ал концептінің мазмұндық формасы – белгі. Шынайы белгіні шеттен алып пайдалану мүмкін емес, өйткені ол өзінің даму жолында табиғи тілден пайда болады. Бейнені суреттеуге, ұғымды анықтауға, ал белгіні тек түсіндіруге болады. Белгі бейне мен ұғымды, сонымен қатар концептіге оның бір формасы арқылы жақындау мақсатында мән мен құбылысты да тереңірек топтайды.

Н.Д. Арутюнова «концептілер зат есім және етістіктік категориялардың тоғысуының нәтижесінде қалыптасады: етістіктік категориялар пікіріндегі, яғни

сөйлемдегі мағынаның қимылын жасаса, зат есімдер – оларды жасалынған, аяқталған факт ретінде белгілейді» - деп тұжырымдайды [9, 102 б].

Сонымен жоғарыдағы ғалымдардың концепт терминіне берген анықтамаларын, ғылыми зерттеулердегі тұжырымдарын салыстырасаралай келіп, өзім мынандай түйіндеме жасадым: концепт – қоғам туралы түрлі ақпарат беретін ұлттық-мәдени-танымдық ұғымның тіл арқылы бейнеленуі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кубрякова Е.С. Проблема субъективности в когнитивной лингвистике // Известия РАН Сер лит и языка, 2005 Т. 64: с. 3-13.

2. Нерознак В.П. Теория словесности старая и новая парадигмы / Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология / Под общ. ред В.П. Нерознака. – М., 1997. – 8с.

3. Аскольдов С.А. Концепт и слово/ Русская словесность. Антология. -М., 1997-268с.

4. Демьянков В.З. Понятие и концепт в худ. литературе и в научном языке // Вопросы филологии. – 2001. №1(7). – С. 35-46

5. Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков / Пер. с. англ. А.Д. Шмелева; под ред. Т.В.Бульгиной, - М.: Языки русской культуры, 1999. – I – XII. – 780с.

6. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. Изд. 2-е, испр. И доп М.: Академический проект. – 2001.- 990с.

7. Күштаева М.Т. «Тарь» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. Филол ғыл канд. ... автореф.- А., 2005.- 24б.

8. Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико – фразеологической семантике языка. – Воронеж: Издательство Воронежского государственного университета, 1996. – 104с.

9. Колесов В.В. Философия русского слова. – СПб.: ЮНА., - 2002. - 448с.

Резюме

В статье рассматривается определение понятия «концепт» как основы категории «познания», а также различные взгляды ученых по данной проблематике.

Resume

In the article there is considered the definition concepts as the base of the categories of `cognition`, also given the different views of scietists by this problems.

ДЫБЫСТЫҚ ТІЛДІҢ КӨМЕКШІ ҚҰРАЛДАРЫ

А.Н. Мұратова

Қарағанды «Болашақ» университеті, Қарағанды қ.

Дыбыстық тіл – адам баласының бір-бірімен пікір алысу, қарым-қатынас жасаудағы ең басты құралы болғанымен, олар тек сөз арқылы ғана емес, сонымен қатар дененің түрлі қимыл-қозғалысы, таңба, белгі сияқты амалдар арқылы да түсінісе алады.

Тілдегі осы сияқты таңба, ым мен ишарат, пантомимо тілімен қарым-қатынас жасауын зерттеу теориялық та практикалық жағынан маңызды. Коммуникацияның бейвербалды амалдарына байланысты Ж. Аймауытов беттің ымын мимика, ал ымдасуды пантомимо деп атап, олардың өзіндік ерекшеліктерін сипаттап, нақты мысалдармен дәлелдейді. Тілші ғалым Т. Қордабаев: «Ым тілі жасанды емес, ол ұрпақтан ұрпаққа ауысып, мұра ретінде беріліп отыратын табиғи құбылыс. Шарттылық ым тілінде тым елеусіз, сондықтан ол негізінде интернационалдық құрал, оны бірінің тілін бірі білмейтін адамдар да түсіне алады. Барлық халықта жұдырық көрсетуді қорқыту деп, қол бұлғауды шақыру деп түсінеді. Сөйленістің вербалды тәсілдерімен бірге жүретін кинесикалық, проксемикалық, просодикалық амалдар мен қимылдар лингвистикада бейвербалды қатынастың құрамында болатынын түсіндіреді. Паратілдік құралдар да дыбыстық сөздер сияқты өте тиімді және ыңғайлы болып есептеледі. Шынында да, адамдар бірін-бірі белгілі бір дыбыстар арқылы ғана емес, қимылдар арқылы да түсінісе алады [1,234] десе, тілтанушы Б. Момынова мен С. Бейсенбаевалар: «Дене тілі, ым мен ишарат – тілдің әлеуметтік, психологиялық лингвистика сыйды салаларының фактілерін салыстыра, салғастыра отырып, кешенді зерттеуге қол жеткізуге болатын, қазақ тіл біліміндегі теориялық тұғыры әрі толық анықтала қоймаған жаңа сала. Кейбір ым мен ишараттың тұтас сөйлем немесе сөз, фраза орнына жұмсала беретінін ескерсек, қазақ тілінің лексика, синтаксис және фразеология, семантика салаларын зерттеуде әлі толық пайдаланылмаған, бірақ пайдалануға тиісті материал екені айқындалып шыға келеді» [2,7] деген тұжырым жасайды. С. Мағжан қазақ тіліндегі бейвербалды элементтердің көп мағыналылығы еңбегінде: «Паралингвистика сөйленіс кезіндегі, оның ішінде ауызша қатынас кезінде қатарласа жүретін дыбыстық кодтармен шұғылданады. Бұл дыбыстық кодтар информацияның белгілі бір мән-мағынамен баюын, бағалауыштық және мағыналық түрлі рендердің болуын, сонымен бірге олардың тілдік қатынас кезінде өмір сүруін қамтамасыз ететін мағыналық дыбыстық кодтар.

Аталмыш паралингвистикалық құбылыстарға сөйлеу қарқыны, дауыс түрлері, интонация, еліктеуіш сөздер, күлкі, жылау, сыбырлау т.б. жатады. Ал дене қимылдары, мимика, кейіп сияқты коммуникацияның көмекші құралдары кинесиканы құрайды [3,9].

Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, тілдегі бейвербалды амалдар, біріншіден, бірінін тілін бірі білмейтін халықтардың арасындағы қатынас құралы қызметін атқарады. Мысалы: «бас бармағын» көрсету ишараты қазақ және орыс, қытай, корей, Ұлы Британия халықтары тілдерінде «жарайсың», «керемет», «күшті», «тамаша» сияқты сөздерінің орнына қолданылса, Австралия, Жаңа Зеландия елдерінде осы мағынасымен қатар «барлығы жақсы» және көлікті тоқтату кезінде қолданған. Аталған ым-ишараттар барлық елде бірдей мағынада қолданылмайды. Мәселен, Болгарияда адам басын шайқау арқылы «иә» дегенді білдіріп, басын изеу арқылы «жоқ» дегенді білдірген. Арабтар «жоқ» дегенді білдіргенде басын артқа шалқайтып, таңдайын қағады, малайлықтар тек көзін ғана жұмады.

Екіншіден, дыбыстық тілмен қатар қолданылып, қосымша қызметті атқарады. Себебі, адамдардың бет-әлпетіне қарап-ақ олардың актуальды психологиялық, көбінесе эмоциялық жай-күйін, мысалы, оның ашулы немесе таңырқаулы ма әлде, қандай да бір жайға мазасыздануы не қуанышты екенін өздері айтып жеткізбей-ақ аңғара аламыз. Мысалы: Елемес қайтадан қуанды. Көзі жайнап кетті, бетіне күлкі жүгірді. Қолын жайып, Ильяны құшақтап сүйіп-сүйіп алды. Илья қуанып тұрып бас бармағын көрсетті (С. Ерубаев. Менің құрдастарым, 215-б.) деген сөйлемдердегі Елеместің қуанышын оның жүзіндегі түрлі қимылдарынан байқауға болса, Ильяның «бас бармағын көрсетуі» арқылы «жарайсың», «кереметсің» деген ойларды аңғаруға болады. Сонымен қатар мына бір үзіндігі назар аударайық: Абай Байдалы сөзіне орай айтпақшы емес. Бірақ жақсы, жаман деп сыр да берген жоқ. Сәлемдерін ұғып болып Байдалыға қош айтпақ болып еді. Қамшысын ұстап, тымағын киді. Осы кезде Байдалы тағы бір ырғала түсіп, „Әлі де тындап кет, дегендей белгі етті. Абай тымағын қайта қолына алды (М.Әуезов «Абай жолы»). Мұндағы Абайдың қамшысын ұстап, тымағын киюі қайтқалы тұрмын дегені, ал оны Байдалы түсініп, „әлі де отыра тұрсайшы, дегендей бір ырғалып түсуін Абай түсінеді де қайта тымағын шешіп отырады.

Үшіншіден, бейвербалды амалдарды қарым-қатынас кезінде ойды, пікірді нақтылай түсу үшін қолданып, сөзбен тығыз байланысты бола келіп, ойға түрліше реңк береді және нақтылайды, сөйтіп оның дұрыс қабылдануына ықпал етеді. Осы сияқты ойды дәлме-дәл беруде ым белгілі бір сөзбен айтылатын ұғымды алмастыра алады. Мысалы: қасын керу, көзді барынша ашу, ерін шығару, ауыз ашылу адамның таң қалғандығын білдіреді. Ал ашу-ызаны білдіруде қабағын түю, мандайын тыржиту, көздерін сығырайту, ернін жымқыру немесе тістеу сияқты ишарамен түсіндіріледі. Бірақ бұл ишарат кей

жағдайда басқа мағынада да қолданылады. Мысалы: Академик үндеген жоқ, қабақ түйіп тұрып қалды (С. Ерубәев. Мәнін құрдастарым, 1336.). Бұл жерде «қабағын тую» арқылы академиктің қатты ойға берілгендігін көрсетеді. Сондай-ақ, қуаныш езуліктердің сәл жоғары көтерілумен және жұмсақ жымыиыспен беріле алады. Ым тек бір сөзді ғана емес, сонымен қатар тұтас бір сөз тіркесі немесе сөйлемдерді де білдіре алады. Мысалы, біреуден біреу хал-ахуалын сұрағандай болса, ол бас бармағын көрсетумен «жаксы» дегенді, қолын сілтеумен соған керісінше «мәз емес» деген ұғымды білдіре алады.

Мысалы: Мына қатын Жұмабаймен бір күнде отырмайды, мұнда бір сыр болуы керек – деп атқамінерлер сенімсіздік білдіріп, бастарын шайқады. Бұл сөйлемде «сенімсіздік білдірді» деген пікірді «бас шайқау» ишараты арқылы нақтылап отыр. Сонымен қатар деңе қалпындағы түрлі өзгерістер адамның ішкі сыры мен толқынысын байқатады. Мысалы: Келіншек Абай жататын төсекті баптап салып болып қап еді. Тоғжан қолындағы торғын көрпені кеудесіне көтеріп, баурына қысыңқырап тұрып, келіншекке әдеппен ғана бұйрық етіп...Абайға бұ да дәл өзіне ғана арналған, өзгеше ықылас сияқты көрінді. Бірдеме айтар еді...айтқысы кеп еді. Бірақ, жүрегі лүпілдеп, аузына тығылғандай боп, түк сөз таба алмады. Құр ғана қызарып қысылды да, сырт киімін шеше берді. Тоғжан ақырын, сыпайы ғана кеп, Абайдың төсегіне торғын көрпені жазыңқырап қойды да есікке қарай қозғалды. Дәл шығар жерде ғана, өзінен бұрын есік ашқан келіншекті ілгені шығарып жіберіп, өзі бір түрлі сұлу қозғалыспен сырт айнала беріп, төрге таман ақырғы рет бетін беріп, үй ішінен сыртымен шықты (М.Әуезов «Абай жолы»). Бұл жерде Тоғжанның бөлмеден сырт айналып шығуы, көрпені жазыңқырап қоюы Абайға деген сезімін білдіру әрекеті, ал Абайдың қысылып, қызара түсуі, Тоғжанға жай ғана көз тастап қарауы оның ишарасына берген жауабы.

Төртіншіден, бейвербалды амалдардың астарындағы мағына мен мәнді шеше алмаса, ол өзгелер үшін құпия, жасырын болып келеді. Мысалы: Кіші жүздің биі мен Бекболат шешеннің арасындағы ишара: Кіші жүздің биі екі қолын айқастырыпты. – Бекболат «күп болады» депті. Би: Алақанын жұмып-ашыпты. – Бекболат «күп болады» депті. Би: Қолын сермеп-сермеп қояды. – Бекболат «күп болады» депті. Би қолын түйістіріпті. – Бекболат «күп болады» деп он саусағын көрсетіпті. – Би «күп болады» депті. Осындағы бір ғана «күп болады» деген сөз тіркесінен басқа ешқандай артық сөз жоқ. Тек қол, алақан, саусақ сияқты деңе мүшелерін түрлі қимылға келтіру арқылы шешендер бір-бірімен түсініссе, олардың жанындағы нөкерлерінің арадағы оқиғадан бейхабар екендігін мәтіннен байқаймыз. Осы үзіндідегі «екі қолын айқастыру» ишараты арқылы «алысуға жараймын», «екі алақанын жұмып-ашу» ишаратымен «татуласайық», «қолын сермеп-сермеп қояды» ишаратымен «қылыш сенде де бар, менде де бар, қылыш сермемей-ақ қояйық» дегенді, «екі қолын түйістіруі» - құшақтасып дос болайық- дегенді білдірсе, он саусағын

көрсету арқылы «он күннің ішінде тарту-таралғынмен Абылай ханның алдына бар» дегені. Демек, ым мен ишаратты орайын тауып қолданса, ешбір дыбыстық тілсіз қарым-қатынас жасауға болатынын дәлелдей түседі.

Мәселен, соғыс жылдарына арналған Қасым Қайсенов шығармаларынан алынған: Иван Кузьмич, «бері жүр» дегендей, маған қолын бұлғап, өзі су жағасымен төмен қарай тартты (113). Иван, «мынаның өнерін көрдің бе?» дегендей, маған көзін қысып қалды (132). Александр Васильевич, «Әзірге тұра тұрайық» дегендей, үлкен саусағын шошайтып, көзін қысып қалды (160) деген мысалдардан байқайтынымыз қаншама іс-қимыл, үлкенді-кішілі, жағымды-жағымсыз әрекет, оқиға, қауіп-қатер туралы хабарлар, команда – бәрі де саңкылдаған, сампылдаған сөзбен емес, көбіне ым, көз қысу, қолын бұлғау, саусағын шошайту арқылы жеткізіліп, өзара түсініс, сөзсіз байланыс осылар тәрізді әр алуан амалдармен жүзеге асырылған.

Дыбыс және тілсіз қарым-қатынас түрлерінің байланыстылығы ұлттық-мәдени сөйлеу ерекшелігіне де қатысты. Олар түрлі ақпаратты дұрыс қабылдауға немесе сол дұрыс қабылдауға кедергі келтіруі де мүмкін. Дененің әрбір қозғалысы белгілі бір мағынаны береді. Сондықтан, жест адресанттың ұлты, тіршілік еткен аймағы және әлеуметтік қырларын танытады. Тілсіз коммуникация мынадай шарттарға негізделеді: қарым-қатынастарға түсушілердің дене қимылдарының, дауыс ырғағының, жымию, жест және мимикаларының бірдей болуы.

Әр халықтың өзіне тән ым тілі бар. Ол түрлі жағдайға байланысты түрліше көрінуі мүмкін, сондай-ақ адресант пен адресаттың жас ерекшелігі мен әлеуметтік ролін де байқата алды. Мысалы, арқаға қағу қолпаштауды, достықты білдіреді, бірақ ол үшін коммуниканттар жақын қарым-қатынастағы немесе әлеуметтік жағдайлары тең болуы қажет. Негізінде, бұл жест үлкеннің кішіге деген терең ықыласын байқатады, керісінше, кіші үлкеннің арқасынан қақса, қалыпты этикеттің бұзылуы болып саналады. Басқаша айтқанда, әлеуметтік қалыптасқан қағида бұл жесттердің қолданылу рамкасын белгілейді.

Қоғамдағы адамдардың арасында дыбыстық тілге көмекшілік қызметті атқаратын амалдардың бірі – таңба.

Қазақ тіл білімінде таңбаны ғылыми тұрғыдан қарастыру ХХ ғасырдан бастап қолға алынып келеді. Тілтанушы ғалым К. Жұбанов еңбегінде: ақпарат алмасудың «басқа амалдары бар» дегеніміздің мәнісі мынау: сүгрет арқылы көп оқиғаны білдіруге болады. Әр алуан дабылдар (сигнал) мезгілді, келе жатқан жақсылық, жамандық жайларынан жұртты хабардар етеді», – деген тұжырым жасайды [4,213], ал ғалым К. Аханов «Сөз бен таңба тепе-тең емес. Сөздің екі жағы «дыбысталу және мағына» бар екені белгілі. Сөздің осы екі жағының қайсысы таңбалық қызмет атқарады деген сұрақ туады. Бұл тіл білімінде әлі де шешімін таппаған өте-мөте күрделі проблема болып

саналады» – [5,123] деген тұжырым жасаса, ғалым Т. Қордабаев «Жалпы тіл білімі» еңбегінде: «Қандай да болмасын белгілі бір материалдық көрсеткішті таңба деп санау үшін, ол өзінің материалдық табиғатына тән емес, қосымша қызмет ретінде жүктелен бір нәрселерді білдіруі, хабарлауы қажет. Адамдар кез келген затты таңба ретінде пайдалана алады. Мысалы: терезе алдына бір шок гүл қою арқылы «үйде бөтен адам бар» дегенді хабарлай алады, бірақ ол үшін хабар берушімен хабар алушы арасында келісім болуы қажет. Олай болмағанда, таңба қосымша қызметін атқара алмайды» [1,237] – деп таңбаның хабар алысу құралы екендігін дәлелдейді. Осыған орайлас пікірді белгілі ғалым Б. Номаң: «Таңбаны қолдану үшін адамдар алдын ала бір-бірімен таңба жайлы келісіп алулары тиіс [6,5] – деп жазды. Бұл берілген тұжырымдардан кез келген көмекші таңбалар арқылы» түрлі оқиға жайындағы мәліметті беруге болатындығын және мұндай коммуникативтік қызметті атқаруы үшін адамдардың арасында алдын ала келісімнің болуы қажет екенін байқадық. Мысалы: Бір кезде Ленаның аяғы жіңішке сымға тиіп кеткенін сезіп, сымды ұстап көрді де, қатты өкінгендіктен басын шайқап, Нинаға сонымнан ер дегендей қолын бұлғап белгі берді де, жүгіре жөнелді (Қ. Қайсенов «Жау тылында», 175-б.).

Бұл сөйлемдегі «сым» белгілік қызметке ие, себебі сымның қозғалуы арқылы жақын маңда жау солдаттарының бар екенін анықтаған. Тағы бір мысал: Парашютті тез жиып фонардың қызыл жарығымен үш рет сигнал береді. Біз де сол сигналды беріп орнымыздан тұрып, үлкен жерден келгендерді қарсы алдық (Қ. Қайсенов «Жау тылында», 178-б.). Бұл сөйлемдегі «фонардың қызыл жарығы» солдаттардың табысу белгісі екендігін контекстен байқаймыз. Бұл жерде аталған белгі арқылы солдаттар өздерінің межелі жерге келгендіктерін жолдастарына хабарлап тұр.

Жоғарыда келтірілген мысалдардың қайсысында болмасын таңба адамдардың арасындағы хабар алмасу қызметінде жұмсалып тұр. Тілші ғалым Ф.Оразбаева бұл жасанды таңбалардың тілдік таңбалардан құрылымы, қызметінің көлемі, мәні жағынан өзгешелігі бар екенін айта келіп, былайша саралайды:

1. Дыбыс тілі және оның таңбалары семиотикалық хабаршы таңбалардай тек бір нәрселерді мәлімдеп қана қоймайды, сонымен бірге ол – айналадағы өмірді танып-білудің, ойды қалыптастырып, дамытудың да құралы, басқаша айтқанда, адам баласының бүкіл күресі мен дамуының құралы;

2. Лингвистикалық таңбаларды белгілі біреулер, яки, шағын бір ұжым жасамайды. Ол сол тілде сөйлейтін бүкіл қауымның табысы, сондықтан ол тілдік ұжым мүшелерінің барлығына да белгілі, жалпыхалықтық болады.

3. Қызметі жағынан алғанда, лингвистикалық емес таңбалар алдын-ала белгілеп қойылған белгілі бір жайды ғана хабарлайды, білдіреді. Олардың коммуникативтік рөлі сапасы жағынан да, сандық жағынан да мейлінше шағын, бір объектіге ғана тәуелді.

4. Тілдік таңбаларды іріктеп, екшеп, түрлендіріп, алуан түрлі хабарларды жан-жақты етіп құбылтып беру мүмкіндігі бар.

5. Лингвистикалық емес таңбалар жүйесінде таңбаның бір ғана предикаттық мәні бар. Ол ұсақ таңбаларға бөлшектенбейді. Сондықтан бұларда таңбалардың иерархиялық құрылысы, белгілі тәртіпте бір-бірімен байланысқа келуі дегендер жоқ. Өз жүйесіндегі басқа таңбалармен мағыналық байланысы болмағандықтан, әр таңбаның өзіне белгілеп берілген бастапқы мазмұны өзгермейді, басқа таңбалар мазмұнына әсері болмайды. Тілдік емес таңбалардың өнімсіз болатыны осыдан [7,345]. Зерттеуші пікірінше, кез келген жасанды таңба алдын ала белгілеп қойылған бір ғана ақпаратты жеткізеді, коммуникативтік қызметте пайдалану үшін адресат пен адресанттың арасында оның мағынасы жайында келісім болуы шарт.

Ғылыми әдебиеттерде көмекші таңбаларды материалдық сипатына қарай төмендегідей түрлерге бөлушілік бар:

Графикалық таңбалар. Бұған математика, физика, химия, логика сияқты ғылым саларында қолданылатын таңбалар мен әр түрлі мөр таңбалар жатады.

Мысалы: «Мөңке мен оның ұлы Тілеу» туралы аңызда: Бала Мөңке: Мына үйдің он ешкісі бар екен, бір үлкен көк серкесі бар екен, қара шолақ иті бар, жалғыз түйесі бар екен, оң көзі соқыр екен,-депті...

Балам, мұның бөріні қайдан білдің? – деп сұрағанда ол былайша жауап қайтарыпты:

Үйдің қонған жерінде ешкінің жатқан орны он екен. Қақ ортасында маңайына ешкімді жолатпай көк серке жатыпты. Оның серке екенін ізінен білдім жүннің көк екенін орнында қалған қылшығынан білдім.

Иттің шолақ екендігін қайдан білдің?

Ит құмда шоңқайып отырған екен. Отырған жеріне шолақ құйрығының ізі түсіп қалыпты және қара қылшық жатыр екен.

Әкесі: Түйенің оң көзі соқыр екендігін қайдан білдің?-депті.

Жолшыбай жолдың сол жағындағы шөпті шалып жеп, оң жағындағы шөпке тимепті, сонан білдім, - депті.

Әйелінің жүкті екенін қайдан білдің?- дегенде:

Ол түзге отырған жерінде екі қолын тіреп тұрған екен. Екі қабат күні жақындағанын содан білдім, – деп жауап беріпті Мөңке (Шешендік шиырлар,130-б.). Баланың тапқырлығын сипаттайтын осы аңызда кездесетін түрлі іздер: «қылшық», «ешкінің жатқан орны», «шолақ құйрығының ізі», «екі қолын тіреп тұру» графикалық таңбаларға жатады. Бұл жерде олардың топырақ бетіне түскен ізі арқылы сол жердегі тіршілік иелері туралы мәліметті алып отырмыз.

Акустикалық таңбалар. Бұған сөйлеу мүшелерінің артикуляциялары арқылы жасалатын таңбалар, белгілі мақсат үшін берілетін алуан түрлі

сигналдар, дыбыстар, қоңырау мен гудоктар жатады. Олардың барлығы есту мүшесі арқылы қабылданады. Есту арқылы қабылданатын таңбаларды олардың жасалу тәсілдеріне қарай кейбір ғалымдар вокалды таңбалар, аспапты таңбалар [3,35] деп екіге бөледі де, алдыңғысына дыбыстау мүшелері арқылы жасалатын сигналдарды, соңғысына әртүрлі музыкалық аспаптар арқылы жасалатын сигналдарды жатқызады.

Мысалы: Алексей кешке таман есік алдына шығып, өздерінің келген атына шөп салып жүрген болатын. Кенет біреудің ысқырғаны естілді... үйіне қарай жүре бергенде ысқырық тағы естілді. Сонан соң: «Біздің адамдар болса, ысқырып белгі бермесе керек еді ғой»-деп ілгері қарай жүре беріп еді. Жалт қараса енгезердей біреу дәл қасында тұр.

– Сен не қылған адамсың? Кім керек, – деді Алеша.

– Сендер жатқан үйге неміс солдаттары түсіпті дейді.

– Сен екеуіңе жанымыз ашып, басқа бір үйге орналастырсақ деген оймен келіп едім,-дейді әлгі жігіт.

– Олай болса, «мен келе жатырмын» дегендей неге ысқырасың, кімге ысқырдың?

– Көшенің екінші бетіне бір жолдасымды тастап, өзім дуалға шығып біреу қораға шығатын болар деп күтіп отырғанмын. Ысқырғаным «шықты» деп жолдасыма белгі бергенім ғой.

– Екінші рет неге ысқырдың?

– Екінші рет жолдасыма «кете бер» деп хабарладым.

Жоғарыда келтірілген үзіндіден «ысқырық» арқылы екі адамның бір-бірімен ақпарат алмасып тұрғанын байқауға болады.

Заттық таңбалар. Бұған жол бойына, көшелерге, кәсіпорындар мен мекемелердің маңдайшаларындағы белгілер, көрсеткіштер және әр әлеуметтік топтардың өздеріне тән киім түрлері мен формалары, әскери белгілер, түрлі жалаулар арқылы берілетін сигналдар жатады.

Мысал: Бір ағашты керосинге малып тұтатып алды да, терезенің форточкасынан үш рет жарқ еткізді (Б. Майлин. «Алынған кек», 212-б.). Бұл сөйлемдегі «үш рет жағылған жарық» арқылы өздерінің тұрған жерлерін басқаларға жеткізіп отыр.

Қорыта келгенде айтарымыз, тіліміздегі таңба да, бейвербалды амалдар да дыбыстық тілге көмекшілік қызметті атқарып, көп нәрседен мәлімет бере алады. Айталық, адресант пен адресатты ұлты, тіршілік ету территориясы мен жеке әлеуметтік ерекшеліктерінен, жас ерекшелігінен, тіршілік ету ортасы (қала, ауыл) жағынан танытады, яғни сөйлеушіні дәл сөйлеу стилін танытқандай жан-жақты қырларын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Мектеп, 1987. – 124 б.
2. Момынова Б., Бейсенбаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттын қазақша-орысша сөздігі. – Алматы, 2003. – 280 б.
3. Мағжан С. Қазақ тіліндегі бейвербалды элементтердің көп мағыналылығы //Канд. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 24 б.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1998. – 456 б.
5. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1978. – 493 б.
6. Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь справочник лингвистических терминов. –М.: Просвещение, 1985. – 399 б.
7. Оразбаева Ш. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2002. – 356 б.

Резюме

В настоящей статье всесторонне рассматриваются невербальные средства коммуникации, их интернациональные особенности. Описано единство знаков в общении, их свойства и функции, стиль символики разных народов.

Resume

The article reveals nonverbal means of communication their international peculiarities. The unity of these signs their functions and the usage of symbols of different nations is described.

УДК 81'27: 316.772.2 (574.5)

**СЕМИОТИЧЕСКИЙ СТАТУС ПРЕДМЕТОВ
УКРАШЕНИЯ ОДЕЖДЫ**

В.Д. Нарожная

ШИ МКТУ им. Х.Ясави, г. Шымкент

Костюм – это сложное образование, которое создается из целого ряда элементов, таких, как линия, крой, цвет, фактура ткани, украшения различного характера и предназначения. В той части костюмного целого, из которого формируется образ, наибольший интерес вследствие недостаточной изученности представляют различного рода украшения. К ним относятся броши, пояса, пряжки, пуговицы, бляхи и другие изделия, изготовленные специально для данного типа одежды.

Костюмные украшения могут многое рассказать о человеке определенной эпохи, в которую они были созданы. «Их семиотический статус как функционально взаимосвязанных и взаимообусловленных с костюмом предметов на протяжении многих столетий продолжал оставаться высоким, обладал как утилитарной, так и знаковой принадлежностью, соответствуя и практическим, и символическим требованиям, – отмечает О.В.Береговая. – Пол и возраст, переход из одной возрастной категории в другую, включение человека в систему родовых, этнических, сословных или служебных связей – все это на протяжении многовековой истории находило отражение в костюмных украшениях» [1, с. 119].

Например, «узор из полосы треугольников, квадратов и ромбов образовывал орнамент и обрамлял какую-либо часть туркменской одежды. Он выполнял определенную функцию: оберегал хозяина от дурных сил и назывался «запрещающий путь нечистой силе». Орнаменты растительного характера, возникшие на почве древнейших космогонических и мифологических представлений, символизируют идеи плодородия, поэтому чаще украшают женскую туркменскую одежду» [2, с. 21].

Орнаментальное узоротворчество также по праву считается национальным богатством, летописью жизни казахского народа. Орнамент в одежде степняков был не только украшением, воплощением эстетического отражения окружающей природы. В первую очередь он приобретал знаковость, мог выполнять функцию берега и ассоциировался в народной практике с событиями политической жизни. Например, такие элементы орнамента, как семсер-ұш (острие меча), пышак-ұш (острие ножа), айбалта (секира), «видимо, навеяны тем, что многочисленны в истории народа как междоусобицы феодалов, правителей разрозненных объединений ханства, так и длительные оборонительные и освободительные войны. Сплошным и плотным рядом из этих элементов окаймлялись края и подол мужской одежды, как бы ограждая основную часть композиции и являясь отражением идеи обороны» [3, с.136].

Ассоциативные связи простых элементов или сложных орнаментальных мотивов усиливаются информативными функциями того или иного цвета, с которым связывались определенные понятия и явления. Например, «белый цвет понимался как цвет мудрости; синий – неба, возвышенного; оранжевый и красный цвет символизирует огонь, солнце и вместе с этим – радость, жизнь; желтый – знание, мудрость; зеленый – юность, весну; коричневые и темные цвета – зрелость и силу; черный – землю; золотистые и охристые – степь. Поэтому в случае смерти кого-либо в семье или ауле, над юртой вывешивались полотнища-флаги: если умерший преклонного возраста – белого цвета, средних лет – темных тонов, молодой – красного цвета» [3, с.136].

Богат и самобытен язык казахского орнамента: каждый узор может рассказать свою историю, где всегда исходными мотивами для него

являлись осмысленные и переработанные формы флоры и фауны. Наиболее распространенными из них были узоры в виде головы, рогов, копыт животных, лапок и клювов птиц и т.п. Умело выполненный орнамент, составленный из указанных элементов на одежде или ее элементах, выполняет знаковую функцию, несет в себе определенную информацию. Например, у казахского народа долго сохранялся обычай, согласно которому вышедшая замуж девушка должна была прислать в родной аул подарок, выполненный своими руками. Если на подарке был орнамент, на котором изображалась стелющаяся трава, то это говорило о ее тяжелой жизни в доме мужа. Если же изображался клюв птицы, то родственники устраивали той по поводу счастливой жизни девушки, чувствовавшей себя свободной, как птица.

Большая часть одежды украшалась всякими нашивками из узорной тесьмы или просто полосками ткани другого цвета, металлическими бляшками и монетами, стеклянными бусами, кораллами, бирюзой, бисером, вышивкой. В нарядной одежде мужчин преобладали вышивки и нашивки из ткани. Украшения женской одежды, следовательно, были разнообразнее и богаче.

Распространенным украшением костюма были серебряные застёжки (ілгек, қапсырма), разнообразные по форме и изготовлению: листовидные, в форме розетки, прямоугольные, украшенные штамповкой, чеканкой и филигранью, и нередко вставками из сердолика и бирюзы, а также серебряные пуговицы с камнем, цветным стеклом или без них (күміс, түйме).

Наряду с этим «бытовали разнообразные украшения, игравшие самостоятельную роль, преимущественно из серебра, реже – из меди и еще реже – из золота» [4, с. 158]. Украшения из золота носили сословный характер, так как характеризовали только самых богатых кочевников. Приобретались такие украшения у среднеазиатских мастеров.

Ювелирное искусство всех центрально-азиатских народов связано главным образом с убранством женского костюма, отражавшего особенности их быта, культуры и художественного вкуса. Женский комплекс снимаемых украшений составляют предметы различного назначения: головные, шейные, нагрудные, наручные.

Из накосных (головных) украшений наиболее распространенными являлись ленты (шашбау), унизанные украшением, подвески из серебряных блях (шолпы). «Шашбау, очевидно, еще в XIX в. были частью женского головного убора, и в этом же виде сохранялись в свадебном головном уборе сәукеле. Как отдельные украшения во второй половине XIX века, шашбау имели вид широкой ленты, сплошь унизанной серебряными монетами, полтинниками и рублями, причем, более крупные пришивались внизу. Ленту привязывали у основания кос и спускали вниз поверх металлических украшений» [4, с.158].

Шолпы делали из серебряных блях, скрепленных между собой колечками и цепочками, сверху к ним привязывали тесемки или ленты, вплетавшиеся в конец косы. В отличие от шашбау, шолпы всегда носили попарно. Как показали материалы проведенного нами опроса, в Южном Казахстане иногда в концы кос вплетали подвески, заканчивающиеся кистями из черного шелка. Такое украшение характеризует узбекскую и уйгурскую культуру, представители которых компактно проживали и проживают в Шымкентской области.

Украшения, являясь частью костюма, выполняли не только эстетическую функцию: они имели знаковость и указывали на возраст, социальное происхождение, бытовые отношения. Украшения для кос в основном носили девушки, а молодые женщины вскоре после свадьбы дарили их младшим сестрам или девушкам из семьи мужа. “Наиболее полный комплекс украшений отмечался в свадебном костюме. В дальнейшем те или иные украшения постепенно исключаются из обихода, и только некоторые из них носятся постоянно”, – отмечает в своей монографии А.Калыбекова [5, 164]. И.В.Захарова и Р.Д. Ходжаева также отмечают, что “характер украшения кимешека находился в прямой зависимости от возраста. С 30 лет считалось уже неприличным носить кимешек с украшением из серебра и бус, а пожилые, имевшие взрослых детей, ограничивались узенькой скромной вышивкой или строчкой из цветных ниток” [6, с.219].

На семейные отношения и возраст указывают также серьги – одно из излюбленных украшений, которые носили женщины-казашки всех возрастов. Серьги девушек и молодых женщин были нарядными и сложными по изготовлению, серьги пожилых – намного проще.

К головным украшениям, которые носили женщины до 30 лет, относятся заколка в виде броши и ажурная серебряная бляха с серебряными подвесками на цепочках. Эти украшения прикреплялись к тюрбану, головному убору замужней женщины.

К шейным украшениям казахского женского костюма можно отнести воротник из полосы бархата с золотым шитьем и инкрустациями, круглые серебряные бляхи, сцепленные вместе и укрепленные на шее завязками. Женщины Южного Казахстана широко использовали фибулы-застежки для платьев в виде круглой бляхи с чеканным или штампованным узором, которые носили только с праздничным нарядом. Исследователи казахской одежды отмечают, что «в казахском женском костюме, как ни в каком другом, сохранялась древняя традиция, присущая многим культурам, выражающаяся в декорировании одежды разнообразными нашивными бляшками. Бляшками украшаются камзолы, бешметы халаты, а края одежды имеют парные застежки» [5, с.165].

Самыми богатыми в казахском женском костюме были нагрудные украшения (алқа, өңірше), которые бытовали до XX века, и разнообразные серебряные украшения. Они состояли из нескольких прямоугольных, овальных

или круглых блях с узорами и различными подвесками, располагавшимися в одном вертикальном ряду.

Самым распространенным видом украшений были наручные украшения: браслеты и кольца. Преобладали серебряные, иногда позолоченные изделия, бедные носили украшения из посеребренной меди. Если накосные, шейные и нагрудные украшения были только женскими, то кольца носили как женщины, так и мужчины. По очертаниям мужских перстней-печатей, например, можно было узнать сословие, к которому принадлежал его хозяин. Каплевидная форма характеризовала правящую элиту, святое сословие – кожа – носило перстни-печати круглой формы, а на пальцах старшин и батыров красовались овальные, грушевидные и квадратные перстни [7, с.118].

Перстни и кольца обычно носили по три-четыре, они являлись повседневными украшениями, за исключением массивных перстней, которые преимущественно надевали женщины пожилого возраста в торжественных случаях. Интересно отметить, что среди женщин-преподавателей Шымкентского института МКТУ им. А.Ясави эта традиция сохраняется и в наши дни. На торжественных собраниях, праздниках, когда поверх европейского платья надет камзол, их руки украшают массивные золотые или (чаще) серебряные перстни.

Как по одежде, так и по украшениям можно было догадаться об имущественном положении, возрасте и территориальной принадлежности женщины, ее социальном статусе. Так, девочки-казашки с трех-пяти лет носили простые кольцеобразные серьги и скромные гладкие колечки, которые с возрастом становились наряднее и богаче. Одежда и украшения выступали знаком половозрастного и семейного статуса, опосредовали связи человека с природой и обществом. После замужества девичий убор заменяли многочисленные массивные, богато орнаментированные перстни, серьги, поясные бляшки-подвески. С рождением детей такое украшение постепенно упрощалось и к 50-55 годам становилось довольно скромным [7, с.127].

Женские украшения пользовались большим спросом среди всех социальных слоев общества, что определялось не только их эстетической природой, но и рядом ритуально-функциональных значений, связанных с обычаями, обрядами, религиозными представлениями. Казахи предпочитали делать украшения не из золота, а из серебра. Беловато-серый цвет большинства украшений более соответствовал относительно сдержанному колориту казахского народного костюма. С белым цветом казахи связывали понятие чистоты, благородства и здоровья. Практически все изделия изготавливались из серебра. Становится понятным, почему любая казахская женщина должна была носить серебряные кольца и браслеты: все, к чему бы она ни прикасалась, особенно пища, как бы очищалось благодаря воздействию этого благородного металла [4, с.161].

В форме и декоре колец и перстней выражались различные пожелания: удачи, добра, счастья и т.п. Идеи процветания отражены в перстнях с изображением птичьего клюва, так как птица символизирует в казахской культуре идеи свободы, счастья, олицетворяла силы добра. Когда такое кольцо дарили джигиту, уходившему в поход, все понимали его смысл: благополучное возвращение домой. Свообразное значение имело “кольцо свахи” – массивный перстень с шинками на два пальца: единение двух начал, двух семей. Такие перстни сваха дарила свекрови, чтобы она покровительствовала невестке, по-матерински к ней относилась.

Звенящие накосные украшения не только подчеркивали длину и густоту волос, олицетворяли девичью красоту, но и служили оберегом, так как своим звоном были способны отпугивать злые силы. Кроме того, серебряные монеты таких украшений при движении создавали своеобразную мелодию, соответствующую походке девушки, и, следовательно, именно по ней нередко судили о характере и нраве молодой хозяйки.

Нагрудное украшение өңіржиек было обязательным компонентом костюма замужней женщины, особенно в период кормления ребенка: оно как бы оберегало женскую грудь от сглаз. Нагрудные украшения амулетницы (тұмарша) также наряду с эстетической функцией выполняли функцию оберега. Как показали наблюдения и результаты опроса, жители Южного Казахстана очень трепетно относятся к тұмарам. Многие носят треугольники на груди, в золотые серьги девушек и женщин вставлен маленький черный камушек с белой точкой (глаз, глазок), на одежде малышей приколоты булавка с таким же камнем. Подобный оберег носят не только представители казахской, но и других диаспор. Такие наблюдения позволяют сделать вывод, что украшения, как и отдельные элементы одежды или ее полный комплекс, не только не утратили свои первоначальные функции, но и укрепились в наше время и стали принадлежностью представителей других национальностей, т.е. костюм в широком понимании значения этого слова является визуальным знаком коммуникации.

В русском народном костюме украшениям также уделялось особое внимание. Их истинное назначение – оберегать, отгонять нечистую силу. Серьги в ушах, браслеты, кольца, ожерелья – отголосок древней славянской береговой традиции. Как отмечает исследователь русского костюма Береговая О.В., «русский народный костюм формировался под непосредственным воздействием сразу двух религий: православного христианства и древнеславянского язычества. Многие языческие нормы переросли из религиозных норм, обычаев и даже суеверия» [1, с.20]. В костюмных украшениях (особенно в вышивке) это нашло отражение в оформлении воротника, запястий и нижней части нательной рубахи: именно через отверстия в одежде могло осуществляться враждебное вторжение

злых сил в человека. Вышивка не только украшала крестьянскую одежду, радуя окружающих замысловатыми узорами, но и должна была защитить того, кто носил эту одежду, от беды, от злого человека. Отдельные элементы вышивки, а также нарукавные металлические браслеты наручи имели определенное символическое значение, которое представляло трехъярусную картину мира:

- нижний ярус (подземно-водный, донный): изображение головы ящуров и мифологических существ;
- средний ярус (земной): знаки растительности и птицы, клюющие зелень, траву;
- небесный ярус: полукруг небосвода и три позиции солнца: утреннее, вечернее и полуденное [1, с.122].

Особое значение в вышивке имеет символика воды в нижнем ярусе картины мира: волнообразные линии, имитирующие струи, располагались в строго установленном порядке и как бы призывали водную стихию никогда не приносить несчастья любимому человеку.

В комплект украшения костюма входил пояс, который был важным элементом в одежде древних тюрков. Пояс служил не только для укрепления поясницы, но и защитой от злых духов, болезней, всяческих бед и напастей, т.е. надежным обручем. До шестилетнего возраста на поясок ребенка подвешивали разного рода бубенчики, которые служили оберегами. В шестилетнем возрасте, когда заканчивался период младенчества, надевали пояс, и с этого периода ребенок вступал под покровительство рода. Мальчики обычно носили одноцветные пояса, девочки – цветные. В четырнадцать-пятнадцать лет юношу посвящали в воины и вручали ему боевой пояс с ножом и ножнами. Это означало, что мальчик становился джигитом, и пояс служил знаком воинской доблести. В знак глубокой скорби и горя тюрки снимали пояса и вешали их на шею. Если в бою погибал воин, а тело его не было найдено, то вместо него хоронили воинский пояс [7, с.124].

В русской культуре пояс имел также определенное значение. Надетый на ребенка при рождении или чаще при крещении, он, как и крест, был оберегом. Его могли носить, не снимая всю жизнь. Женские пояса были цветными, нарядными, но не кожаными и не ременными. Ременные пояса имели социальное значение: они были одним из важнейших символов мужского престижа – женщины не носили их никогда. Такой пояс считался едва ли не главным знаком воинского достоинства. Пояс на Руси часто называли еще опояска или поясница. Мужчина, как защитник семьи, должен был выглядеть воинственно, пояс был доказательством мужественности его хозяина. Разная манера ношения пояса имела определенный смысл: надетые на уровне талии молодыми воинами, они подчеркивали стройность фигуры. Спущенные на линию бедер с большим напуском верхней части одежды, пояса акцентировали

полноту, дородность, высоко ценимые в эстетических представлениях боярства. Следовательно, пояс указывал на социальное происхождение его хозяина [8, с.128].

Пояс играл важную роль в обычаях и обрядах. По древней русской традиции, свадебная одежда жениха и невесты перевязывалась красными поясами. Красный цвет символизировал особое состояние, в котором находились во время свадьбы молодожены, он охранял от злых сил, дурного глаза. Иногда жениха и невесту связывали красным поясом вместе [9].

Следует отметить, что в середине XIX века у казахов [7, с.124] и еще раньше [9] у русских пояс теряет функциональные свойства и становится декоративным элементом костюма. В национальной одежде знаковую функцию выполняют матерчатые кушаки (например, в отдельных обрядах и ритуалах).

Таким образом, костюм, являясь знаком невербальной коммуникации, несет дополнительную информацию и выражает социальную и индивидуальную характеристики человека, указывает на его возраст, пол, характер и эстетический вкус. К одежде относились бережно и трепетно. Одежда, например, является важной составной частью традиционного восприятия казахов. “Одежда – как комплекс костюма в целом, так и его отдельные элементы – имела чрезвычайно насыщенный семантический пласт. Она воспринималась в универсальных категориях “верх – низ”, “сакральное – мирское”, “плодородие – бесплодие”, “мужское – женское” и т.д. Представления, связанные с одеждой, были частью сложного идеологического комплекса, основанного на понятии күт, означавшего на поздних этапах развития казахского общества ‘процветание’, ‘благополучие’, ‘счастье’, ‘изобилие’, ‘плодородие’, ‘благоденствие’, ‘доля’ и т.п.” [10, с.66-67].

Вышивку, отделку, металлические украшения костюма берегли, передавая как приданое, так как костюм навсегда оставался неразрывно связанным со своим владельцем. Именно поэтому передача элементов одежды, украшений, поясов, и особенно обмен одеждой или украшениями имел огромный сакральный смысл, который заключался в породнении людей. В древности одежда приравнивалась человеку, поэтому, отдавая одежду или ее часть, человек отдавал часть себя.

Огромное значение в костюме играла и играет цветовая символика, так как цвет в народной культуре всегда имел символическую трактовку и мог указывать не только на эстетические восприятия индивидуума, но и на его социальное происхождение, половозрастную характеристику, семейные и бытовые отношения.

Семантика народных украшений отражает связь с эстетикой формы, функциональным значением, обычаями, обрядами и религиозными воззрениями народа. В формах ювелирных изделий выражалась идея

плодородия, свободы, небесного полета. Отдельные детали ювелирных изделий также выражали определенный смысл и имели значение оберега. Защитной функцией обладали и подвески в виде стрел, колокольчиков.

Следовательно, украшения, являясь составной частью костюма, выполняли практически те же функции, что и костюм: антропологическую, утилитарную, обрядовую, половозрастную, социальную, политико-идеологическую и эстетическую.

ЛИТЕРАТУРА

1. Береговая О.В. Функции и типология костюмных украшений: история и современность // Известия Уральского государственного университета. – 2008. – № 55. – С. 119-128.
2. Байриева А. Охранно-магические элементы в декоративно-прикладном искусстве туркмен // Жұрағат. – 2008. – № 1. – С. 20-21.
3. Муратов К.К. Орнамент как доминантная основа декора в казахском народном искусстве // История искусств Казахстана. – Алматы: Издат-Маркет, 2006. – С. 131-142.
4. Казахи. Историко-этнографическое исследование / М.К.Козыбаев, Х.А.Аргынбаев, М.С.Муқанов. – Алматы: Казахстан, 1995. – 352 с.
5. Калыбекова А.А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов. – Алматы: БАУР, 2005. – 200 с.
6. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Головные уборы казахов (опыт локальной классификации) // Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана. – М.: Наука, 1989. – С. 204-227.
7. Кишкабаев Т.А., Шкляева С.А. Прикладное искусство // История искусств Казахстана. – Алматы: Издат-Маркет, 2006. – С. 113-130.
8. Каминская Н.М. история костюма. – М.: Легкая индустрия, 1986. – 264 с.
9. Плаксина Э.Б., Михайловская Л.А., Попов В.Л. История костюма. Стили и направления. – 2-е изд., стер. – М.: Академия, 2004. – 224 с.
10. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). – Алматы: Казахстан, 1998. – 184 с.

Түйіндеме

Бұл мақала вербалды емес коммуникация аспектісінде безендіру бұйымдарының қойлектілігі мазмұндауға арналған.

Resume

The topic of the article is the description of the decorations featuring the dress-code symbol language in the non-verbal communication aspect.

ДАЛА ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ ҚАЙНАРЛАРЫ

Ө. Оралбаев

«Ақорда», Президент Әкімшілігі, Астана қ.

Екі мыңжылдық тарихы бар дала поэзиясының тарихы мен тағылымын зерделеп қарағанда, қай ғасырда өмір сүрсе де сол баба жыраулар мен дана ақындардың өзекжарды өлең-дастандарында, халықтық толғауларында жеке бірдің емес, жалпы ұлттың, қадірлі қарындастың ерлігі мен өрлігі, ерендігі мен берендігі, ұлағаты мен ұраны алтын арқау болып әрдайым айдынданып көрініп жатады. Өйткені олардың бәріне ортақ бір тақырып – азаттық, егемендік, бостандық, тәуелсіздік.

Бұл елдік сарынды кезінде атақты әдебиеттанушы, қарымды қаламгер Мұхтар Мағауин өзінің әйгілі «Қобыз сарыны» монографиялық еңбегінде барынша байыптап көрсеткен болатын. Әрине, «барынша байыптап» деген сөздің өзі де мүмкін шарттылау көрінер, бірақ қызыл империяның қырағы кезінде, цензураның аса сақ шағында одан асырып айту мүмкін емес те еді. Соның өзінде ғалым-қаламгер социалистік реализмнің сұсы мен сесінен қорықпай талай ойды ашып та, жұмбақтап та айта алды. Одан кейін Мұхтар Мағауиннің құрастырып, алғысөз жазуымен 1971 жылы «Алдаспан» атты кітап жарық көрді. Мұнда қалың оқырман аңсап күткен асыл дүние – XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясымен қуана қауышты.

«Алдаспан» асыл жырлардың көгеннен біртіндеп босануының ізашары болды. Келесі жылы, 1972 жылдың жазында б белгілі ғалым, зерделі зерттеуші, ақын Қабиболла Сыдиықовтың құрастырып, алғысөз жазуымен «Ақберен» жинағы жарық көрді. Мұнда XVIII-XX ғасырлардағы ақын-жыраулардың жырлары топтастырылып, кеңінен ғылыми түсініктеме беріліп, ел арасында, ауызда жүрген небір жыр жауһарлары қалың елге жетті.

«Әлдеқашан бел асып кеткен көштің айдаладағы жұртына кешігіп жеткен жүргіні сөніп қалған от орнынан болмашы жылтыраған бір қызғылт шоқ тауып ап, оны демімен үрлеп тұтатпақ болды десек, романға материал жинаған менің халім де дәл сол сияқты әрекет еді» деп ұлы қаламгер Мұхтар Әуезов жазғандай, осы екі жинақты шығару барысында ерен еңбек еткен екі ағамыздың да жанқиярлық жұмысы осы Әуезов бастан кешкен халге тіптен ұқсас болатын. Сусап отырған қалың жұртшылық бұл кітаптарды пышақ үстінен бөліп әкеткенін былай қойғанда, тіпті бір-бірінен аттай қалап, атан-түйедей сұрап алып жүргенін өзіміз де сан рет көрдік.

Халық ықыласының осынша ауған себебі неде? Өйткені жұртымыз ғасырлар бойы армандаған азаттық пен тәуелсіздік, егемендік пен бостандық

«Алдаспан» мен «Ақберенге» кірген асыл жырларда барынша көрінген еді, осында топтастырылған еді. Көпшілік сондықтан да азат ойдың арғымақ жырларын асыға күтіп, бұларды талай жылдар сартап сағынышпен іздеген болатын.

Халықтың үш жүз жылға созылған ұлт-азаттық, бостандық жолындағы қиян-кескі шайқастары мен қысталаң жылдарда туған жырлары ерлік пен мұң, өрлік пен шер, батырлық пен қайғы, батылдық пен аза болып астасып, бір-бірімен етене тұтасып, елдік сарынға бөгіп тұрғанынан осы кезеңде туған жырлар оларға рух пен күш-қайрат берді, үміттерін оятты, армандарына асықтырды. Сол себепті де бұл жырлар бізге әрқашан қымбат, әрі әрқашан жанымызға жақын. «Өз халқын сүйген адам ғана оның тағдыры үшін күйе алады» деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, өз жұртына деген шынайы пікірді ұстанған ақын-жыраулар поэзиясы халыққа етене жақын және етене қымбат болуы да осы себептен.

«Ақберен» жыр жинағына кірген өз ақын-жыраулардың ішінде «осы қалайы» жоқ. Бәрі де дүлдүл, бәрі де бұлбұл. Солардың ішінде дүниеге келгеніне 160 жыл толып, бүгінгі ұрпағы кеңінен атап өтіп жатқан Ақтан Керейұлының жөні бір бөлек. Ақтан жырлары алымдылығы мен шалымдылығы жағынан өзімен тұстас, кезеңдес, замандас болған, ілгері-кейінді ғұмыр кешкен Абыл мен Нұрымның, Қашаубай мен Қалнияздың, Қашаған мен Аралбайдың, Өскенбай мен Өмірдің жырларымен өзектес, өмірлес, өнегелес.

Қаумалап халқым келгесін,
Селдетпей топан жел сөзді,
Көрінбейін бекер жек.
Таңдайына татымас,
Абыл менен Нұрымнан

Дәніккен жұртым секер жеп,-деп төкпелеткендей, Ақтан ұстаз жырауларын әрқашан жоғары бағалап, құрметтей білген. Ақтан жырлары терме, толғаулар мен ерлік дастандары. Әсіресе ерлік дастандарында елшіл, халықшыл азат ой үнемі атойлап көрініп, айқын бой көрсетіп жатады. «Ақтан термелерінде жақсылық, жамандық, батырлық, ерлік, адамдық, ақиқаттық, палуандық, сұлулық, шешендік, жүйріктік сияқты өмірдің әр алуан саласынан түйген халық даналығы әдемі өрнек тапқан», деп белгілі ғалым-зерттеуші Қабіболла Сыдиықов жазғандай, ақынның тақырып ауқымы өте кең, айтар ойының жүйесі бай.

Ақтан ақынның шайырлық шын бағасы оның ерлік толғауларынан жан-жақты көрінеді. Ақтан өзіне дейінгі ақындар Абыл, Нұрым, Махамбет жырлаған ерлік эстафетасын одан әрі көтеріп, биіктетіп жырлаған кісі. «Қырымның қырық батырының» сала-сала ерлік дастандарын дамыта, көркемдік деңгейін жаңа сатыға жеткізе жырлаушылардың бірі. Одан тараған

үрдісті іліп әкеткен Қашаған мен Нұрпейіс Байғанин ерлік дастандарының ертеңгі күнге көрікті болып жетуіне үлкен үлестерін қосқан. Яғни, Ақтан мектебін одан әрі дамытқан.

Ақынның кіші жүз батырларын халыққа кеңінен таныстыра жырлаған «Ерлік жыры» атты ұзақ толғауында халық батырларының қаһармандық портреті қапысыз сомдалады. Әр батырға баға беруде алдыңғы айтылған ойын қайталамай, жаңа образдар мен көркем де салтанатты теңеулерді төгіп-төкпектетіп, сөздің ажарын одан сайын асырып, метафоралардың сан түрін қолданады. Әрине, ол кездегі бағалау бойынша, ақынның жыры айшықты, астарлы, ойлы, өрнекті, халықтың құлақ құрышын қандырардай терең де тағылымды. Айбалтасын кесе ұстап, қарына найза өңгерген ерен ерлердің кескін-келбетін суреттей келе әлгі ерлік жырында Ақтан былайша ой жүйесін түйіндейді:

Біздің елдің ерлері,
Қорлыққа сірә, көнбеген.
Соғысқан жауын дендеген,
Айбынды ерлер көп өтті,
Кіреуке киген беренмен,
Ақылдылар өтіпті,
Кеңесіп айтқан тереңнен.
Айтқыш тақ-тақ жыршы өтті,
Сөз лазымын кезенген,
Қаумалаған халықтың
Тарқатқан шерін өлеңмен,
Бармағынан бал тамған
Не шеберлер өтіпті,
Үлгі алған өнермен,
Балуан өтті балтырлы
Алысқан алыпты шөгерген,
Білгенімді мен айттым,
Риза болсаң, әлеумет,
Қай шаршыда қысылмай,
Шығарған жауап көмейден.
Тұрғанда жел сөз басымда,
Ерлерімді жырламай,
Не көремін өнерден?!

Ақтаннан жеткен азат ой ақындарымыздың әділдік пен адамдықты жырлаған сұлу жырларынан күні бүгін көш ұзатады. Халық еркіндігі мен тәуелсіздігін жырлаған талай жырлар кеңестік електен өте алмай қалғанын сезіне отырып, әр жолдың арасына зер сала қарасақ, Ақтан шығармалары азаттық пен теңдікке, тәуелсіздік пен бостандыққа сұранып, керме тартып,

тұяғын тарпып тұр. Тәуелсіз ел болудың қажетті алғышарттарын, бүгінгі заман тілімен айтқанда, жарғысы мен ережесін меңзеген термесі әлі де ат үстінде, күн тәртібінде.

Ер жігіт елін меңгерсе,
Жетімдерге жем берсе,
Жесірлерге жер берсе,
Алдында тентек жөнделсе,
Әділдігін ел көрсе,

Бұл – азаматтың реті! Бүгінгі қоғамға аса қажетті ұстындар мен ұсыныстар емес пе?!

Ақтан жырларының ең басты ерекшеліктерінің бірі – оның көркемдік деңгейінің жоғарылығы. Төгіп, төгілдіріп, егілдіріп, еліктіріп айту, термесін шұбырған ұйқас пен шымырлаған сұлу сазға бөктіре жырлау – Ақтан поэтикасының ең басты қырларының бірі. Осы орайда Ақтаннан Ашықбаевқа дейінгі ақындардың арасындағы алтын көпір әлі де уақыт табынан тот баспай, жаңаша жарқырап, заман тынысына сай жаңғырып келе жатқанын да айта кеткен орынды көреміз. Бұл қазақ поэзиясының халықтық дәстүрінің жарқын бір көрінісі.

Қорыта айтқанда, Ақтаннан жеткен азат ой бүгінгі біздің заманға, тәуелсіздікке, егемендік пен еркіндікке де елеулі қажеті бар ұлттық мұра, көзайым жәдігер. Айтулы ғалым Қ.Сыдықов: «Өмір сырын ойға түйіп, санаға жазған дала даналары» атаған атақты ақын-жырау бабаларымыздың асыл мұрасын бүгінгі ұрпаққа кеңінен таныстырып, ертеңгі ұрпаққа ұлағат етіп ұсынып жатқан ғылыми жиындар мен іскерлік мәслихаттардың осы тұрғыда көтерер жүгі орасан зор және өте бағалы деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Назарбаев, «Ой бөлістім халқыммен». - Алматы: «Мектеп», 2006. - 246 б.
2. М.Әуезов. «Абай» романының жазылу жайынан. - Алматы: «Әдебиет және искусство» журналы, 1955. - №3.
3. «Алдаспан», 15-18 ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясы, Алматы: «Жазушы» баспасы, 1971. - 278 б.
4. «Ақберен», 18-20 ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының жырлары: Алматы: «Жазушы», 1972. - 221 б.

Резюме

В данной статье автор уделяет особое внимание особенностям степной поэзии, авторам, внесших большой вклад в развитие литературы.

Resume

The author of the article pays the special attention to the steppe poetry peculiarities, to the authors, who have greatly contributed to the literature development

ӘӨЖ 882.151.212.2

ДАЛАНЫҢ САМАЛЫ АҢҚЫҒАН ЖЫРЛАР

Ө. Оралбаев

«Ақорда», Президент Әкімшілігі, Астана қ.

Халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың «Дүние ғапыл» атты жыр кітабын оқығанда туған ойлар

Қалың оқырман қауым жақсы біледі: қазақ сөзінің қайраткері, халық жазушысы, Қазақстанның Енбек ері Әбіш Кекілбаев әдебиетке ақын болып келген қаламгер. Әрине, қаламгердің дені әдебиетке ақын болып келеді, сосын бірте-бірте кейбіреуі прозаға, кейбірі әдеби сынға, енді біреулері осы саланың ғылымына ден қояды. Бәрі де дендеп келгенде, сол қаламгердің ішкі жан-дүниесіне, қалам қарымына, ең бастысы ақындық рухының күш-қуатына тікелей байланысты.

Әбіш Кекілбаевтың алғашқы тырнақалды туынды кітабы «Алтын шуақ» деп аталатын өлеңдер жинағы. Кезінде қазақ баспасөзінде, әдеби ортада айырықша аталып өткендей, бұл жыр жинақ қазақ жырына және бір талантты да тегеурінді қаламның қосылғанын бірауыздан мойындатты. Жас ақынның ой мен образға бай, тілдік құнары көркем, айтар позициясы ашық, ұсынар мұраты адамгершілік пен гуманизмге толы туындылары туралы аға буынның жасы емес, басы көшелі пікір айтып, келелі әңгіме қозғады. Жаңа жыр жинағы жастар басылымында әдеби пікірталастың нысанына айналып, қазақ поэзиясына білімді, оқыған, әдеби дайындығы мол жастардың келе бастағаны барынша жақсы райда айтылды.

Жалпы поэзияда ең бірінші жинақта жарқ етіп көзге түсіп, ауызға ілігу үрдісі көп емес. Санамалап қарасақ, бұлардың қатарында Төлеген Айбергенов пен Жүмекен Нәжімеденов, Тұманбай Молдағалиев пен Қадыр Мырзалиев, Сағи Жиенбаев пен Мұқағали Мақатаев секілді қазақ поэзиясының ерен жүйріктері бар. Кекілбаев жырлары осы көшке заңды қосылған сыбаға еді.

Ақын боп туған жаратылыс ешқашан жоғалып та, жойылып та кетпейді. Қайта ол проза жазса да, тіпті әдебиеттанудың теориясы мен сынына қалам тартса да жарқырап көрініп жатады. Ақындықтан прозаға келудің

жақсы жақтарын Әбіш Кекілбаев шығармашылығынан үнемі көріп, сезініп отыратынымыз сондықтан. Жазушының көркем прозасында шұрайлы тіл, шырайлы теңеулер мен шынайы бейнелеулер алғаусыз ақындықтың айқын белгісі. Сондықтан да Әбіш Кекілбаев прозасы өлендей оқылып, тереңдей сініп, адамның сезім айлақтарын шарпып кететінін жұртымыз жақсы біледі. Әу баста ақын боп жаралған жан ақын боп қалады. Оған ешкім де кедергі де, кеңесші де бола алмайды.

Әбекең ұзақ жылдар бойы көркем проза мен кемел публицистиканың ауылында ат байлап жатып та алды. Көп жазды, өндіріп жазды, өрісті жазды. Әсіресе публицистиканы. Солардың қай-қайсысында да ақындық аңғар сезіліп те, көрініп те жататын. Тіпті тілі қысқа, тіні жұтаң көрінетін жеделхаттар мен ұшқыр жолдауларында да жылт еткен сезім, жалт еткен ой, жарқ еткен образ ойнап жататын, ойлап жататын.

Осылардың бәрін етене білгендіктен Әбіш Кекілбаевтың жаңа жыр жинағын ұлы ұстаз, академик, сөз өнерінің зергері Зейнолла Қабдолов та байқап, «жүрексіне» қолға алыпты. Кітапты оқып шыққан соң барып, көңілі орнына түсіп, қаламын қолға алған. Көптен кездестірмеген сағынған жолаушысын көргендей болып қуанып, көзайымын көшелі оймен білдірген: «Міне, қолыңызда «Дүние ғапыл» - Әбіштің өлендер жинағы. Тағы бір ескеретін нәрсе: Әбіш өзінің ақындығына яки өлеңге кәсіп деп қарамаған, қасиет деп қараған. Өзінің құдай берген талантының бұл қырын жетілдірем деп жік-жапар болмаған, ұстартам деп қырнап-сырлаудан бас тартқан, сол әуелгі төлгума табиғи күйінде, сол баяғы көрген жерден көз арбап, көңіл баурайтын дәстүрлі қалпында қалдырған... Сөйтіп Әбіш өзінің өлең сөзін жұртшылыққа жалаулатып ашық ұсынбай, жазу столының жәшіктерінде жасырып, шеберханасында бүркеп тастады; қоржын қазынасынан бөліп алып, қойын дәптеріне көшірді. Дабыраламай үнсіз жазып жүрді. Қалам құрғатпапты. Сонда оның өлендері жұрт көзінен сырт, тек өзінің жекедара көңіл қошына, рухани қанағатына, жан тынысына айналды».

Ұстазымыздың сөзіне қосымша ретінде сөз жалғауға мүмкіндік болса, біз айтар едік: Әбекеннің жекедара көңіл қошына айналған, рухани қанағатына айналған жырлар қалың оқырман қауымының да шынайы рухани қанағатына айналды. Жыр жинағындағы теңеулер мен образдар, астар мен меңзеулер, ойлар мен толғаныстар ірі қаламгердің теңіздей толқыған талантының айқын көрінісі болған.

Заңғар қаламгердің заман тынысын сездіретін өлендері оның көптен жазып жүрген елдік, халықтық тағдыр туралы ой орамдарының өлең тілінде көрініс табуы деген пікірімізді ортаға сала кеткенді жөн көреміз. Ұзақ қара сөзбен емес белгілі бір жайларға байланысты көкейге келген көшелі ойды жұмыр жырдың жүгі етіп, тез, шапшаң айтып тастау әдебиетте, соның ішінде прозаның байырғы қаламгерлері үшін «тығырықтан тез шығудың» да көрінісі болуы мүмкін. Бұл әдіс қалай болғанда да, өзін-өзі ақтайды. Ал ол Әбіш Кекілбаев поэзиясында өзін тіптен қара үздіріп көрсетіп тұрады.

Қаламгер өзін толғандырған қай тақырыпты да бостекі жырлай салмай, алған нысанына тереңдеп еніп, биіктеп ой айтады:

Даналықтан алып қашам басымды,
Ақыл алжып, аңғалдыққа бойлапты.
Ұмытамын ойды, ызаны, ашуды,
Қуам енді күлкі менен ойнақты.
Парасаттын бес тиындық құны жоқ,
Бұл дүниеге шаттық – күн де, шарап - ай.
Өлсем, өлем тек тәттіге құнығып,

Абайламай у жеп қойған баладай,- деп еді ол 1960 жылы жазылған бір жырында. Осы ой, осы сарын, осы бір мұң мен ширыға торығу қаламгер жырларында кейінгі жылдарда тіптен молая түскендей. Олар «Дүние ғапылдан» көбірек көрініп, оқырманды сан алуан сарсаңға да салғандай. Сонда адам жанын жеген, әсіресе ақын жанын жеген сарыуайым әлі де сүлдесін сүйретіп келе жатқаны ма? Солай-ау шамасы.

Әйтпесе, мына өлең қайдан шығып жатыр?

Сырласарға қара жоқ,
Мұндасарға дара жоқ.
Жыртылар ма екен бұл жүрек,
Бір күні пара-пара боп.

Елеуредім «ел» деп мен,
Желендедім «жер» деп мен.
Тіл үшін тартпай тілімді,
Сайыстым сансыз жендетпен.

Елең қылмай ел мені,
Жерге тықпақ жер мені.
Тілдеп жатыр тіл шіркін,

Сонда неге сенгенмін?! Бұл жыр 1995 жылы жазылған. Арада өткен отыз бес жылды былай қойғанда, ауысқан қоғамдық формацияның өзін қайда қоясыз? Бірақ сол баяғы уайым мен сарын әлі де ақынды өкшелеп қалмай келеді екен. «Дүние ғапыл» жинағы осы тұрғыдан келгенде қаламгердің өткен мен кеткенге деген сағынышы ғана емес, өкпесі де, реніші де болып көрінеді. Ақын өзін талай толғандырған арман мен үміттің әлі де қолға түспей, қиянын қызыл түлкісіндей болып зымырап бара жатқанын өзі көріп қана қоймай, өзгеге де көрсете алады. Зымыран заманның жалына жармасқан жұртынын көптен күткені ақталмай қала ма? деген қауіп пен күдікке толы ойларын жырмен қашап, қағазға жұқтырады.

Ел болмақтың орнына,
Бара жатыр ел іріп.

Ойланбақтың орнына
Жүргендер көп еліріп.
Сахарада тудық па,
Сағымды көп қудық па?
Желпіл қағып шығамыз,

Етек-жеңді жел үріп, - дейді келесі бір өлеңінде ақын. Бұл өлең әлгінде мысалға келтірілген жырдың одан әрі шамырқанып, көшін ұзатуы. Ел мен жердің тағдыры, халық пен ұлыстың тағдыры осы жыр кітабының негізгі алтын арқауын құрайды. Бір өкініштісі, кезінде «Дүние ғапыл» жинағы әдебие ортада арнайы сөз болмай, ұлы көштің тасасында қалды. Қым-қуыт заман мен мидай сапырылысқан тірліктің қамымен жүрген оқырман қаламгердің бұл еңбегін кезінде көзінен таса қылып алғандай. Ғалымдарымыз бен сыншылар қауымының құлағына алтын сырға деген оймен де осы шағын мақала жазылып отыр.

«Қалай десек те, «Дүние ғапылға» енген өлең-жырлар, сайып келгенде, Әбіштің «Абылай хан» дастанына дайындығы, өзінің осынау кең құлашты кемел туындысына келер жолдағы барлау, байқауы, шығармашылық сапарындағы тағы бір биік белеске басып шыққан баспалдағы екені даусыз» деп академик Зейнолла Қабдолов жазғандай, қаламгердің жаңа бір жарқын баспалдағы. Тек қана «Абылай ханға» барар жолдағы ғана емес, жалпы өзінің жан дүниесінде қайнаған қуатты жыр лавасын жандырудағы және бір жеңісті жолы.

Адам баласының ынсабы мен қанағаты қашқан қазіргі заманда үлкен қаламгердің осындай оқыс ой, күтпеген кезендерге қол артуы заңдылық болар. Бәрін білген, бәрін көрген, бәрін пайымдаған, бәрін зерделеген зерделі жанның осы жинақтағы түпкі ойы Мағжанмен мұндас: «Сұм өмір абақты ғой саналыға...» Сондықтан да:

Ынсап жеңбей, тиылмас бұл сұрапыл,
Жағаласқа сарп боп көрер жазық,

Өңмендеумен өтер ме дүние ғапыл?!- деп жазуын қайғыға бой алдырған күйректік емес, елге деген емеуірін деп ұққан абзал болар.

«Дүние ғапылды» оқығанда туған ұзақ ойлардың қысқа қайырымы осы болды.

Резюме

В данной статье раскрыты поэтические грани народного писателя А. Кекильбаева.

The present article discovers the poetic edges of the national writer A. Kekil'bayev

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ КІСІ ЕСІМДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

Т.Қ.Сайбирова

*Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және
Әлем Тілдері университеті, Алматы қ.*

Антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік, іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді.

Ат қою – қазақтарда, кең көлемде – түркі халықтарында өте тереңде жатқан мәні бар дүние. Жалқы есімдер тарихи жағдайларда тарихшыларға, әдебиетшілер, этнографтар мен мәдениеттанушыларға құнды ақпарат көзі де бола алатыны белгілі. Өйткені, олар белгілі тарихи тұлғаны белгілеумен қатар, ұлттық дүниетанымнан да хабар береді. Түркі (қазақ) антропонимдердің генезисін зерттеген Т. Жанұзақов V-VIII ғасырлардағы кісі аттарына қатысты, «Бұл дәуірде үй хайуандары мен жабайы аңдардың, табиғат атаулары мен өсімдіктердің және қымбат металдардың атаулары кісі аты ретінде қойылып отырған» деген тұжырым жасайды [1, 27 б]. Осыған дәлел ретінде мысал келтірсек, қазақтың кісі атауларында **Итбай, Ақмарал, Ақтоты, Аюбай, Қоянбай, Қасқырбай, Бұғыбай, Лашын, Бүркіт, Гаухар, Алтын, Алтынбек, Күмісбек, Күмісгүл, Айкүміс** және т.б. есімдерді кездестіреміз.

Қыз балаға қоятын кеңінен таралған есімдерде гүлдер, өсімдіктер мен бағалы тастар атауларына этимологиялық байланыста болатын салыстырмалы жаңа екі топты антропонимдер ағылшын антропонимикасында да кездеседі, мыс.: Blossom – түс, рең; гүлдену; Butterscup – сарғалдақ; Clover – жоңышқа, беде; Daf-fodil – сұрғылт сары нарцисс; Ivy – шырмауық гүлі; Liliac – сирень гүлі; Amber – янтарь; Beryl – берилл (меруерт тастың бір түрі); Pearl – інжу; Ruby – лағыл.

Ағылшын жеке есімдері тарихи дамудағы ағылшын тілі мен ағылшын халқының тарихымен үздіксіз байланысының ұзақ жолынан өтті. Бір-бірінен құрылымдық және семантикалық жағынан айырмашылығы бар, ескі және жаңа ежелгі ағылшын есімдерінен құралған, кірме, дәстүрлі және ойлап табылған ағылшын жеке аттарының номенклатурасы өзгешелігімен, аса таң қаларлық өрнектерімен ұсынылады.

Еуропа мен Американы мекен ететін халықтардың көбісінде, соның ішінде ағылшындар мен американдықтарда – жеке есім және тегі деп

саналатын тарихи екі ат қою антропонимикалық жүйесі қалыптасты [3, с.6]. Ал ағылшындардың балаға ат қою рәсімінде төрт аттан қосымша есім беру болмайтынын ескерсек, мыс., **Charles Philip Arthur George, Andrew Albert Christian Edward, Edward Antony Richard Louise, Anne Elisabeth Alice Louise.** The Oxford Companion to English Literature кітабында: “Бірінші есімі (first-Christian name) – бұл туылған кезде берілетін христиандық есім, орта (second-middle name) – бұл қосымша мінездеме беретін есім, бұған қоса, (maiden name) шешесінің қыз кезіндегі тегін, әкесінің тегі жөнін де, және де жақын туыстарының аттарын да қосуға болады, сонымен ең соңғысы, (surname or last name) – тегі” [4 p.316] деп нақты түсініктеме берілген.

Ата-бабаларымыз көшпелі өмір салтын ұстанып, мал шаруашылығымен айналысқандықтан төрт түлікті киелі санаған, олардың әрқайсысының иесі, желеп-жебеушісі, қамқоршысы бар деп сенген, сондықтан да төрт түлік пірлеріне сыйынып отырған. Бұған дәлел келесі есімдердің қойылу уәжілігінде: **Қозыбақ, Қойбағар, Жылқыайдар, Ақбота, Ақнар, Қойшыбай** және т.б.

Аузыма құдай салған шығар... қазақтың нардан қасиетті, нардан күшті, нардан сұлу, нардан қадірлі несі бар? (Ғ.Мүсірепов “Ұлпан”).

Түйені түлік төресі, ұлық малы деп есептеген ата-бабаларымызда «Түйе – байлық, жылқы – сәндік» деген қалыптасқан тіркес те бар. Адам есімін: **Тайшық, Жамантай, Тайжан** деп жылқымен байланыстырып қою жиі кездесетін құбылыс. Оның мәні жылқыны киелі, қасиетті деп санаудан туған. Сонымен бірге жылқы – байлықтың, сән-салтанаттың белгісі. Ал құлын – сұлулықтың, еркеліктің символы. Халқымыз әдемі әйелді “құлын мүшелі”, “құлын мүшесі бұзылмаған” деп сипаттайды. Адам есімін жылқыға байланыстырып қоюдың сырлары осында.

Түрік ономастикасын зерттеуші В.У.Махпиров атап көрсеткендей: “Формирование и развитие антропонимической системы любого языка базируется, во-первых, на древнейших традициях и обычаях имянаречения, связанных с первобытными культами, представлениями и традициями, в силу которых антропонимическая система и сохраняет древнейшие имена; во-вторых, на различных этнокультурных процессах, имевших место в истории народа, таких как принятие религии, политическое и культурное влияние других народов, приводящих порой к фронтальному заимствованию и усвоению иноязычных имен” [5 с.29-30]. Ат қою дәстүрінен де халықтың салт-санасы, арман-мүддесі, эстетикалық талғамы, этномәдени, әлеуметтік сипаты көрінеді. Тарихи мұралардың көпшілігінде оғыз дәстүріндегі ат қою дәстүріне үнемі қобызшы жырау Қорқыт ата қатысып отырған, үлкен қуаныштың үстіне келіп қалған “құтты аяқ” құдайы қонақтарға ат қойғызатын дәстүрі де болған. Әдетте ат қою құрметіне ауылдың ақсақалы немесе көрші ауылдың шежіреші қариясы ие болады.

Кісі есімдерінің уәжділік және танымдық сипатын зерттеген Н.Асылбекова гендерлік сипатын былайша айқындайды: «Сәбиге ат қою кезінде оның жыныстық ерекшелігі ескерілетіні сөзсіз. Қыз есімдерін жасауда шаш, көз, гүл, сұлу, бике, ай, бибі, наз сынарлары жиі кездессе, ал ұл балалардың есімдерінде сұлтан, хан, батыр, ғали, берген, берді, мырза, бек, тай, т.б. сынарлары белсенді қызмет атқарады» [6, 20 б.].

Осындай сәйкестіктерді біз ағылшын тілінің антропонимиясынан іздесек құрлымы мен семантикалық белгілеріне қарай ескі ағылшын тілінде қыз балаға қойылатын есімдер ер балаға қойылатын есімдерден еш айырмашылығы жоқ екенін аңғарамыз. Есімдердегі: *gâf*- поэт. найза; *hafoc* ястреб; *helm* - защита, покрытие; шлем; поэт. защитник, покровитель; *man* (n)- адам; күйеу; батыр; *gâfd*- кеңес; шешім; ақыл, даналық; *sigē*- жеңіс; табыс; *sunu*- ұл; ұрпақ; *weard*- страж, сақтаушы; қорғаныс; покровительство; стража; поэт. қожайын, ие; лорд; *wîg*- күрес; спор, раздор; соғыс; битва; доблесть; *wine* – поэт. дос; қорғаушы және т.б. [3, с.11] сөздерді адамға ат қоюдағы тілеген тілектері деп түсінген. Және де англосакстер «жақсылық тілеуші» есімдердің магиялық мағынасына, яғни, сондай есімдерді қойған адамдарға қорғаушылық, байлық, денсаулық, сәттілік, атақ, даңқ алып келеді дегенге сенген, олар жататтындар: *aelf* –эльф; *beorht* – ашық, жарқын, жылтыр; *beorn*- поэт. адам; батыр; қаһарман; *eald*- ескі, ескілеу; бұрынғы; *gâf*- поэт. найза; *gifu*, *gyfu*- тарту, сыйлық; алғыс, қайырымдылық; *gôd*- жақсы; рақымды; қолайлы; пайдалы, ыңғайлы; епті; жақсылық, тарту; мүлік; *gold*- алтын; *mâcge* - танымал, даңқты, тамаша; *gâfd* - кеңес; шешім; ақыл, даналық; *gîce* - құдыретті; жоғары даңқты; бай; билік; *sâc* - теңіз; көл; *sigē*- жеңіс; табыс; *stân*- тас; *sunu*- ұл; ұрпақ; *weard*- қорғаушы, сақтаушы; қорғаныс; сүйеушілік; қарауыл; поэт. қожа; лорд; *wîg*- күрес; айтыс, керіс; соғыс; қырғын; айбын; *wine* – поэт. дос; қорғаныс; *wolf*- қасқыр және т.б.

Ағылшын тілінің антропонимінде жалған есімдерді де кездестіреміз, олардың мақсаты – балаға көз тигізуден, қауіп-қатерден, ауру-сырқаудан сақтау және ондай есімдер жын-перілерді жолдан тайдырып шатастырады деп сенген. Олардың есімдерінің ішінде көбірек кездесетін есімдердің бірі – **Jack**, ол бірінші жағынан, бөтен, танымайтын ер адамдарды өзіне қарату негізінде қолданылатын болса: *I don't know anyone by that name, Jack ...*” (*J.Sallinger “The Catcher in the Rye”*) – түннің бір уақытында қоңырау шалып тұрған танымайтын жас балаға әйелдің қатал дауыспен жауап қатқаны.

Қазақ тілінде ат қою дәстүрінде соңғы кездегі жаһандану әсерінен кеңес дәуіріндегі кейбір үрдістерді қайта жаңғыртып, әсіресе қыз балаға орыс, шетел есімдерін беру де ішінара кездеседі. **Аида, Альбина, Аделя, Анеля, Жанеля, Лана, Диана, Тахмина, Жасмин, Альмира, Лаура, Луиза, Аделина, Анина, Элюнора, Вероника, Венера** т.б. есімді қыздардың кездесуі соның дәлелі.

Ағылшын тіліндегі антропонимдермен салыстырсақ, оларда да танымал тарихтағы және мәдениет қызметкерлерінің есімдерін таңдауы да байқалады. XIX ғасырдағы американ суретшісі Ч.У. Пил, мысалы, өзінің балаларына кеңінен танымал суретшілердің есімін қойған, мыс.: **Rembrandt Peale, Ra-faelle Peale, Rubens Peale, Titian Peale.**

Сонымен бірге, жағымсыз үйлеспеген, қиын есімдерді қоюды қашып: мыс.: **Tracey Thomas, Jason Jackson, Paul Hall, Mark Dark, Mark Martin** сияқты үнді, дыбысты есімдерге тартылу көрінеді:

I have a passion for the name of Mary

For once it had a magic sound to me.

Byron. Don Juan

Байырғы түрік ономастикасын зерттеуші В.У. Махпиров өзінің «Имена далеких предков» деген еңбегінде: «Антропонимия в широком смысле этого слова в древности, как впрочем и сейчас, имела чрезвычайно большое значение для члена общества. «Имя рождалось как словесное отражение обычаев, нравов. Религиозных ритуалов и их предметных атрибутов. Имя не только имеет функцию обозначения индивидов для удовлетворения практической необходимости общения в пределах определенных социумов, но и сложным образом отражает, фиксирует состояние их культуры» /Митрошкина 1987/» [7 с.16] деп жазды. Кейде ырымшыл келетін халқымыз перзенттеріне ат қоярда ұлтымызда қалыптасқан түрлі сенімдерді басшылыққа алып отырған:

а) дене, бітім ерекшеліктеріне қарай: **Қаракөз, Шалабай, Аққыз**, т.б. есімдер қойылса;

ә) жаңа туылған сәбидің денесінде түрлі мен, нышандардың кездесуіне байланысты: **Аққал, Қалдығұл, Мендіғұл, Қалдықыз, Мендіқыз, Ментай, Анар, Нышанкүл**, т.б., ал ұл балаларға Қалдыбек, Қалдар, Қалдан, Нарқал, Қалыбек секілді есімдер қойылады.

б) адамның қасиеттерін, әкесімен, жанұясымен, руымен байланысын, ұлты жайында, шыққан тегі, немен айланатыны, туылған мезгіліне, ата-анасының әлеуметті-демографиялық жайы, тұрғылықты жері және т.б. толық ақпараттарды есімдерден білуге болады. Сәбидің туылған жері мен мезгіліне байланысты, қазақ тілінде мыс.: туылған мезгіліне қарай: **Дүйсенкүл, Дүйсенбай, Сейсенкүл, Сейсенбай, Жұмағұл, Жұмабай, Наурызғұл, Науырызбай, Сайлаукүл, Сайлаубай, Жолшыбай, Мамырбай** және т.б. туылған жеріне орай: Орал, Алтай және Жантөре, Еділ, Жиёмбет – нақты бір руға жататындығынан т.б. кездесе, ағылшын антропонимінде туылған жеріне байланысты **Jennifer** есімі Корнуоллмен, **Yorick** есімі – батыс Англияға қатысты қойылған.

в) қаршадайынан баланың шетінеп, тұрмауына байланысты: **Тұрсынкүл, Өлмес, Қалсын, Тоқтасын, Аманкүл, Есенкүл, Тұрар**, т.б. есімдер қойылса, олар келесі баланың өмірін аман алып қалу мақсатында орындалады;

г) ұл баланы аңсаудан: **Ұлтуған, Үміт, Ұлбала, Ұлбосын, Ұлтуар,**

Ұлдар, Жаңыл, Тойдык, Дәметкен, Ұлдана, Ұлпан, Ұлжан, Ұлтай, т.б.

ғ) сұлулық пен нәзіктікті, үйлесімділікті аңсаудан: **Айсұлу, Күнсұлу, Жансұлу, Жібек, Сымбат, Нәзікен,** т.б. есімдер.

Қазақ антропонимиясында белгілі бір руға жататындығының дәлелі ретінде қойылған есімдерді де кездестіруге болады, мысалы, Арғын, Айтқожа, Иманәлі, Найман, Албан және т.б. Көшпелі қазақтар мәдениетіндегі ат қоюдың саяси тарихи маңызы зор болды және де қазіргі қазақ антропонимиясының даму сатысында «белгілі бір руға жататындығы» мотивіндегі есімдер санының ұлғаю тенденциясы байқалынады.

Ат қою антропонимиясын әдеби шығармалардан байқасақ, Шекспир шығармаларынан ағылшын тіліндегі идиомаларының, фразеологиялық бірліктердің көп екенін байқаймыз, олардың арасынан жеке есімдерді табуға болады: **Cordelia's gift** – жұмсақ әйел дауысы; а **Daniel come to judgement** – шыншыл білгір төреші. Шекспир пьесасының бас кейіпкерін **Hamlet with Hamlet left out** – “Гамлет Дат ханзадасысыз”/яғни бір нәрсеңің ең маңыздысынан, мәндісінен айырылуы/ нақысты сөзден кездестіреміз.

Ағылшын жеке есімдерінің ішінде танымал ойдан құраған есімдер: **Pamela** — Сидней романы «Аркадияның» кейіпкері (1590); **Stella** — Сиднейдің «Астрофель и Стелла» сонеттерінің бас кейіпкері (1591), **Claribel** — Спенсердің «Королева фей» поэмасының кейіпкері (1590—96); **Vanessa** — Свифттің «Каденус и Ванесса» поэмасындағы бас кейіпкердің аты (1726) и др. [3, с.13].

Қазақ тілінің антропонимінде Орта Азия мен Қазақстанда исламның таралуына байланысты екі негізді мұсылман аттарының көптеп қаптап кетуін байқаймыз. -абд (кұл), -улла (Алла), дін аттарын енгізе отырып, бұл үлгіні ислам өзінің идеологиялық қаруы ретінде пайдаланды. Мысалы: **Әбдікәрім** (құдыреттінің құлы), **Абдулла** (Алланың құлы), **Мұхаммед** (пайғамбар, дін), **Ғазизолла** (құдайдың сүйгені). Негізінен, балаға азан шақырып, жақсы ат қою Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың үмметіне қалдырған сүннеті. Жалпы азан екі түрлі жағдайда шақырылады. Бірі күнделікті оқылатын бес уақыт намаздың уақыты кіргенін мұсылмандарға хабарлау мақсатымен айтылса, енді бірі дүниеге келген сәбиге ат қояр сәтте, құлағына азан шақырады. Бұл жайында пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадис-шәріпінде: әрбір нәресте ақиқа (перзент шүкірлігіне аталып жасалатын құрбандық, арабшадан аударғанда «құрбандық» деген мағынаны білдіреді) қылынады, яғни оның атынан туылған күннің жетінші күні бір қой сойылады, құлағына азан айтылады, тандайы көтеріледі, басынан шашы алынады және есімі қойылады» [8].

Ал, ағылшын тілінің антропонимиясындағы ат қоюда діннің де ықпалы көп тиді. Себебі, ұзақ уақыттар бойы ағылшын семьясында Таурат (Библия) оқитын негізгі және жалғыз кітап болып табылды. Жеке сөздер ғана емес, сонымен бірге, толық идиомалы сөйлемдер (көбінесе ескі еврейлік және

грек идиомалары) соның парақ беттерінен ағылшын тіліне енді. Қазіргі кездің өзінде ағылшын мектептерінде Таурат кітабын оқыту міндетті болып саналады. Ағылшын антропонимикасында елеулі рөл атқарған Таурат кітабындағы ағылшын есімдерінің біразының мағынасына тоқталсақ:

a **Juda's kiss** – “Иуданың сүйюі”

as poor as **Job** – “кедей адам”

to be at ease in **Zion** – “арман еткен жерде рахаттану”

Job's comforter – “қайғыны жұбатушы”

to raise **Cain** – “дауды ушықтыру, жанжалды көтеру”

the old **Adam** - “Тозған Адам” (адам табиғатының бұзылуы)

the apple of **Sodom** – “әдемі, бірақ шіріген тұқым”

a doubting **Thomas** – “дінге сенбейтін Фома”,

және де ағылшын тілінің антропонимикасына енген діни есімдер: **John, William, Robert, Ralph и Richard, Mary, Anne, Joan және Elizabeth.**

Ат қоюдың тағы бір түрі – қазақ халқының ұлттық әдеті бойынша жас келіндер күйеуінің жақын туыстарының, ата-енесінің аттарын атамайтындығы. Жас келін күйеуінің ағасын, інісін я қарындасын тура атымен атай алмай, жанама ат қойып алатын болған. Атап айтқанда, қайыңсіңділерін – шырайлым, бикеш, бойжеткен, әке қыз, еркем, ержеткен, ерке қыз, ал ер адамдарды төрем, шырақ, мырза жігіт, молда жігіт т.б. деп атайған. Тіпті күйеуінің құрдастарын аттарын атауды да ұят санап құрдас, замандас немесе аттас деп атау дәстүр ұстағаны белгілі.

Өмірде адамдардың азан шақырып қойған есімдерімен бірге оның жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, сыртқы кескін-келбетіне, істейтін кәсібіне байланысты жалған атаумен ат қою көп халықта бар. Т.Жанұзақов пен Қ.Рысберггеннің көрсетуінше, төлқұжаттағы адам есімі мен тегі ресми, ал зат есімнің рең мәнді жұрнағының жалғануы арқылы жасалған субъектив реңктегі есімдер мен қысқарған есімдердің бейресми түрі болып табылады. Ғалымдар соңғы топқа лақап аттар мен «табу» есімдерді де жатқызады.

Қорытындылай келе, өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен дәстүрдің бірі осы ат қоюмен байланыстылығын анықтадық. Бұл қазіргі тіл біліміндегі тілді сол тілде сөйлеушінің мәдениетімен, тарихымен, т.б. тығыз байланысты зерттейтін антропоцентристік бағытқа, оның ішінде әлеуметтік лингвистика мен этнолингвистикаға, лингвомәдениеттануға сай келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым: 1971, - 218 б.
2. Рыбакин А.И. Словарь английских личных имен: 4000 имен – 3-е изд., испр. – М.: ООО «Издательство Астрель»: ООО «Издательство АСТ», 2000. – с.224

3. The Oxford Companion to English Literature. – Oxford University Press, 1998. – 1149p.
4. Махпиров В.У. Девнетюркская ономастика. – Алма-Ата: «Гылым». 1990. – с.159
5. Асылбекова Н. Кісі есімдерінің уәжділігі мен танымдық сипаты: филолғылқанд. автореф. – Алматы, 2006, 29 б.
6. Махпиров В.У. Имена далеких предков (источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики). – Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. с.302
7. Оспан Т. Салтқа сінген сүннет // Ислам және өркениет. – 2007.№8.-10б.

Резюме

Антропонимия любого языка представляет особую подсистему, характеризующуюся своими закономерностями. В ней отражается духовная и материальная культура, история и психология, древние верования и современные воззрения народа.

Resume

The anthroponomy of any language represent special system, which characterize own conformity to natural laws. Also, spiritual and material culture, history and psychology, ancient belief and modern view of people have in reflection.

ӘӨЖ 81,367.6

ВАЛЕНТТІЛІК ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ АҚТАНТ ҰҒЫМЫ ТУРАЛЫ

Г.О. Сыздықова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Валенттілік теориясында валенттілік пен актант ұғымдары бір-бірімен тығыз байланыста қолданылады. Актант (лат.ago қозғалысқа келтіремін, әрекет жасаймын) – 1) етістік арқылы білінетін процестегі адамды, затты білдіретін сөйлем мүшесі; 2) мәтін теориясы бойынша баяндау кезінде адамның (заттың) типтік функциясы; 3) агенс д.м.[1,13]. Актант терминінің тілдік қолданысқа енуі де валенттілік теориясының қалыптасуымен байланысты. Бұл ұғымды 1959 жылы француз ғалымы Л. Теньер ұсынды. Бастапқы кезде жағдаятқа белсенді қатысушы, әрекет етуші тілдік бірлікті белгілеп, француз тіл білімінің синтаксистік теориясында ғана қолданылды.

Актант ұғымының семантика саласындағы зерттеулерде кеңінен қолданыс тауып, жаңа сипатқа ие болуы негізінен Москва семантикалық мектебі өкілдерінің семантикалық және синтаксистік валенттіліктерді бір-біріне қарама-қарсылықта зерттеуімен байланысты түсіндіріледі. Аталған мектеп өкілдерінің валенттілік түрлерін семантикалық және синтаксистік жағынан бөліп қарастыруы негізінде актанттардың да семантикалық, синтаксистік түрлері анықталды.

Актант – предикат сөздің валенттілігін толықтыратын мағына элементі немесе тілдік құрал, сөз тіркесімділігін басқарушы негізгі сөз. Қазақ тіл білімінде М. Оразов сөйлем құрамына еніп өзекті сөздермен тіркескен сөздердің тіл білімінде актант деп аталатындығын ескерте отырып, «өзекті сөздің валенттілік дәрежесін анықтауда актанттардың саны бірден-бір өлшем болып саналатындығына» [2,200] ерекше назар аударады. Сондықтан валенттілік теориясындағы актант сөздің маңыздылығы, біріншіден, оның валенттілік байланыстағы сөздердің мағыналық үйлесімділігін айқындауымен, екіншіден, өзекті сөздің валенттілік дәрежесін сандық жағынан анықтауымен байланысты сипатталады. Сөздердің валенттілік құрамындағы актанттар саны өзекті сөздің контекстегі қолданыс сипатымен анықталатынын ескерсек, өзекті сөз қызметінде тілдегі атауыш сөздер қолданылады. М. Оразов қазақ тіліндегі сөз таптарының бәрі де өзекті сөз қызметінде жұмсалатынын атап көрсете отырып, бұл қызметтің сын есім мен сан есімге қарағанда, «етістіктерде өте күшті болатындығына» баса назар аударады [2,200]. Кейбір еңбектерде валенттілік құбылысының тек етістікпен байланысты болуы осы пікір негізінде түсіндіріледі. Валенттілік құбылысын етістіктен басқа сөз таптарына қатысты қарастыруда ғалымның: «Шет ел тілшілері болсын, совет тілшілері болсын, сөздердің валенттілік қасиетін анықтау үшін өздерінің пікіріне дәлел ретінде етістіктерді ғана алады да, есім сөздерге жол-жөнекей тоқталады. Дегенмен де есім сөздерде де валенттілік қасиеттің барлығы анық, бірақ олар етістіктердегідей бай және ашық көріне бермейді» [2,193] деген пікірін негізге ала отырып, есім сөз таптарындағы валенттілікті де жоққа шығаруға болмайды. Бірақ есім сөздер мен етістіктердің валенттілік қатынасы өзара ерекшеленеді. Ол ерекшеліктер валенттілік құрамдағы өзекті сөздің мағынасы, қосалқы актант қызметіндегі басқа сөздермен байланысы, сондай-ақ актант саны тұрғысынан айқын көрінеді. Сонымен қатар валенттілік қатынасқа түскен өзекті сөз бен актанттар арасындағы түрлі қарым-қатынас та сөздерді валенттілік құрылысы тұрғысынан ерекшелендіреді. Бұл тұжырымды М. Оразовтың «валенттілік қатынасқа түскен өзекті сөз бен актанттардың арақатынасы барлық кезде бір ізді бола бермейді» [2,201] деген пікірімен сабақтасқандықтан, тіл жүйесінде негізгі сөздер кез келген сөзбен мағыналық жағынан байланысқа түспейді. Мәселен, арманшыл, арызкой сөздері тек адамзат ұғымын білдіретін сөздермен ғана мағыналық жағынан байланысып, соның

негізінде олар валенттілік құрылымы тұрғысынан белгілі бір тіркесім аясында өзекті сөздің негізгі ақтанты қызметінде қолданылады. Мысалы, арманшыл жас, арызқой адам деген тіркестерде жас, адам - өзекті сөздер, арманшыл, арызқой – негізгі ақтанттар.

Қазақ тілі валенттілік теориясындағы ақтант мәселесін М. Оразов етістіктердің семантикасына байланысты қарастыра келіп, «мүжі етістігінің семантикалық мағынасында тісі өтпейтін қатты тамақты шетінен біртіндеп жеу семасы болғандықтан, «сүйекті мүжіді» тіркесі қолданылады» [2,194] деп, бұл етістіктің басқа сөздермен, яғни қою тамаққа қатысты сөздермен мағыналық үйлесімді байланысқа түсе алмайтындығын атап көрсетеді. Ақтант қызметіндегі сөзбен мағыналық үйлесімділік болмаса, лексикалық синтагматика да болмайды. Сондықтан ақтант сөздің валенттілік байланыстағы сөздермен мағыналық жағынан үйлесімділікте болуы сөздің валенттілік құрылымын анықтауға негіз болады. Ғалым Ғ. Хасанов осы етістіктің ауыспалы мағынасындағы тіркесімділігі негізінде туған «миды мүжіді, миынды жеп қойды деген тіркестерде семантикалық итерацияның пайда болуын да валенттіліктің пайда болуы» [3,122] ретінде түсіндіріп, ақтант сөздің (бұл жерде мүжу етістігі) валенттілік құрылымды анықтаудағы қызметіне назар аударады.

Ақтант сөздердің тілдік сипаты олардың тіркесімділіктегі өзекті сөзбен қарым-қатынасына байланысты жан жақты қарастырылады. Бұл орайда Б. Сағындықұлының: «Синтагмалық тіркес құрамындағы сөздердің бірі екіншісінен мағыналық жағынан басымдау болып, өзімен байланысқа түскен сөздің өзіне мағыналық жағынан сәйкес келуін, үйлесуін талап етуі ол сөздің өзекті сөз ретінде танылуына негіз болады» [4,14] деген пікірін келтіруге болады.

Өзекті сөздің валенттілік дәрежесін анықтау-анықтамауына қарай ақтанттар негізгі және қосалқы түрлерге бөлінеді. Бұлардың ішінде негізгі ақтанттар арқылы өзекті сөздің валенттілік дәрежесі анықталса, қосалқы ақтанттарға мұндай қасиет тән емес. М. Оразов «қосалқы валенттілік жасайтын ақтанттар сөйлемдегі ойдың толық болуына себі тисе де, түсіріліп қалдырылса, айтылған ойға онша көп зияны тимейді,...ал қажетті валенттілік жасап тұрған ақтанттар түсіріліп қалдырылса, сөйлемдегі айтылған ой толық болмайды, текстен ол сөзді талап ету байқалып тұрады» [2,201] деп, негізгі ақтанттың валенттілік үшін аса қажеттілігін атап көрсетеді. Ал Ғ. Хасанов валенттілік дәрежесін анықтауда негізгі ақтанттардың маңызды рөл атқарып, қосалқы ақтанттардың олармен тек селбесіп өмір сүретіндігін айтады [3,214].

Сонымен қатар синтагмалды және біріктірілген ақтант түрлері де кездеседі. Синтагмалды ақтантта ақтант орны инфинитив құрылыммен немесе тұтас бір сөйлеммен толықтырылады. Мысалы: айта бастау; жөнсіз

дауласу т.б. Ал біріктірілген актантта актант орны түсіндіру барысында толық болады. Актанттардың синтаксистік және семантикалық валенттіліктермен арақатынасына қарай синтаксистік және семантикалық актант түрлері қалыптасады. Жалпы сөздің семантикалық валенттілігін толықтыратын семантикалық актанттары оның синтаксистік актанттарымен сәйкес келеді. Сөйлеуші сөздің семантикалық валенттілігін толықтыруда оның мағынасын іріктеуі де мүмкін. Егер ондай іріктеу мүмкіндігі болмаса, онда ол актант мәтінде түсіріледі. Іріктеу тым шектеулі немесе аса көп болған жағдайда да сөйлеушінің таңдау мүмкіндігі болмайды. Актант предикат сөздің валенттілігін толықтыратын мазмұн элементі немесе тілдік мән ретінде қолданылады.

Фалым А.Е. Карлинский актант ұғымын «етістік арқылы берілген әрекетке тікелей қатысатын, етістіктің айналасындағы семантикалық элементтер» [5,53] түрінде анықтап, лексикалық валенттіліктің актанттар саны арқылы белгіленетіндігіне назар аударады. Предикат сөз бірнеше қатысушылары бар жағдаятты сипаттайды. Осы предикаттың семантикалық валенттілігін сипаттайтын предикат сөздегі өзгерістер жағдаятқа қатысушы сөздерге сәйкес келеді. Ал предикаттың семантикалық валенттілігі осы сөздің семантикалық актанттарымен толығып отырады. Сөздің бірнеше семантикалық актанттары сол сөздің актанттық құрылысы болып табылады. Сөздердің актанттық құрылысы сөйлем ішінде анықталады. Олардың қатарында 2-3 және 6-7 актантты сөздер де болады. Мысалы, Халықаралық жарысқа бірнеше елден спортшылар келді деген сөйлемдегі келді етістігінің семантикалық үш актанты бар. Олар: жарысқа келді, бірнеше елден келді, спортшылар келді. Соның негізінде аталған етістіктің актанттық құрылысын былайша сипаттауға болады: 1) Субъект-спортшылар, 2) Объект-бірнеше ел, 3) Орны- жарыс. Зерттеушінің пікірін одан әрі сабақтасақ, актанттар сөздің басқа сөздермен семантикалық валенттілігін анықтаудағы ең маңызды бірлік ретінде ерекшеленеді. Әрине, тіл деңгейінде кез келген толық мағыналы сөздердің бір-бірімен өзара байланысқа түсетінін ескерсек, актант ұғымын тек етістікпен байланысты ғана қарастыруға болмайды. Жалпы валенттілік теориясында етістіктермен қатар есім сөз таптарының да валенттілік байланыста болуы аталған семантикалық элементтің етістіктен басқа сөз таптары арқылы берілетін құбылысқа, затқа, оқиғаға тікелей қатысуымен түсіндіріледі. Сондықтан актант сөз валенттілігін сандық және сапалық жағынан анықтауға негіз болатын басты элементтердің бірі болып табылады.

Қазақ тіліндегі сөздердің валенттілік құрамы мен дәрежесі валенттілік теориясының өзекті мәселелері қатарынан орын алады. Бұл орайда сөз таптарының валенттілігі, актант сөз ретіндегі қызметі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Ал сөздердің валенттілік құрамын анықтау олардың

басқа сөздермен семантикалық байланысы негізінде жүзеге асырылады. Мысалы: «келді» етістігі семантикалық сипаты жағынан зат есім, сан есім және үстеу сөз таптарымен түрлі мағыналық байланыста болып, сол байланыс негізінде аталған етістіктің валенттілік құрамын анықтауға болады. Атап айтсақ, әкем келді – қимыл иесі; қалаға келді – қимылдың бағыты; ауылдан келді – қимылдың шығу орны; бүгін келді – қимылдың мезгілі; бесте келді – қимылдың уақыты. Бұл мысалдардан «келді» етістігінің валенттілік құрамын анықтаудағы оның семантикалық сипатының маңызы айрықша аңғарылады.

Валенттілік теориясында актант ұғымымен қатар сирконстант ұғымы да қолданылады. Қазіргі кезде сирконстант ұғымы да, актант тәрзіді, семантикалық термин ретінде қалыптасып, актант ұғымына қарама-қарсы қойылады. Бұл екі ұғым да сөз мағынасымен байланысты болып келеді. Бірақ олардың арасындағы айырмашылық та сөз мағынасымен байланысу сипатына қарай анықталады. Актант – сөз семантикасының бір бөлігі ретінде оның құрамына кірсе, сирконстант, керісінше, сөз семантикасының бір бөлігі бола алмайды. Сондықтан сөз мағынасын анықтауға қатысы да әлсіз болады. Сирконстанттар предикат сөздермен еркін байланысып, сөйлемдегі ойды толықтырып тұрады. Бұдан валенттілік теориясында семантикалық актанттар мен сирконстанттар арасындағы ерекшеліктерді анықтау қажеттілігі келіп шығады. Теориялық тұрғыдан бұл ұғымдардың шекарасы жағдайдың міндетті және міндетті емес қатысушылары арасынан көрініп, олардың қайсысының сөз семантикасының толық сипатын ашуға қажеттілігімен анықталады. Бұл жағдайда төмендегідей бірнеше ережелер негізге алынады: 1) Сөз арқылы сипатталатын жағдаятқа сәйкес міндетті аспектілер (қатысушылар) семантикалық актант болып табылады. Белгілі бір аспектінің жағдаят үшін міндетті болмауы оның сирконстант қызметінде қолданылуына негіз болады. Сөздің актант ретінде танылуы оның жағдаят үшін міндетті болуымен, яғни жағдаятқа міндетті қатысушы болуымен байланысты. Мысалы, жүру етістігімен сипатталатын жағдаят үшін себеп аспектісі міндетті болмаса, ал барлық әрекет пен жағдайға тән уақыт аспектісі міндетті болып табылады. Бірақ бұл тек осы лексемаға ғана тән емес, сондықтан сәйкес аспектілер сирконстанттар ретінде қарастырылып, меңгеру моделінде көрсетілмейді; 2) Сөздің семантикалық валенттілігі бірден үшке дейін ғана болады. Төрт және одан көп валентті сөздер сирек кездеседі; 3) Семантикалық актанттарға морфологиялық мазмұнының тұрақтылығы тән. Ол тек сәйкес валенттіліктің мазмұнына ғана емес, сондай-ақ актант қатысты болатын лексемаға да тәуелді болады. Мәселен, адресаттың бірдей семантикалық рөлінде жағдаятқа қатысушы хабарлау етістігінде барыс септігімен, ал жеткізу етістігінде табыс септігімен беріледі [6,143].

Л. Теңбер сирконстанттарды сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері ретінде көрсетеді

[7,52]. Бұдан семантикалық актант пен сирконстант арасындағы шекараны анықтаудың семантикалық валенттілік үшін аса маңызды екендігі көрінеді. Сөздің семантикалық валенттілігі мен семантикалық актанттары сол сөз арқылы сипатталатын жағдаятты талдау барысында анықталады. Мысалы, жоспарлау етістігі алдағы уақытта істелетін істі жобалау, белгілеу жағдаятын сипаттайды. Бұл жағдаятқа оны іске асырушы субъект (А), аталған жағдаят бағытталған объект (В) және осы жағдаяттың жүзеге асырылу уақыты (С) мен орнын (Д) білдіретін актанттар қатысады. Бұлар жоспарлау ұғымына қатысты жағдаятты толығымен сипаттайды. Егер олардың біреуі болмаса, онда аталған сөз арқылы сипатталатын жағдаят толық берілмейді. Мұндағы А – жоспарлау сөзі арқылы сипатталатын жағдаятты жүзеге асырушы, бастамашы – агенс, В – пациенс, яғни сипатталатын жағдаяттың нысаны, С – жағдаяттың орындалу мезгілі, Д – жағдаяттың жүзеге асырылатын орны. Аталған жағдаяттың міндетті қатысушылары (А,В,С,Д) оның ауыспалы семантикалық актанттары болып табылады. Бұл осы жағдаятқа қатысушылардың өзгеруімен байланысты түсіндіріледі.

Сонымен актант сөздер өзекті сөздермен тікелей қарым-қатынаста болып, сөздердің валенттілік құрылымын анықтауда айрықша қызмет атқарады. Белгілі бір жағдаятқа қатысушылар предикат сөз арқылы сипатталады. Ал предикат сөздің семантикалық валенттілігіндегі өзгерістер жағдаятқа қатысушыларға ықпал етеді. Сондықтан валенттілік байланыстағы актант сөздердің сирконстант сөздермен арақатынасындағы ерекшеліктер олардың сөз мағынасына қатысына қарай анықталады. Валенттіліктегі актант сөздердің қызметінде етістіктермен бірге есім сөздер де қолданылады. Соған орай сөз таптарының актант сөз ретіндегі қолданысы әртүрлі болып келеді. Сөз таптарының валенттілік құрылымы тәрізді, олардың актант қызметіндегі қолданысы да өз алдына жеке зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірмен сөздігі.- 13 б., Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.
2. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы.- 193,194,200,201бб., Алматы: Рауан, 1991.
3. Хасанов Ф. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы. Докт. дисс. қолжазбасы.- 122,214бб., Алматы, 2009.
4. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негізі.-14бет, Алматы:Қазақ университеті, 2005.
5. Карлинский А.Е. Методология и парадигма современной лингвистики.- 53стр, Алматы, 2009.
6. Кобозева И.М. Лингвистическая семантика.- 143стр, Москва: Комкнига,2007.
7. Теньер Л. Основы структурного синтаксиса.- 52 стр, Москва,1988.

Резюме

Автор рассматривает функции актантов в валентностных отношениях, отношение слов-актантов к частям речи и их особенности.

Resume

The author considers functions of elements in valence relations, relations of words - elements to parts of speech and their particularities.

ӘӨЖ 81,37

**СӨЗ МАҒЫНАСЫ МЕН ТІРКЕСІМДІЛІГІНІҢ
АРАҚАТЫНАСЫ**

Г.О. Сыздықова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Тіл біліміндегі сөз мағынасы мен оның тіркесімділігі арасындағы қарым-қатынас мәселесі қазіргі семасиология ғылымында оның тілдік табиғатын тереңірек анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан жалпы сөз таптарының тіркес жүйесіндегі орнын анықтау үшін олардың семантикалық және грамматикалық белгілері негізге алынады.

Сөз мағынасы мен оның тіркесімділігі арасындағы өзара қарым-қатынас, байланыс – тіл біліміндегі маңызды мәселелердің бірі. Кез келген толық мағыналы екі сөз бір-бірімен тіркесуі үшін олардың арасында грамматикалық сәйкестікпен бірге семантикалық байланыстың да болуы қажет. Сөз жеке, дербес өмір сүрмейді. Тіл жүйесінде сөздердің бір-бірімен өзара тіркесуі олардың мағыналық сәйкестігі арқылы жүзеге асады. Сондықтан сөз мағынасы мен тіркесімділігінің арақатынасы сөйлеу үдерісінде сөздердің өзара байланысы негізінде анықталады.

М. Оразов сөз мағынасы мен тіркесімділігі арасындағы байланысты анықтауда «...сөздер әрі синтаксистік, әрі семантикалық жақтан байланысады. Байланысқа түскен сөздердің тым болмағанда бір семасы өзара сәйкес келуі не екінші бір сөздегі бір семаменен байланысқа түсу мүмкіндігі болу керек»[1,152] деген тұжырым жасайды. Сөздердің тіркесімділігі олардың арасындағы синтагмалық байланыс арқылы жүзеге асады. Бірақ тіркесімділіктің жүзеге асуы тек синтагматикалық байланыспен ғана шектелмейді. Бұл үдерісте сөз мағынасының да маңызы зор.

Сөз мағынасын анықтауда тіркесімділіктің маңызды екендігін орыс ғалымы Ю.Д. Апресян да ескертіп, сөздердің семантикалық ерекшелігі

не сөздердің мағыналық ерекшелігі ретінде, не тіркесу ерекшелігі ретінде талданатындығын айтады [2,64]. Бірақ кез келген сөздің мағынасы бір ғана тіркес құрамында көрінбейді. Белгілі бір сөз екінші бір сөзбен лексика-грамматикалық байланысқа түсіп, тіркес ішінде әртүрлі мағыналық қырынан танылады. Сондықтан сөйлем құрамына енген сөздер арасында екі жақты байланыс болады: біріншісі – грамматикалық категориялар арқылы байланысып, белгілі бір грамматикалық тұлғада тіркесуі, екіншісі – семантикалық жағынан байланысуы.

Мысалы: Кешегі ауыл-ауылдан қалың қол боп аттанған сабаудай-сабаудай жігіттердің көбі қан сасыған дала төсінде көз жұмды (Н. Қапалбеков). Мұндағы тұрақты тіркес түрінде келіп баяндауыш қызметінде тұрған көз жұмды сөзі дала төсінде сөзімен тіркесінде бағыныңқы сыңарының жатыс септігінде ғана тұруын талап етеді. Өйткені айтушы қозғалыстың, қимылдың мекенін, орнын білдіруді мақсат етеді. Сол мақсатты жүзеге асыру үшін қимыл үдерісінің мекенін көрсететін сөз (бағыныңқы) мекендік ұғымдағы жатыс септік тұлғасында келген. Бұл – сөз тіркесінің бірінші жағы, ал екінші жағы, яғни семантикасына келсек, дала төсінде көз жұмды тіркесі құрамындағы бағыныңқы және басыңқы сыңарлар өзара мағыналық бірлікте келіп, тығыз байланыста тұр.

Сөздердің бір-бірімен тіркесуінде олардың лексикалық және синтаксистік жақтары өзара байланыста болуы қажет. Ал сөздердің лексикалық және синтаксистік тіркесімділігі семантикалық тұрғыдан мағынаның бір бөлшегі болып табылады.

Профессор К. Аханов: «Сөз тіркесі – мағыналық жақтан да, грамматикалық жақтан да өзара байланыста, бірлікте болатын толық мағыналы, кемінде екі сөздің тіркесі» [3,183] деп, лексикалық және синтаксистік тіркесімділіктің аражігін ашып көрсетеді. Сөздердің лексикалық тіркесімділігінің шеңбері олардың грамматикалық тіркесімділігінің шеңберінен шағын әрі тар болады. Сөз тіркесімділігін сөз тіркесінен ажыратуда ғалымдарымыз тіркесімділікке бірнеше анықтамалар береді. Мысалы, Ә. Аблақов бұл жөнінде: «Сөз тіркесімділігі дегеніміз ең кіші синтаксистік контекст құрауға негіз болатын, сөздің мағыналық сыйымдылығына сүйенетін грамматикалық конструктивтік (жалғастырушылық) қасиет, яғни тіркесімділік контексте, қос мүшелі тіркесте көрінеді» дейді [4,21]. Ғалымдар сөз тіркесімділігі көрінетін контекстерге сөздердің аналитикалық формаларын (жазып отырмын, өте жақсы т.б.), түйдекті тіркестерді (ермек үшін, телефон арқылы), сөз тіркестерін, предикаттық қатынастағы орамдар мен жалаң сөйлемдерді (қаулы қабылданды, ол сөйледі) жатқызады.

Ғалым С. Исаев: «Тіркесімділік – сөздердің тек грамматикалық (синтаксистік) қызметі ғана емес, лексикамен, сөздердің ішкі мағына сыйымдылығымен, семасиологиямен тығыз байланысты. Сөздердің ішкі

мағына сыйымдылығына қарай олардың тіркесімділігі артып, я кеміп отырады. Тегінде, сөздердің ішкі мағыналық шеңбері, көлемі тіркес арқылы ашылып, содан көрінеді. Осы жағынан сөздердің тіркесімділігі лексика-грамматикалық категория тұрғысынан зерттелуі тиіс. Синтаксистік (грамматикалық) өрісі мен семантикалық сыйымдылығын салыстыра отырып, соған сәйкес қарағанда ғана сөздердің тіркесімділік сыры толық ашылмақ» [5,140] дей келе, жалпы тіркесімділікке үлкен маңыз беріп, бұл мәселенің зерттелуі тек грамматикалық қана емес, сондай-ақ семантикалық жақтан да қажет екенін айтады.

Сөздерді жеке сөз таптарына қарай топтастырғанда олардың бірыңғай грамматикалық мағынасы негізге алынады. Ал грамматикалық мағынаның өзі сөздердің бір-бірімен байланысып, тіркеске түсуі нәтижесінде қалыптасады. Соның негізінде белгілі бір сөз табындағы сөздер екінші бір сөз табын құраушы сөздермен тіркеседі. Әрине, жоғарыда аталып өткендей, барлық сөз таптарының бір-бірімен тіркесімділік қасиетін бірдей деуге болмайды. Мәселен, сөз таптарының ішінен етістіктің тіркесімділік қасиеті өте күшті, өйткені етістік барлық сөз таптарымен тіркесе береді (қалам берді, ызалана күлді, ертең келеді, жақсы айтты т.б.). Ал үстеу сөз табының тіркесімділік сипаты етістікке қарағанда әлдеқайда әлсіз, себебі ол барлық сөз табымен емес, олардың ішінде сын есім, етістіктермен ғана тіркесе алады. Сондай-ақ зат есім мен зат есім, сын есім мен зат есім, үстеу мен сын есімдер де бір-бірімен тіркеседі. Бұл олардың грамматикалық қасиеті болып табылады. Алайда сөздердің бір-бірімен тіркеске түсуінде оның грамматикалық қасиеті ғана негізге алынбайды, сондай-ақ лексикалық қасиеті де ескерілуі керек. Себебі бір-бірімен тіркесімге түсетін сөз таптарының ішіндегі барлық сөздер өзара тіркес құрай бермейді, олардың арасында тіркесімге түспейтін сөздер де бар. Мәселен, зат есім мен етістік сөз табы ретінде бір-бірімен жиі тіркесімге түседі. Бұл – олардың грамматикалық сипаты. Бірақ зат есім тобындағы кез келген сөз етістік тобындағы кез келген сөзбен тіркесімге түспейді. Мысалы, ойна етістігімен бала, доп (доп ойнады, бала ойнады) сөздері тіркеседі, ал кітап, гүл (кітап ойнады, гүл ойнады) сөздері тіркеспейді. Грамматикалық жағынан аталған сөздердің бәрі бірдей зат есімге жатады. Алдыңғы екі сөздің етістікпен тіркесімге түсуі олардың (бала ойнады, доп ойнады) грамматикалық және лексикалық жағынан да сәйкестігіне байланысты. Ал кітап, гүл сөздері ойна етістігімен грамматикалық жағынан байланысқанымен (зат есім ~ етістік), лексикалық жағынан бұл сөздердің арасында ешқандай мағыналық байланыс жоқ. Сондай-ақ сын есім мен зат есімдер туралы да осыны айтуға болады. Мысалы, жалпақ бет, жалпақ мұрын, жалпақ табан дегендегі жалпақ сын есімі мен бет, мұрын, табан т.с.с. зат есімдері тіркеседі, ал осы сын есіммен шаш (жалпақ шаш), көз (жалпақ көз) тәрізді зат есімдер тіркеспейді. Оған жалпақ сын есімі мен көз, шаш зат есімдерінің мағыналық

жағынан байланыспауы негіз болады. Сөздердің бір-бірімен тіркесуінде олардың грамматикалық жағынан байланысының жеткіліксіздігі осында. Белгілі бір сөз табындағы сөздер өзара тіркесімге түсіп, сөз тіркесі қатарында қолданылуында олардың грамматикалық жағының сәйкес келуімен бірге, лексикалық жағынан үйлесімділігі де маңызды болып табылады. Сөздер грамматикалық жағынан байланысқанымен, лексикалық мағыналарының арасында ешбір байланыстың болмауы олардың тіркесім жасауына мүмкіндік бермейді. Бұл жөнінде ғалымдар Ә. Аблақов, С. Исаев: «Сөздердің бір-бірімен тіркеске түсуінде, сөз тіркесімділігінің жүзеге асуында сөздердің лексикалық мағынасы жағынан да сәйкестігінің атқаратын қызметі орасан зор» деп көрсетеді [4,22].

Сөздердің тіркесімділігі тілдік категория ретінде сөз семантикасымен тікелей байланысты. Жалпы сөздің тіркесімділік қасиеті өзі белгілейтін зат пен ұғымның арасындағы байланыс пен қарым-қатынас негізінде қалыптасады. Сөз семантикасы мен оның тіркесімділігі өзара қарым-қатынаста болады. Олардың арасындағы байланыс жөнінде В.Н. Телия былай дейді: «Когда семантика слов определяется на основе их значения в системе - как единиц лексико-семантической организации языка, а сочетаемость свойства на основе синтагматического соположения слов, безотносительно к коммуникативному компоненту языка (лексический аспект); изучение в составе предложения - высказывания, когда семантика слов определяется относительно их выбора для наименования определенного элемента ситуации, обо значаемой в данном высказывании, а сочетаемость - через определение зависимости одной номинации от другой номинации окружения, отражающего предметно-логические связи, вычлняемые в структуре ситуации (ситуативно-синтаксический аспект); когда значения слов рассматриваются с коммуникативно - релевантными признаками их семантического содержания, а сочетаемость - на основе семантико-синтаксической связи между словами как элементами определенной пропозиции» [6,246].

Зерттеушінің сөз семантикасы мен тіркесімділігі арасындағы қарым-қатынас туралы пікірінен тіркесімділік мәселесін тек лексикалық тұрғыдан ғана емес, грамматикалық тұрғыдан да қарастыру қажеттілігі байқалады. Ғалым Н.Д. Арутюнова сөздердің тіркесімділігін лексикалық тұрғыдан қарастыруда сөздердің сөйлемдегі байланысын негізге алады, ал лексикалық бірлік ретіндегі ерекшеліктерін анықтауды олардың мағынасына тәуелсіз түрде қарайды [6,249].

Жалпы сөздерге тән синтагмалық байланыс, яғни олардың арасындағы қатынас сөз семантикасына байланысты екендігі белгілі. Сөздің басқа сөздермен тіркесу мүмкіндігі және бұл мүмкіндіктің жүзеге асу жолдары сөздің белгілі бір сөз табына тән болуымен ғана емес, оның лексикалық мағынасына да қатысты. Сондықтан сөз мағынасы мен оның тіркесімділігін бір-бірінен

бөліп қарауға болмайды. Сөз семантикасының оның тіркесімділігіне негізделуі, сондай-ақ тіркесімділік сипатының өзгеруі оның мағынасының да өзгеруіне әсер етеді.

Сөз мағынасы мен тіркесімділігінің арақатынасында сөз тіркесімділігі мен сөз тіркесі ұғымдарының арасындағы ерекшеліктер де ескеріледі. «Сөз тіркесі - контекст, тілдік факт, конструкция, орам, ал сөз тіркесімділігі – жалпы тіркес атаулыны тудыратын фактор, себебі сөз тіркесі сөз тіркесімділігіне сүйеніп барып туады. Сөз тіркесі белгілі бір тілдік элементтер үшін контекст болса, екінші жағынан тілдік (синтаксистік) единица болып есептеледі. Сөздердің тіркесімділік қасиеті әрбір грамматикалық топтағы сөздердің мағыналық сыйымдылығы мен грамматикалық сипатына негізделеді» [4,23].

Сөз тіркесімділігі сияқты, сөз тіркесі үлгілерінің қалыптасуына семантикалық факторлар ерекше әсер етеді. Себебі сөз тіркесі құрамындағы сөздер бір-бірімен грамматикалық және мағыналық жағынан өзара ыңғайлас болып келуі сөз тіркесі үшін де басты шарт. Сөз тіркесін жасаудағы бұл факторлардың (лексикалық, грамматикалық) байланысы мен қарым-қатынасы тіл білімінің лексика және грамматика салаларының арасындағы жан-жақты әрі тұрақты байланысты көрсетеді.

Сөздің грамматикалық жағынан өзіне бағынышты сөздермен тіркесу қабілеті өте маңызды. Ең алдымен бұл қабілеттіліктің бір жағы грамматикаға, яғни оның синтагматика аясына, сөздердің тіркесуіне негізделеді. Екінші жағынан, семантикаға бағытталып, тілдегі лексика-семантикалық құбылыстармен тығыз байланыста болады.

Мысалы: Өзгеше өмір әркімді де қызықтырады (Б. Нұржекеев) деген сөйлемде бірнеше тіркестер бар, соның ішінен өзгеше өмір тіркесіндегі өмір сөзіне өзгеше сөзі грамматикалық жағынан тәуелді: бірі анықталушы, енді бірі анықтаушы (зат пен сын). Ал лексика-семантикалық жағынан сындық ұғым мен заттық ұғымды білдіретін сөздер бір-бірімен мағыналық қарым-қатынаста болады.

Ал Э.М. Медникова сөздің түрлі мағыналық ренктерін зерттеп, сөз тіркесі құрамындағы сөздер арасындағы қарым-қатынасты талдай отырып, синтагматикалық байланыстың лексика-фразеологиялық шартты тіркесімділік және синтаксистік шартты тіркесімділік деген екі түрін бөліп көрсетіп, біріншісін коллокация, екіншісін коллигация ұғымдарымен атайды [7,89]. Коллигация жалпы, абстрактілі болса, коллокация нақты, жеке түрде болады. Араларындағы осындай қарама-қарсылыққа қарамастан, тіркесімділіктің бұл түрлері тығыз байланысты. Алдыңғы екі пікірден ерекшелігі, Э.М. Медникова лексикалық тіркесімділікті «коллокация», синтаксистік тіркесімділікті «коллигация» деп, оларға терминдік атау береді. Ал ғылыми тұжырымдарға ортақ белгі: лексикалық тіркесімділік тіркесімдегі сөздердің негізгі бастапқы мағыналарының үйлесімділігіне, синтаксистік

тіркесімділік ол сөздердің грамматикалық мағынасына, яғни белгілі бір сөз табы құрамындағы сөз топтарының грамматикалық байланысына негізделеді. Сондықтан сөз мағынасы мен тіркесімділігінің арасындағы қарым-қатынас тіл жүйесінде олардың қолданысымен сипатталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы.-152 б., Алматы:Рауан,1991.
2. Апресян Ю.Д. Лексическая семантика.- 64 стр.Москва,1974.
3. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері.- 183б., Алматы,1996.
4. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі.- 22,23 бб., Алматы:Санат,1997.
5. Исаев С.М. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы.- 140 б., Алматы,1973.
6. Телия В.Н. Семантический аспект сочетаемости слов и фразеологическая сочетаемость.//Принципы и методы семантических исследований.-246,249 стр, Москва:Наука,1976.
7. Медникова Э.М. Значение слова и методы его описания.- 89 стр, Москва:Высшая школа,1974.

Резюме

В статье рассматриваются некоторые вопросы семантики слов и их отношение к сочетаемости.

Resume

Some issues of word semantics and their relations to compatibility are investigated in this article.

ӨӘЖ 882.151.212.2

МӘШҲҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС-БІТІМ

А.О. Тоқсамбаева

Семей мемлекеттік педагогикалық институты, Семей қ.

Еліміздің өз егемендігіне қол жеткізуі отандық ғылымның қарыштап дамуына жол ашты. Ең бастысы қазақ филологиясындағы жабық

тақырыптардың кең ауқымды зерттелуіне толыққанды мүмкіндік туды. Бұрын тек біржақты бағаланып келген Ш. Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, М. Жұмабаев сияқты ХХ ғ. басындағы әдеби үдерісте үлкен әдеби рөл атқарған қаламгерлер шығармашылығы өзінің шынайы әдеби бағасын әдебиет зерттеушілері тарапынан ала бастады.

Қазақ әдебиетінің теоретиктері мен әдебиет тарихын зерттеушілері ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы шығармашылық ғұмыр кешкен әдебиет алыптарын ұлттық болмыс-бітім тұрғысынан пайымдаудың бұрын тұмшаланып келген ғылыми шымылдығын ашып, жаңаша сипаттағы зерттеулер мен пайымдаулар жасауға қол жеткізді.

Біз өзімізге дейін айтылған ғылыми пікірлер мен әдеби тұжырымдардың бәтуалы тұстарын осы мақаланы жазуда басшылыққа ала отырып, қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар қаламгер Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туындыларындағы ұлттық болмыс-бітім жайында аз-кем сөз етпекпіз.

Шығу тегіміз бен тіліміз туыстас болып келсе де, белгілі бір әдеби ой-пікірді түйіндеуде қырғыз бен қазақ қаламгерлері екі түрлі тұрғыда ойлап (Әбіш Кекілбаев пен Шыңыс Айтматовтың “мәңгүрті”–Т.А.) әр түрлі көркемдік шешім қабылдайды. Қазақ пен қырғыз қаламгерлеріне осындай түрлі көркемдік шешім қабылдатып отырған басты әдеби себеп – ұлттық психология. Демек психологизм көп қырлы бағыттар мен әдістерге ортақ әрі олардың негізгі принциптеріне тікелей тәуелді. Сонымен қатар психологизм белгілі бір көркемдік әдістердің ауқымына сыймайды... яғни дербес поэтикасы болуға тиіс [1, 4 б], - деп, профессор Б. Майтанов дұрыс атап көрсеткендей, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлең-деріндегі ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамындағы белгілі бір әлеуметтік топтардың арман-мұратын, мақсат-сезімін білдіретін ұлттық нақыштардың астарына үңілу үшін ақынның өз лирикалық қаһармандарының өмір сүрген кезеңіндегі дүниетанымы мен іс-әрекеттеріне қай тұрғыдан келетіндігіміздің басын ашып алу қажет.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әдеби үдеріске өзінің оң мен солын айырып араласқанға дейін М. Әуезов орынды атап көрсеткен зар заман әдебиеті Нарымбет ақынмен аяқталған болатын [2]. Осындай тұтас бір әдеби үдерістің аяқталуы ХІХ ғ. соңғы ширегінде қазақ әдебиетінің шығыстық мәнерде қайыра гүлденуін тудырды. Бұрынғы ұлттық әдебиеттегі томаға-тұйықтық жойылып, әдеби даму өз кезегінде шығыс, орыс және батыс әдебиетінің жауһарларымен жақсы таныс қазақ әдебиетінің жаңа өкілдерін әдеби аренаға әкелді. Бұлар өз заманына сай жадидше білім алған қазақ ағартушылық әдебиетінің ІІ кезеңінің өкілдері еді [3]. Олар өздерінің шығармашылық әлеуетін отаршылық дәуіріндегі қазақ қоғамдық-саяси күресіне арнап, өздерінің осы жолдағы түрлі бағыт пен ағымдардағы идеялық-философиялық ізденулерін тудырды.

“Ең алдымен психологизм... көркемдіктің кепілі ретінде бой көрсетеді”[4, 39],-дейді орыс зерттеушісі А. Изеуитов. Біз осыны негізге ала отыра Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы поэзиясын қарастырған шақта ондағы ұлттық нақышта бой көрсететін “романтикалық психологизм” мен “реалистік психологизмнің” бірде ірге ажырата, бірде тоғыса шарпысуын айырып көрсетіп отыруымыз қажет. Сонда ғана ақын шығармасындағы ұлттық болмыс бітімді біршама толық ашып көрсетуге қол жеткізе аламыз. Сондай-ақ ақынның азаматтық лирикасындағы ұлттық нақыштардың қай әдеби ағымға жататынын қажетті жерінде көрсетіп отырған да орынды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір сүрген дәуірдегі саяси-әлеуметтік оқиғаларды неміс ақыл-ойының асқаралы шыңы Гегельдің өзекті пікіріндегі қаламгер сезіміне қатысты аяда алар болсақ: “Бірінші менің қандай да бір жағдайларға тікелей жалқылығым, бұған мысалы: ашу, ыза, кек, қызғаныш, ұят, өкініш тәрізділер жатады.

Екінші менің өзім арқылы жалпыға қатыстылығым: заңға, ұждан-салтқа, дінге, әсемдік пен ақиқатқа қатыстылары”[5, 1186] арқылы толық ауқымда тек шығармаларының тереңіне бойлап өнгенде ғана ұғына аламыз. Осы негізде ақын туындыларын саралайтын болсақ, ақын өзінің азаматтық лирикасында XIX ғ. соны мен XX ғ. басындағы отаршылық зардабының кесепатын өзі басы-қасында жүрген қоғамдық өмірдегі белгілі бір әлеуметтік топтардың ұлттық нақышта суреттелуі негізде төмендегіше айшықтайды:

Сүрініп ат тұяғы кетер болса,
Дұшпан түгіл, досың да табаласқан.
Бұл жұртта сұмырай нәрсе толып жатыр,
Өтірік, ұрлық, өсек араласқан[6,46].

Біз алған өлең үзініндегі “ат тұяғының сүрінуі” этнотіркесіміне ақын поэтикалық акцент түсіріп қолданылып тұр. Осы бір фразалық қолданылыс арқылы ақын өз заманындағы елдің аузына іліккен жанның жаза басқан бір іс-әрекеті үшін дұшпанының табасы мен достарының күстаналауына қалайша ұшырағандығын өзіне тән стильдік сөз саптауымен тамаша бере білген. Біз арнайы алған өлең шумағының соңғы екі тармағы өз бойына отаршылдық өмір салты тудырған қазақ қоғамындағы кесепатты кеселдерден хабар береді. Енді осы өлең шумағының жалғасын келітірер болсақ. Онда:

Өңшең сәуірік, текешік, бұқашықтар,
Бірін-бірі соғып, шаншып, жараласқан,
Жаксыны өзі болған, көре алмаған,
Өрт қойып жан-жағынан қамаласқан[6,46], -

деген шумақтардан бұрынғы тармақта айтылған ойдың одан ары тереңдетіліп берілгендігін байқаймыз. Ақын өзі жаратпайтын әлеуметтік топ өкілдерін “сәуірік, текешік, бұқашықтар” деп метафоралық символдаумен берсе, өзі ұнататын жанды – халық ұғым-түсіндегі “жақсы” эпитеттік

метонимиясымен суреттейді. Өз өмір сүрген ортасындағы қоғамдық-саяси күресті осы топтың арасында орын алған іс-әрекеттер: соғысу, шаншысу, жараласу персонаждық кимылдары арқылы дәуір тынысын ашып береді. Ұлттық таным-түсініктер әдеби әрлеуден басым түсіп отыруы - ақынның азаматтық лирикасындағы өзіндік стильдік ерекшеліктерінің бірі. Біз оны ақынның 1907 жылы патша үкіметі тәркілеген “Тіршілікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашымыз” кітабынан молынан кезіктіріп отырамыз. Бұл арада бір ескеретін жайт Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығынан ең бастысы көркемдікті іздеуді емес, ондағы ұлттық нақыштардың түбінде бұғып жатқан азат ойлылықты іздеуге көп көңіл бөлгеніміз дұрыс.

«Адам қашанда әдеби шығармашылықтың орталық нысанасын құрайды. Бейнеленген адамға қатысты тек әлеуметтік тұрмыстың шынайылығы ғана емес, заманның болмысы мен тарихи өзгермелілігі т.б. көрініс тауып, автор қолданған барша көркемдік амал-тәсілдердің өзі бейнелеген адам болмысымен біте қайнасуы»[7,3 б] біз келтірген өлең жолдарында кең ауқымда таңбаланғандығын байқаймыз.

Өз ұлтының кемістігі мен кемшілігін басқа орыс ойшыдарынан асыра айтқан П.Я.Чаадаевтың орыс-ақыл ойының дамуындағы алатын орны турасында Тұрсын Жұртбай[8] өзінің құнды пікірлерін айтқан болатын. Біздің ХІХғ.соңы мен ХХғ. басындағы қаламгерлеріміз де өз туындыларында өздері өмір сүрген отаршылдық дәуірдің кесапатын өздерінің азаматтық лирикаларында түрлі деңгейде ашып көрсете алды. Енді өз ұлтының шынайы бет пердесін басқа замандастарына қарағанда айырықша ашып көрсете алған П.Я.Чаадаевтың пікіріне орын бере кетелік: “Демек, біздің ереже мынау: біздің өзімізге мәлім фактілер туралы ой толғағанда, өлі материалдарға қарағанда,жанды образдар туралы ауқымды ой жинақтай аламыз”[9, 255 б]. Сол дәуірдегі өлі материалдар патша үкіметі қазақ тілінде шығарған “Түркістан уәлаяты газетасы” мен “Дала уәлаяты газетасы” сияқты биліктің шоқпарын соққан басылымдарда жарық көрсе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сияқты өз заманының озық ойлы, алдынығы қатарлы қаламгерлерінің шығармашылығынан қазақ өмірінің мұны мен зарын айқын аңғарамыз. Оның ұлтымызға тиген зобалаңынан М. Мырзахметов [10], М. Мағауин [11] сияқты тарихшылардың еңбектерінен нақты фактілер арқылы таныс болсақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығынан осы бір бодан дәуірдің кесапатын көркемдік тұрғыдан пайымдай аламыз. Енді ақынның нақты ұлт басындағы қайғыны “әділ патша” туралы ұлттың ұлы арманымен ұштаса төгілтуін төмендегідей өлең жолынан бағамдаймыз:

Сөйлесе, жұрт пайдасын, білген ерлер,

Хакімдер атып тастар көзін жойып.

Қалайша Россияның ғәділдігі

Мүшелер терімізді қойша сойып?![6, 5б] -

деуінде ақын өмір сүрген дәуірдің шынайы суреті бір ғана тармақтық штрих деталь ”қой сою процесімен” беріледі. Бұл ойдың астары ақынның азаматтық лирикасында кейін бұдан да тереңдетіліп, Ақ патшаны – қойшы, оның империясының құрамындағы езіліп жаншылған бодан елдерді – қой бейнесінде беруімен айшықталады. Бұл сияқты белгілі бір ұлттық нақышты тұрақты қолдана отырып, бұрынғысынан да асырып, бұрынғысынан да көркемдеп әспеттеп беру Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзіндік дербес қаламгерлік стилінен хабардар етеді. Бұл туралы Шоқан Уәлиханов: “Орыс бастықтарының әрбір әрекетінен қазақтар тек қана қастық, бостандығымызға, тұрмысымызға қол сұғатын озбырлық деп білген”[12,132б]. Ал Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір сүрген дәуірде орыс отаршылары өз дегенін қазаққа орындататын уақыт туып, қарсы тұрушылар қатары мүлдем сирей түскен заман еді.

Осындай сөз ойнату ерекшелігінің ертеден келе жатқан дәстүр екендігін академик Зәки Ахметов: “Теңеу, балама бейнелер – метафора мен метонимия, түспалдап суреттеу тәсілдері – аллегория мен символ, әсірелеу тәсілдері – гипербола (зорайту), литото (кішірейту), табиғат құбылыстарын жандандырып кейіптеу тәсілі (олицетворение), сөзді керісінше мағынада алатын сықақтау тәсілі (ирония) – осының бәрі де не салыстыру негізінде, не қалайда екі нәрсені өзара жалғастық, жанасымдылығы негізінде астарлы мағына тудырады, бір мағынаны екінші мағынамен алмастырады”[13, 34б] деп сөз етеді. Біз ақын қолданған сөзден бұрынғы ескінің енді бой көрсете бастаған жаңаша қолданылумен астасуын байқаймыз.

Ақын жұрттың бәрі жабыла мақтанған Кеңестік дәуірдің болашағына күмән айтуы ұлттық әдебиетіміздегі Асан Қайғының, Бұқар жыраудың болашақты болжауымен үндесетіндігін енді ғана ашып айтатын болдық.

Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма,
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай [2, 24 б]-
деген Асан Қайғы жұмбағын, Бұқар жырау:
Құбыладан келер бір көпір,
Аузы-басы жүн көпір[14, 203 б]-

деп, шешсе, өз кезегінде Кеңес үкіметінің түптің түбінде құлауын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:

Жұрт көрді –Құдай ісі оңайлығын,
Қысы-жазы тығын жоқ, күнде шығын.
Пенде асығып, жеткенше тарығады,
Құдай өзі көрсетпек – Құдайлығын!..
Деп жүрміз: “Құдай бар!-деп, бір,-деп,-“күшті!”
Сол сөзде болып кетті-ау дәл екі ұшты!

Анық көңіл бекиді қарарланып,

Құдайлық, таң қалғандай, көрсетсе істі! [15, 81-82 бб]

- деп зорлыққа құрылған үкіметтің түптің түбінде құлайтындығын көрегендікпен айта білуі ұлттық әдебиетіміздегі дәстүр жалғастығын танытып тұр емес пе!? Ақын осы ақын абыздығын сөзбен тұспалдап айтуды ұлттық салт-дәстүріміздегі ұғым-түсініктер арқылы көркемдеп беріп отыр.

Қазақ даласында мыңжылдықтар арасында орын алған мәдениеттер мен діндердің аралас-құраластығы әдеби-мәдени алмасуларға ұласты. Осы алмасулар ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы әдеби үдеріске араласқан қаламгерлер шығармашылығында бой көрсетті. Бұдан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығы да тыс қала алмады.

Осының шынайы ғылыми тұрғыда зерделенуін белгілі қоғам қайраткері Иманғали Тасмағанбетов өзінің Т. Сұлтановтың “Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана” кітабына жазған алғы сөзінде: “Проблемы формирования исторического самосознания является комплексной и требует совместных усилий писателей, журналистов, политических деятелей и особенно ученых – того мощного пласта неординарных людей, которые обладают масштабным мышлением, научным складом ума и способностью просчитывать на много ходов вперед динамику социально-исторических процессов. Нужны исследования по философии истории, социальной мысли. В стремлении пропустить факты через социальное мышление, подвергнуть их теоретическому анализу и реализуется социальное мышление ученого, важнейшая задача которого сегодня - дать объективный анализ допущенных в прежние годы искажений исторических фактов. А это невозможно без обращения к опыту мировой исторической мысли, к концептуальным направлениям в дореволюционном и послереволюционном российском и казахстанском отечественном историознании, без активного развития восточного источниковедения и восточной историософии” [16, 86] дегенінен шығармашылығы ислам дінімен және шығыс әдебиетімен тікелей байланысты ХІХ-ХХ ғғ. ақындардың шығармашылығын зерттеу объектісі етіп алған ғалымдар да тысқары қала алмайды. Осындай зор міндет ХІХ-ХХ ғғ. әдебиетінің тарихын зерттеуші ғалымдарға да жүктеліп отыр.

Кенес қазақ әдебиетінің зерттеушісі Жармағанбетов: “Ұйткені олардың бір тобы (Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Мұхаммеджан Сералин т.б.) революция жылдарында қоғам өмірінде болып жатқан теңдесі жоқ ұлы өзгерістердің түп мақсатына көзі жетпегендіктен, дауылдың артын күтіп тоқырасып қалды” [17, 15 б] деп орынды атап көрсетеді. Біз өтірікті – шын, шынды - өтірік деп жырлауға қаламгерлік ар-ожданы жібермеген Мұхаммеджан Сералиннің әдеби үдерістен саналы бас тартуын оның қаламгерлік ерлігі деп бағаласак, ақ патша саясаты мен қызыл отаршылдық дәуірді сынаудан тайсалмаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қаламгерлік ерлігіне орынды бағалау жасауды,

үлттық болмысты айқын таныта алуын С. Сүтжан [18], Г.Жүсіпова [19], Е. Жүсіпов [20] т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінен ұшыратамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. – Алматы: “Санат”, 1996. – 336 бб.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы, 1991, 221 б.
3. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Ас.: «Фолиант», 2002.
4. Изеуитов А. Проблема психологизма в эстетике и литературе // Проблема психологизма в советской литературе. – Л.: Наука, 1970.
5. Гегель Г. Энциклопедия философских наук. Философия духа. – М., Мысль, 1977.
6. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том Павлодар қ.: “ЭКО” ҒӨФ, 2004-535 б.
7. Лихачев Д. С. Человек в литературе Древней Руси. Изд-во “Наука” М., 1970. – 179 с.
8. Жұртбай Т. Бесігінді түзе // Жұлдыз
9. Чаадаев П. Я. Жизнь и мышление. СПб., 1908.
10. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды? - Алматы, 1993. - 128 б.
11. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы, 1994, 192 б.
12. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. Алматы, 1985, 560 б.
13. Ахметов З. Поэзия шыны – даналық. Астана: Фолиант, 2002.-408 б.
14. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды). Құр: М. Мағауин, М. Байділдаев. Алматы, 1991. - 380 б.
15. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том Павлодар қ.: “ЭКО” ҒӨФ, 2004-535 б.
16. Т. Султанов Т. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. –Алматы: - Дайк-Пресс, 2001.-276 – (Казахстанские востоковедные исследования).
17. Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі, Қазақ ССР ҒА баспасы А., 1948.
18. Сүтжан С. Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.
19. Жүсіпова Г., Мәшһүр – Жүсіп дастандары: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.
20. Жүсіпов Е. Мәшһүр – Жүсіп шығармаларындағы шығыс әдеби дәстүрі: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.

Резюме

В статье рассматриваются национальные особенности в произведениях Маашхур – Жусип Копеева.

Resume

In this article examinations the national uniqueness in compositions of Mashhur – Zhusip Kopeev.

ӘӨЖ 882.151.212.2

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ ПЕН СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ДӘСТҮРІ

А. Үсенова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.

Ұлы Отан соғысы әкелген зұлматтар, майдан шебі мен тылдағы еңбек майдандары қоғамға және өнерге жаңа мазмұн әкелді. Бұл кезеңде көтерілген тақырыптарда ерлік пен өрлік, елдік пен адами сезімдер астасып жатыр. Поэзияда лепті, көтеріңкі әуен және лирикалық әуендер орын алды. Сондай-ақ ойлы, сезімді жырлардың құрылымдық негізі ырғақтық- интонациялық жағынан құнарлы еркін өлеңдерге көп жүгінді. Сондықтан соғыс кезеңі поэзиясының алдыңғы қатарында соғыс даласында болып, оның барлық азабы мен қасіретін көрген жауынгер ақындар: Ә.Сәрсенбаев, Қ.Аманжолов, Ж.Саин, Д. Әбілев, С. Мәуленов, А. Жұмағалиев, Қ. Бекхожиндер болды. Олар өлеңдеріне арнайы түр іздеген жоқ. Олардың өлеңдерінің сыртқы пішіні ішкі болмысымен бірге пайда болғандықтан бір - бірінен ажырағысыз, шымыр шықты, яғни түрінің өзі мазмұнға айналды. Өмірдің шындығы ұсынған мазмұн өзіне лайық пішінмен туатыны белгілі. Бұл кезеңде өлеңдер жазу үшін жазылмайтын, «жазбауға болмайтын жағдайда»] ішкі қажеттіліктен, шын шабыттан туындағандықтан, олардың поэзиясы сезімді, ойлы.

Қ.Аманжолов өлеңдерінде жаңа ырғақтық- интонациялық құрылымдар мол орын алды. Оның ең бастысы «Дариға, сол қыз» өлеңіндегі он буынды өлшемнің 5+5 сұлу кестесінің пайда болуы. Бұл өрнек негізі 3+2+3+2 болғандықтан туатын мәнер толқынды. Өлең мазмұнындағы сағыныш, іңкәрлөк сезімдерін жеткізуге аса оңтайлы, өлеңнің ішкі сарайына дөп түскен өлшем болғандықтан тамырын тереңге жайып, өміршең мінез танытты. Бұл өлең майдандағы солдаттардың жан сырына айналды. Дариға есімі солдат аңсаған қыздың типтік бейнесі деңгейіне көтерілуі мазмұн мен түр тұтасқан

сұлулығының, сезімділігінің, әуенділігінің нәтижесі екендігінде дау жоқ. Ақын М. Мақатаевтың соғыс тақырыбындағы кесек те кемел жырының «Дариға жүрек» аталуына ақын өлеңінің әсері болғаны анық. «Қасым Аманжолов қазақ поэзиясында бар өлең түрлерін түгел игерген ақын. Ол халық поэзиясының жеті буынды жыр үлгісінен бастап, он бес- он алты буынды болып келетін көп буынды өлең түрін, Абай өлеңдерінің үлгісін қолданып, көп өлең жазып, мол мұра қалдырған ақын.

Ал түрдегі жаңалық, өлең құрылысындағы шын жаңалық буын санын жаңартуда, соған орай ұйқасты сөз кестесін, ою- өрнекті жаңартуда. Бұл жағынан келгенде де поэзиямызға Қасым әкелген жаңалық жоқ емес. «Мартбек», «Дариға, сол қыз» өлеңдері арқылы қазақ өлең құрылысында Қасым Аманжолов өлеңінің он буынды жаңа түрін енгізген. Қазақ поэзиясында он буынды өлең тармақтары халық ауыз әдебиеті, кейбір жазба әдебиет нұсқаларында, Сәкен («Ленин»), Ілияс («Жастар заманның гүліміз») творчестволарында кездеседі. Бірақ, оларда бұл жеке тармақтар ретінде ғана кездеседі. Ал Қасымға дейін он буынды өлең түрі қазақ поэзиясында өз алдына дербес түр ретінде бекіп, орныққан жоқ-ты» [2,261]. деген Қасым шығармашылығын арнайы терең зерттеу объектісі еткен ақын, зерттеуші Т. Абдрахманова Қасымның өлең құрылымдағы жаңашылдығын айқын көрсетеді. Сәкен мен Ілияс Шәкәрім сияқты он буынды өлшемнің келісті өрнегін таба алмады. Сондықтан Шәкәрімнің 3+4+3, Сәкеннің 4+4+2, Ілиястың 2+5+3 өрнектері бунақтардың сабақтасу заңдылығына сай келмегендіктен, интонациялары мазмұнмен еркін үйлеспей, тежеліс тудырғандықтан, табиғаты оралымсыз болғандықтан поэзияда дәстүрлі өлшем ретінде беки алмады.

«Төлеутайға» деген өлеңінде жалпы қазақ өлеңінде аса сирек ұшырасатын жеті буынды өлшемнің 3+4 өрнегі көрінеді. Дәстүрлі қазақ өлеңінің қырылымдық негізі жеті буынды өлшемнің 4+3 өрнегі болатын. Аз буынды бунақ көп буынды бунақтан бұрын орнығып, өлеңнің ырғақтық жүйесін түзе алмайтын. Бұл өрнек мақал- мөтел, жаңылтпаш сияқты шағын жанрларда ғана көрінетін. Ал мына шумақтарда ырғақ ауырлығы білінбейді, интонацияда тежеліс тумайды.

Төлеутай, //досым-күрбым,
Япыр-ай, // тірі екенсің!
Қалың өрт, // қанды қырғын
Ішінде //жүр екенсің,
Ұмытпай //жүр екенсің,
Аз досым // бір екенсің [1,72].

Ақынның жеті буынды өлшемнің жаңа сабақтастығын өлеңнің құрылымдық жүйесіне енгізуін ақынның түршілдік жаңашылдығы ретінде танып, ақынның түршілдік шеберлігі өз деңгейінде бағалануы тиіс.

Сондай-ақ Қ.Аманжолов қазақ өлеңінің дәстүрлі өлшемдерін сабақтастыру арқылы өлең интонациясын түрлендірді. Дәстүрлі он бір буынды өлшемнің 4+4+3 және жеті буынды өлшемнің 4+3 өрнектерінің еркін, жұмыр қиысуынан толқынды, бірқалыпты, сұлу мәнер туады. Бұл екі өрнек сабақтастығы жыраулардың айнымалы ырғаққа құрылған толғауларынан белгілі. Әйтседе жыраулар поэзиясында бұл сабақтастық ырғақтық-интонациялық жүйе болып беки алмаған-ды. Ақынның аталған құрылымдық өрнектері қазіргі қазақ ақындарының өлеңдерінің ырғақтық-интонациялық негізі болып қаланып жүргені алдағы тараулардың әңгімесі.

...Ақын деген қызық жан ғой кей кезде
Жансыз затпен сырласар.
Жансызға жан берейікші дейміз де,
Көп болған соң жансыздар... [1,96]

«Өтеді күндер, өтеді жылдар» өлеңінде бұл сабақтастық он және жеті буынды өлшемдердің 5+5 және 4+3 өрнектерінің біртұтас ырғақтық бірлік түзуінен көрінеді.

Өтеді күндер, өтеді түндер,
Өтеді жазым зымырап.
Соғады дауыл, солады гүлдер,
Сарғаяды жапырақ [1,12].

Қасым поэзиясының осындай өлшемдер сабақтастығы да қазіргі қазақ поэзиясының құрылымдық жүйесіне берік орнықты. Оған дәлел Е.Раушанов, Г.Салықбай, Б.Қошым-Ноғай сияқты қазіргі қазақ поэзиясының өкілдерінің шығармаларының басым бөлігі 10-7 буынды өлшемдердің сабақтастығына негізделген.

Жалпы академик С.Қирабаев Соғыс кезеңіндегі әдебиет, соғыстан кейінгі әдебиет, жаңғыру кезіндегі қазақ әдебиеті (1956- 1967) деп дәуірлерге бөлген кезеңдерде қазақ өлеңі тақырыптық- идеялық, көркемдік- бейнелілік тұрғысынан ғана емес, ырғақтық- интонациялық, әуезділік- әуенділік сипаты тұрғысынан да ізденістер мол болды. «Бұрын саясатқа құрылған науқандық өлеңдердің үгіттік сипатына көбірек көңіл бөлінсе, енді жалпы адамның рухани тіршілігіне, оның қуанышы мен қайғысына, сүйіспеншілік сезімдері мен табиғат сырластығын жырлауға мүмкіндік туды» [3,150]. Бұл кезеңде он бір буынды, он, тоғыз, сегіз, жеті буынды өлшемдерге құрылған өлеңдермен қатар еркін өлеңдер көп көрінді. Дәстүрлі өлшемдердің үлес салмағы тоғыз, он буынды жаңа өлшемдер мен айнымалы ырғаққа құрылған еркін өлеңдерге қарағанда басым болды.

Соғыстан кейінгі кезеңдерде ақындардың көпшілігі өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесін түрлендіруге баса назар аударды. Ақын ойы өзінің келісті мәнерін тапқанда ғана ерекше түрленіп көрінеді. Әр ақын өзінің айтар ойына дөп келетін түрді таппай қоймайды. Бұл бағыттағы ізденістің

нәтижесі ерікті өлендердің сан қилы үлгісінің пайда болғандығын айта отырып, Д. Әбілевтің «Айтшы, теңіз, сырынды», Ә.Сәрсенбаевтың «Сен құрметте оны», Ә.Тәжібаевтың «Құрдасқа», Қ.Бекхожиннің «Аралат ұлына», С. Мәуленовтың «Адам өлмейді», Т. Бердияровтың «Ауылдың жолы» деген өлендерінің ырғақтық- интонациялық жүйесін академик З.Ахметов терең талдап көрсеткен-ді. «Жоғарыда аталған, талданған шығармалар осы бағыттағы творчестволық ізденістердің бастамасы ғана, оларды ерікті өлең түрінің қазақ поэзиясында орнығу, өркендеу мүмкіндігі, келешегі бар екенін танытатын жеке нұсқалар деп қарау орынды» [4,213]. Сонымен бұл кезеңнің қазақ өлең құрылымына әкелген жаңашылдығы ерікті өлең түрлерінің үлгілерінің сапалық түрленуі.

Өлең интонациясын құнарландырып, өлшемдердің сабақтасу мүмкіндігінің молдығын дәлелдеген ақынның көрнектісі С.Мәуленов болды. «Әдеттегі өлең жырдың бунақтық- ырғақтық (силлабо-тоникалық) өлшемдерін Сырбай ақын саздың сан қырлы әуезімен құбылтады»[4,215]

Ұзақ жолда // жүргенде -7

Найзағай ойнап,-5

Туа қалса// басыңа күн,-7

Сен қорықпа,-5

Мен қасындамын.-5

Тұманды// түндерінде-7

Алға бас,// ілгеріле,-7

Сен қорықпа,-4

Мен қасындамын.-5 [5,60]

Тоғыз буынды тармақты шумақ екі түрлі ырғақтық, семантикалық, синтаксистік құрылымдарға жіктеледі. Алғашқы семантикалық-синтаксистік бір құрылымда жеті, сегіз буынды тармақтар 4+3 және 4+4 өрнегімен көрінсе, өзгесі бес буынды дербес құрылымдар. 7-5-8-4-5 буынды ырғақтық-интонациялық бірлік құрамындағы бес тармақты бес буынды бунақтар өлендік өлшемге жинаса, жеті, сегіз буынды өлшемдердің әртүрлі кестесі және тармақтарда ұйқасушы негіздердің болмауы проза стиліне тартып интонацияны түрлендірген. Екінші құрылымға енетін төрт тармақтың екеуі 3+4 өрнекті, соңғы екеуі төрт және бес буынды жеке тармақтар. Жеті буынды өлшемнің бірыңғай 3+4 болуы және олардың өзара ұйқасуы өлендегі интонацияның жинақы болуына әсер етеді.

Мен сені// желпіген// желмін,

Мен сені //көтерген// жермін,

Мен сені// шайқаған// көлмін.

Бірге өтеміз// өмірдің //асуларын

Сен қорықпа,

Мен мәңгі// қасындамын.

Шумақтағы үш сегіз буынды тармақтың өлшемі 3+3+2 және олар синтаксистік параллел қатарлар түзеді. Осы тармақтарда ақын өлеңі мазмұндық шарықтауға жетіп, лирикалық кейіпкер «Сен қорықпа» деген қолдау сөзден көшіп, өзінің нақты ролін айқындап береді. Соңғы үш тармақта 9-4-7 буынды ырғақтық сабақтастықтар арқылы өзінің ойын өзгеше кесімді қайталап, өлеңді тиянақтайды. Мазмұн динамикасына сай ырғақ динамикасы да өрістеп, түрленіп көрінеді. Ақынның «Биылғы жаз жаңбыр боп өтті» деген өлеңі де құрылымдық жағынан жаңа ырғаққа бай.

Биылғы жаз// жаңбыр боп өтті,-9

Ұсақ балапан// жаңбырлар-8

Мөлдір жаңбырлар//

Теректерге// жауды да кетті -9.

4+5 / 5+3/ 5/ 4+5/ өрнектердің сабақтастығына құрылған шумақтың ұйқас өрнегі де жаңа- абба. Тоғыз буынды өлшемнің бұл өрнегін ең алғаш Шәкәрім «Анадан алғаш туғанымда» өлеңінде сегіз буынды өлшемнің 3+2+3 өрнегімен сабақтастықта қолданған-ды. Шәкәрімнің өзінде де, өзге ақындардың шығармаларында да бұл кесте қайта көрінбегенді. Сегіз және бес буынды өрнектер бір-бірін нақтылап шумақтағы ой субъектісі болса, оның кимылы мен бағыт-бағдарын айқындайтын негіз тоғыз буынды өлшеммен берілген.

Сенің толқын// шашыңа,-7

Сол жаңбырлар// меруерттей// тізіліп қалды.-13

Есіңде ме// тау басында -8

Көзіңнен //бір моншак// үзіліп қалды.-11

Шықпайды// тіпті есімнен-7

Ол былай еді:-5

Көк төсінен//4

Мөлдір моншақтар -5

Төгіліп// құлай берді,-7

Төгіліп //құлай берді.-7

Шумақтың ырғақ кестесінің күрделілігі сондай, бір-бірін дәл қайталайтын кесте жоқ. Осындай қайталанбайтын ырғақтар арқылы шумақ интонациясын түрлендірген. Шашыңа-басында, тізіліп қалды-үзіліп қалды, тіпті есімнен- көк төсінен деген шалыс ұйқас ретімен байланысқан ұйқасушы негіздер өлеңдік шегін айқындап тұр. Соңғы тармақтың екі рет қайталануы эмоционалдық бояуын арттыруы үшін пайдаланған.

Жалғыздығыңды// сол емендей-9

Есіңе алдың.// Жас күнін// ұшты заулап-11

Көзіңді// көлегейлей-7

Бір тамшы жас// ұшты аунап.-8

Еменнен көрдің// өз тағдырыңды,-10

Төктің моншак// жаңбырынды.-8

Жаз көркін// ашу үшін-7

Шалғынға бөлеп,-5

Жан өргін// басу үшін-7

Жаңбыр да керек.-5

Биылғы жаз //жаңбыр боп өтті. -9

Ақынның өлеңнің құрылымын түрлендіру шеберлігі осы бір өлеңінен-ақ танылады. Сан түрлі ырғақтық кестелер өзара еркін сабақтасып, бірін –бірі қайталайтын күрделі ырғақтық тұтас құрылымдар, яғни шумақтар жоқ. Биылғы жаздың жауған жаңбыры мен лирикалық кейіпкердің жан дүниесін жуған жас арасындағы үндестік өлеңнің композициялық құрылысын ғана емес архитектуралық сипатын да айқындайды. Жалғыздығы жанына батып, жаны өртенген жанның күйін ширақ түрленген интонация арқылы білдіру өлеңнің жан сарайын ашу үшін мақсатты түрде таңдап алынған тәсіл. Табиғаттың жаңбыры мен адамзаттың көзжасының мәнісін соңғы шумақта түйіндейді. Ақын байламы бойынша, жаңбыр жауса, табиғат түлейтініндей, адам да жан жарасын жасымен жуады.

Сен мені //жұбатасың,

Мен сені //жұбатамын,

Кетпеген// балалығы,

Кейпінді //ұнатамын

-Сен мені// ойладың ба?

Түсімде// көрдім.

Тобылдын// қойнауында,

Тобылғы// ішінде// көрдім

Бұл шумақтың ырғақ негізі 3+4 болса, арадік ұшырасатын, 4+3 және 3+3+2 өрнектері интонацияны түрлендіреді. Қасым өлендерінде өзге ырғақтық құрылымдармен сабақтастықта көрінетін 3+4 өрнегі ақын Сырбай Мәуленов өлеңінде ырғақ жасаушы негізгі өлшем ретінде көрінеді. Үш буынды бунақтан соң төрт буынды бунақ орналасса да ырғақ ауырлығы білінбейді, керісінше жеңіл еркін ырғақ ағысы байқалады.

Түндерді көрдім,

Жанған күндей

Күндерді көрдім

Қаранғы түндей.

Не дейсін маған одан бөтен

Суды іштім удай

Содан ба екен?

Шашым ақ құдай. [5,62,]

Өлең бес буынды өлшемнің 3+2 және төрт буынды өлшемнің 2+2 өрнектерінің жүйелі сабақтастығына құрылған. Өлең өлшемдері қысқа аз бунақты болса да, өлең мәнері нық, ширақ емес. Қысқа құрылымдардан тұратын ырғақтық жүйенің мәнері көбінесе, келісімсіз, үзілмелі әсер қалдыратын. Ал бұл өлеңде бес және төрт буынды өлшемдердің жүйелі алмасуы, әрі олардың өзара шалыс ұйқас арқылы байланысуы, сондай-ақ екі өлшем түрінің бір ырғақтық-синтаксистік бірлік құруы оның интонациясының ширақ, толқынды, келісімді болуына орайласады. Сонымен «Сырбай Мәуленов те өзіндік мектебі бар, дәстүрі бай ақын қатарына кірді» [2,36].

Қазақ поэзиясының құрылымдық дамуының белесті кезеңі болып саналады. Ол кезең ақындарының есімі соңыс дәуірімен байланыстыру шартты. Себебі ол ақындардың көпшілігі соғыстан кейінде ұзақ шығармашылық жолын өткерді. Біріақ соғыс кезеңінде олардың аса жарқын жырлары өмірге келді. Соңыс кезеңінің әдебиеті аса сыршылдығымен белгілі. Себебі адамзаттың ізгі сезімдерінің барлығы ізгілік пен азаматтыққа қатер төндірген соғысқа қарсы тұрды. Әкесін күткен жас бала, жарын күткен жас ана, перзентін сарылы күткен ата-ана, артындағы елі мен жеріні, отбасының амандығы үшін басын өлімге тіккен ұландар жүрегінде сағыныш, қорқыныш, қимастық, махаббат сияқты сан алуан сезімдер арпалысы жүріп жатқан кезең қазақ поэзиясындағы лириканың тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелілік, ырғақтық-интонациялық жүйесінің жандануына өріс ашты. Бұл кезең қазақ өлеңінің құрылымдық жүйесіне Қасымның он буынды өлшемінің 5+5 өрнегінің, жеті буынды өлшемнің 3+4 өрнегінің, сондай-ақ 11-7, 10-7 буынды өлшемдерінің сабақтастығының құрылымдық айналымға енуі үлкен жаңалық болып, бұл өлшемдер одан кейінгі ақындардың өлеңдерінің негізгі құрылымдық өрнегі ретінде берік қаланып, жалпы қазақ поэзиясының ырғақтық-интонациялық жүйесінен өз орнын ала алды.

Сырбайдың қазақ өлең жүйесіндегі қысқа өлшемдерді шебер пайдаланғанымен ерекшеленеді. Абай, Шәкәрім, Сәкен өлеңдеріндегі қысқа тармақтар нық, шалт, үзілмелі интонацияға негіз болса, Сырбайдың қысқа өлшемдері ширақ, жеңіл, толқынды мәнерге ие болады. Ақынның қысқа өлшемдер туралы мына пікірі оның сол мәнерді табу жолында арнайы ізденгенін байқатады: «Қысқа өлең шеберлік тандайды. Ол басы артық сөзді, құрғақ баяндауды көтермейді: онда әрбір сөз дәл бедерленіп, әрбір ой дәл ұшталып, ұшқырланып, оқушының жүрегін дірілдетіп, уысында ұстауға тиіс.» Бұл сөздер ақынның құрылымдық талғамының биік екендігінен де хабар береді. Оның «Ақ түн», «Түбірлер», «Түндерді көрдім», «Ұйқыдан соң» аты өлеңдері қысқа тармақтардың сазын келістіріп келтіре алғандығымен құнды.

Ақын «Түбірлер» өлеңінде оқырмандағы түбірлерді соғыс салған қасіреттің символындай бейнелейді. Күрсініс пен күніреніске толы ауыр тақырыпты ақын Сәкен салған тоғыз буынды өрнектерді тасымалдың түрлі бунақтық позициясын жасай отырып, жеңіл де, ширақ мәнермен жырлайды.

Көрінеді
 Орманнан
 Түбірлер.
 Айрылған
 Аяқ- қолдардан
 Түбірлер.
 Мүгедек солдат секілді
 Түбірлер.
 Оқ жұлғандай етімді
 Жүрегім тулап дүбірлер,
 Кезеріп ернім күбірлер.
 Соғыс не?!
 Менен біліндер,-
 Деп тұрғандай түбірлер.

Ақын бұл өрнек тудыратын мәнер арқылы түбірлер қорқынышының сазын естірткендей. Өлең мәнері, ширақ болғанмен, толқынды емес, кілт тоқтағандай әсері бар. Қазақ поэзиясында соғыс салған жараларды шынайы, анық, бейнелі, әрі өзіндік үнімен жеткізудің сәтті үлгілерінің бірі осы өлең.

С. Мәуленов поэзиясы лиризмге толы, адамның ең ізгі сезімдерінің жасампаздығын танытатын шығармалар. «Сырбай тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған кезеңге көтеріп бере алған кемел құбылыс. Бұл тұрғыдан келгенде, Сырбай қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі... Тек қана өзі емес, бүкіл ұлттық әдеби болмысқа өзінің өзінің ізін, әдеби өнегесін тастаған адам ғана осындай атқа лайық болуға тиісті.» [6,36] деген заңғар жазушы Ә. Кекілбаевтың ақын туралы тұжырымы оның талантының өлшемі іспетті. Сырбай лирикаларының ішкі тақырыптық тараулары мен көркемдік жүйелері көп ғалымдардың зерттеуіне арқау болып, өз деңгейінде талданған-ды. Ал оның түршілдік шеберлігі, өлеңінің ішкі сезімен сай өрнегінің өрілу ерекшелігі кең талдауды қажет етеді. Ол өз кезеңінің құрылымдық деңгейін көрсете алардай дәрежедегі шебер ақын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аманжолов Қасым. Дарига, сол қыз. Өлеңдер мен поэмалар.- Алматы. Раритет, 2005.
2. Әбдірахманова Т. Қасым Аманжоловтың поэтикасы.- Алматы: Ғылым, 1976
3. Қирабаев С. Тәуелсіздік өрісі. Әдеби зерттеулер мен мақалалар. 1-том.-Алматы: Қазақпарат, 2008. -250б.
4. Ахметов Зәки. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002-408 б.
5. Мәуленов С. Өлеңім- өмірім менің. Жыр жинағы – Алматы: Санат, 1997 - 576 б.

6. Абдрахманов С. Жиырмасыншы ғасыр жырлайды: Қазақ поэзиясының антологиясы. «Алтын қор» кітапханасы.- Алматы: Раритет, 2007 - 520б

Резюме

В статье рассматриваются ритмико- интонационные системы стихов К.Аманжолова и С.Мауленова. Также анализируются особенности их новаторства, широко используемые современными поэтами.

Resume

In article are considered rhythmically - intonational systems of verses K. Amanzholov and S. Maulenov. Also, analyzed widely used by modern poets features of their innovation.

УДК 811.111:81'255

СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ МОДЕЛИ АББРЕВИАТУР И СОКРАЩЕНИЙ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

И.М. Ушаков

Павлодарский государственный педагогический институт

В английских научных и профессиональных текстах значительное место занимают самые различные виды сокращений. Поскольку они функционируют самостоятельно, фиксируются в лексикографических источниках и нередко становятся более известными, чем их источники (radar радар, sonar сонар, laser лазер), их можно считать лексическими единицами научно-технического языка. В английском и языке сокращения, по звуковому и графическому оформлению, принято делить на аббревиатуры и акронимы.

Аббревиатуры (abbreviations) образуются от начальных букв знаменательных слов словосочетания: AA (antenna array) антенная решетка, RWM (read-write memory) оперативная память, kVA (kilovolt-ampere) киловольт-ампер. При их произнесении по названиям букв ударение падает на последнюю букву. Буквы сокращения могут быть написаны с точками, но в современном английском языке их обычно избегают [1].

Акронимы (acronyms) представляют собой сокращения, которые, в отличие от аббревиатур (читаемых, произносимых и воспринимаемых по

названиям букв), читаются и воспринимаются как обычные лексические единицы. Акронимы образуются из разных сочетаний букв (из первых букв, от первых нескольких с последней и др.) [2]. К ним относятся приведенные выше термины-сокращения radar, laser, maser. Отметим, что переводческими соответствиями этих единиц в русском языке являются именно эти акронимы, а не многословные термины: radar (Radio Detection and Ranging - радиообнаружение и определение расстояния), laser (Light Amplification by Stimulated Emission of Radiation - оптический квантовый генератор), maser (Microvave Amplification by Stimulated Emission of Radiation - микроволновое усиление с помощью индуцированного излучения). Эти сокращения (акронимы) перенесены в русский язык как новые термины методом транслитерации. Такие единицы легко входят в терминологию и быстро ассимилируются в языке.

К акронимам следует отнести термины, образованные методом стяжения или усечения двух слов и объединения их в одно. По модели сложных слов: blends или portmanteau words (слово-гибрид, образованное путем контракции двух основ), возникают новые сложные термины из двух слов путем соединения начальной части одного слова с последней частью второго слова: tranceiver - приемопередатчик (transmitter + receiver), informatics - информатика (information + electronics). В научно-технических текстах используются сокращения двух видов:

Текстовые (авторские), которые функционируют в пределах только данного текста; текстовые (авторские) сокращения поясняются в тексте или представляются в виде отдельного списка сокращений к данному тексту; общепринятые, которые фиксируются в официальных справочниках и являются частью лексической системы языка. Сокращенное употребление длинных однословных и многословных терминов есть результат действия тенденции, приводящей к созданию удобных для произношения, чтения и восприятия терминов-сокращений.

По структуре научно-технические сокращения можно разделить на [2, С. 52]: буквенные: В (bandwidth - ширина полосы частот), Е (electric field strenght - напряженность электрического поля), РР (periferal processor - периферийный процессор), DOS/VС (disk operating system/virtual storage - дисковая операционная система, реализующая виртуальную память), Dwg (drawing чертеж, рисунок), tmtr (tr) (transmitter - передатчик); слоговые: magamp (magnetic amplifier - магнитный усилитель), magtape (magnetic tape - магнитная лента), preamp (preamplifier - предварительный усилитель); усеченные слова: rect (rectifier - усилитель), app (apparatus - прибор, аппарат), aut (automatic - автоматический), man (manual, manually - ручное, вручную); буква (слог) + слово: compole (commutating pole - вспомогательный или дополнительный полюс), NC programming language - язык программирования для систем числового программного управления); буквы и слоги (слоги и

буквы): Abs E (absolute error - абсолютная ошибка), Bur(of)Stds (Bureau of standards - бюро стандартов), cir bkr (circuit breaker - выключатель); буквенно-цифровые: A1 (A one) -первосортный, PC (microprogrammable computer - ЭВМ с микропрограммным управлением).

